4. Жакашев Б. Р. Диверсификация деятельности предприятий АПК на основе кластерного развития//Проблемы агрорынка. — июль — сентябрь 2015.-с. 33.
5. Ескараев О. К. Закономерности и тенденции развития кластеров в Республике Казахстан//Проблемы агрорынка. — 2006. — № 1. — с. 24.
6. Мырзалиев Б. С. и др. Кластеры как новая форма конкурентных отношений в современной экономике. Монография. Алматы, 2013 г., 272 с.

Регулирование рынка труда в РК и мировой опыт регулирования рынка труда и политики занятости в зарубежных странах

Калтаева Сауле Ануарбековна, кандидат экономических наук, доцент;
Самаликова Айнур Махатаевна, старший преподаватель
Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Яссави (г. Туркестан, Казахстан)

Политические и экономические реформы в развивающихся странах привели к развитию широкомасштабной миграции рабочей силы. Все эти факторы в комплексе сформировали ряд отличительных признаков сферы занятости населения:

1. Формирование глобального рынка труда, характеризующегося активной динамикой рабочей силы между государствами, испытывающими ее нехватку, и странами-поставщиками трудовых ресурсов; 2. Возникновение новых форм занятости, адекватных современному уровню развития информационных технологий и коммуникаций; 3. Повышение требований к качеству рабочей силы в условиях реализации новых конкурентных стратегий бизнеса, обеспечивающих его эффективность; 4. Перемещение компаний-производителей в регионы и страны, являющиеся потребителями их товаров и услуг, ориентированное на широкое использование местной рабочей силы.

Тенденции, практика и методология организации труда в зарубежных странах также представляет интерес для

Казахстана. Каждая национальная модель рынка труда представляет собой сложную систему, состоящую из микро-систем профессиональной подготовки, переподготовки, роста и квалификации работников, занятия вакантных мест, регулирования трудовых отношений путем привлечения профсоюзов.

Рынок труда Швеции предполагает активную политику Правительства с целью недопущения повышения уровня безработицы в стране. Шведская модель отличается полной занятостью рабочего населения посредством применения инструментов фискальной политики, нацеленной на поддержку менее прибыльных предприятий и сдерживание прибыли успешных фирм для снижения уровня конкуренции между ними в стимулировании роста заработной платы; поддержку работников, которые не в состоянии конкурировать на должном уровне с другими; «политику солидарности» в заработной плате, предусматривающей равную оплату за равный труд вне зависимости от уровня доходности организации либо отрасли; поддержку выбо-

рочных секторов экономики, решающих важные социальные вопросы, несмотря на их низкие экономические индикаторы [1].

Во многих странах профессиональная подготовка является весьма затратным сегментом для частного сектора. Это, как правило, стимулирует государство к софинансированию (от 50 до 80% расходов компаний) путем создания центров профессиональной подготовки в различных фирмах, а также обучения персонала. Так, в Швеции предприятиям, принимающим на работу молодежь в возрасте 16–18 лет (не имеющую полного среднего образования), государственные органы обеспечивают покрытие до 80% издержек, связанных с профессиональным образованием и выплатой заработной платы [2].

Что касается рынка труда Германии, то он нацелен на обеспечение постоянной трудовой занятости рабочего населения страны [3]. Государство нацелено на обеспечение постоянной занятости: заключение тарифных договоров на уровне объединений предпринимателей либо профсоюзов как инструмент координации рынка труда; консультационная поддержка населения по поиску работы, повышение квалификации кадров, обучение; анти-дискриминационная политика в отношении полового различия; страхование и помощь по безработице.

Правительство Франции ведет борьбу с безработицей посредством создания всех условий для максимально гибкого рынка труда, делает акцент на демократичности рынка труда, что подразумевает создание рабочих мест с частичной занятостью, трудоустройство на фиксированный срок на контрактной основе, а также упрощение процедуры увольнений. Власти намерены сократить продолжительность полного рабочего времени до 35 часов в неделю на законодательной основе, что послужит созданию новых рабочих мест и понизит уровень безработицы в стране. Вместе с тем, во Франции действуют льготы по снижению размеров обязательных социальных отчислений.

Японская модель рынка труда построена с учетом национального характера (стабильность, преемственность, способность приспособливаться) и признавалась в мире как одна из наиболее эффективных моделей. Она основывается на принципе «пожизненного найма», которая предполагает трудоустройство работника после окончания им высшего учебного заведения вплоть до обязательного ухода на пенсию (55–60 лет). Размеры социальных премий, вознаграждений и заработной платы варьируются в зависимости от продолжительности трудового стажа. Фирма планомерно осуществляет повышение квалификации своего персонала. Любое перемещение сотрудников на ту или иную должность/позицию

происходит строго по плану. Японская модель предусматривает особую преданность сотрудников, заботу о качестве и имидже компании, трудолюбие, а также творческое отношение к работе. Тем не менее, столкновение страны с рядом экономических трудностей привело к уровню безработицы 4,2% за 3 квартала 2014 года.

Американская модель характеризуется жесткими условиями труда, где сотрудников компаний освобождают от работы в связи с сокращением производства и затратами, вместо попыток сократить количество рабочих часов. Модель построена на поощрении трудовой активности, и в связи с этим длительность рабочего времени не ограничена. В корпорациях США применяются методы достижения активизации человеческого фактора на производстве: программы профессионального развития рабочей силы, программы вовлечения рабочих в управление производством (participative management) — в том числе создание автономных бригад, функционирование кружков качества, и т. п. Руководство страны стремится избежать критического уровня безработицы, который и без того может привести к массовому социальному беспорядку. Рассмотрев статистические данные по уровню безработицы в разрезе рассматриваемых стран, очевидно динамичное снижение уровня безработицы в Германии, результативность и целесообразность использования человеческих ресурсов в стране.

Перечисленные выше модели рынка труда стран Западной Европы, Японии и США не являются статичными. Они поддаются множеству внешних и внутренних факторов воздействия. Таким образом, мировой опыт развитых стран имеет в своем арсенале разнообразные рычаги финансового воздействия на сферу социально-трудовых отношений, используемые для стимулирования сохранения старых и создания новых рабочих мест, а также вовлечение в трудовую деятельность малоконкурентных групп населения.

Согласно «Программе занятости 2020» в 2016 году уровень бедности снизился с 8,2% до 6,0%, уровень безработицы не будет превышать 5,5%. Доля самостоятельно занятых в составе занятого населения снизится с 33,3% до 26%.

Применение инструментов государственного регулирования рынка труда по зарубежному образцу должно осуществляться с учетом специфики казахстанской экономики. Целесообразно продолжение инвестирования государства в развитие и повышение квалификации молодежи. Использование глобального опыта в решении данного вопроса позволит не допустить многих пробелов и погрешностей на пути усовершенствования рынков труда.

Литература:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. Января 2014. «Казахстанский путь — 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее»
2. Программа Занятость — 2020 от 15.02.2011 г. www.enbek.gov.kz
3. Данные Агенства по статистике РК: www.stat.gov.kz

Әлемдік азық-түлік нарығының даму тенденциялары

Қалтаева Сауле Ануарбекқызы, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Дүниежүзілік аграрлық сала ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өндірісі сияқты секторларға ие бола отырып және планетадағы халық санының өсуіне қарай нарықты қажеттілік арта түскен бәсекеге қабілетті өнімдермен толықтыра отырып шапшаң дамуда. Соңғы жарты ғасырда азық-түлікке деген сұраныс төрт есе өскені мәлім.

Азық-түліктің әлемдік нарығының даму тенденцияларына ұсыныс, сұраныс және нарық конъюнктурасының факторлары ықпал етеді. 15 жыл ағымында әлемде ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің орташа жылдық қарқыны 2,2%, дамыған елдерде — 0,2, дамушы елдерде — 3,4, ал дайын азық-түлік тағамдары сәйкесінше — 2,4, 0,4 және 3,7% құрады [1].

Астық қорының жеткіліксіз көлемі әлемдік азық-түлік жүйесінің тұрақтылығының анықтаушы факторы ретінде қалып отыр. 2007–2008 жылдары жалпы қажеттілікке қарағанда ауыспалы қорлардың 18,4%-ға дейін азаюы тұрақсыздық жағдайдың туындауына күшті ықпал етті. 2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы дәнді дақылдар өндірісі көлемінің 8,8%-ға өсуі, оның ішінде: бидайдың — 6,8%-ға, фураждық бидайдың — 9,2%-ға, күріштің 1,9%-ға өсуі қорларды 563,7 млн. тонна немесе 23,0% деңгейінде қалпына келтіруге мүмкіндік береді және азық-түлік нарығының теңгерімдігін реттеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді (кесте-1).

Жан басына шаққандағы орташа табыс пен тұрғындар санының өсуімен шартталған азық-түлікке қажеттіліктің өсуі сұранысты тудырады. 10 жыл ағымында өндірістің жыл сайынғы өсімі 1,7%, ал тұрғындар санының өсімін 1,5–1,8 есе жоғары болжанатындығын ескере

отырып, әлемдік азық-түлік жүйесі әлі де ұзақ уақыт бойы тапшылық жағдайында қызмет ететіндігін атауға болады [2].

Азық-түлік өнімдеріне нақты қол жеткізу мәселесі қоғамның салыстырмалы кедей топтарының табыстарына барабар бағалар бойынша тағам өнімдеріне өспелі қажеттілікті қанағаттандырудың мүмкін еместігімен күрделенеді. Жағдай «агфляция» құбылысымен, яғни инфляцияны күшейтетін шикізат тауарларына қатысты азық-түліктің шапшаң қымбаттауымен тереңдей түседі.

Тәулігіне тек ғана 1000–1800 ккал тұтынатын 1,5 млрд. тұрғынды қамтыған дамушы елдердегі аштық формасы да әлемдік азық-түлік нарығына өз ықпалын тигізеді. 800 млн. астам халық тәулігіне 1000 ккал дейін азық-түлік тұтынады, бұл ағзаның физикалық күйзелуіне алып келеді. Әлем тұрғындарының тек 40% ғана толыққанды тамақтанады.

Тұрғындардың тамақтану рационасында да елеулі өзгерістер орын алып отыр. Сіңімді ақуыз тағамы дәстүрлі дәнді және бұршақ өнімдерін алмастырды. Дамушы елдерде жан басына шаққанда сүтті тұтыну 2 есе, ет — Зесе, жұмыртқа — 5 есеге ұлғайды. Ақуыз тағамдарына сұраныстың өсуі қарқыны дамушы елдердегі тұрғындардың тұрмыстық жағдайының өсуімен жеделдетіліп отыр [3].

АҚШ-та жан басына шаққанда етті тұтыну деңгейі жылына 120,0кг, Германияда — 90,0, Ресейде 81,0кг, сүт және сүт өнімдері сәйкесінше 270,0,425,0 және 263,0.

Ет өнімдерін тұтынудың едәуір өсімі азиялық елдерде күтіледі. Жан басына шаққанда етті көп тұтынушы дамыған елдерде өсім 2050 жылға қарай аз болады, яғни

Кесте 1. 2009–2014 жылдардағы әлемдік бидай нарығының теңгерімділігін бағалау, млн т

Көрсеткіштер	2009/10	2011/10	2012/11	2013/12	2014/13	Өсу қарқыны 2014/13, %
Ресурстардың қалыптасуы және қолданылуы						
Өндіріс	2238,1	2258,8	2357,5	2312,0	2497,6	108
Сауда	260,2	285,0	319,7	309,1	314,4	102
Жалпы тұтыну	2228,2	2278,8	2330,9	2336,6	2418,2	103,5
Азық-түлік	1044,7	1058,1	1066,0	1080,2	1099,0	102
Түпкі қорлар	509,8	505,8	517,0	497,3	563,7	113
Сұраныс пен ұсыныс индикаторлары						
Әлемде жан басына шаққанда азық-түліктік астықты тұтыну, жылына кг	152,8	153,1	151,9	151,9	152,4	100,3
Оның ішінде азық-түлік тапшылығы мен табысы төмен елдерде, жылына кг	156,4	159,3	157,1	157,2	158,2	100,6
Түпкі қорлардың тұтынуға қатынасы, %	22,8	21,7	22,6	20,6	23,0	112
FAO баға индексі (2002–2004 = 100)	176,0	183,0	241,0	236,0	224,0	95
Ескерту: OECD және FAO мәліметтері бойынша құрастырылды						

Кесте 2. Әлемнің жекелеген аймақтарында етті тұтыну, кг/адам

Аймақ	2000 г.	2050 г.
Орталық және Батыс Азия, Солтүстік Африка	20	33
Шығыс және Оңтүстік Азия, Тынық мұхит аймағы	28	51
Латын Америкасы	58	77
Солтүстік Америка және Еуропа	83	89
Африка	11	22
Ескерту: ФАО мәліметі		

Солтүстік Америка мен Еуропа тұрғындары жылына жан басына шаққанда 83кг-ның орнына 89 кг ет өнімдерін тұтынатын болады. Ал Оңтүстік Шығыс Азияда етті тұтыну екі есе ұлғаятын болады: жылына 28кг/адамнан 51 кг/адамға дейін (кесте-2).

Халықаралық сауда мен әлемдік тұтыну көлемінің ұлғаюы салдарынан ұзақ мерзімді кезеңде азық-түлік пен шикізатқа бағаның жылдам өсу тенденциясы сақталатын болады. 2007–2008 жылдар мен 2010–2011 жылдардағы азық-түлікке әлемдік бағаның екі ірі дүмпінен кейін дамушы елдің тұрғындары дағдарысқа дейінгі кезеңге қарағанда жергілікті тағам өнімдері үшін орташа 80%-ға жоғары ақы төлеген.

Қазіргі уақытта азық-түлік тауарларына 2000 жылдың басынан басталған, әсіресе 2008 жылы экономикалық дағдарыстың басталуымен пайда болған бағаның өсу тенденциясы сақталынып отыр (кесте-3).

Барлық өнімдік нарықтарда бағалық тұрақсыздық сақталып отыр. 2015 жылдың қазан айында азық-түлік бағаларының ФАО индексі 4%-ға ұлғайды. Бұл кезеңде индекстің орташа мәні 162 құрады, бұл қыркүйек айын-

дағы деңгейден 3,9%-ға жоғары және бұл 2012 жылдың шілде айынан бергі аталған индекстің өте шапшаң өсуі болып табылады.

БҰҰ сарапшыларының мәліметтері бойынша 2050 жылға қарай тамақ өнімдерін өндіру 60%-ға өсетін болады. Азық-түлікке сұраныс тұрақты өсіп отыр, ал ұсыныс 2012 жылғы Солтүстік және Оңтүстік Америкадағы құрғақшылық көрсеткендей едәуір ауытқуларға ұшыраған.

Негізгі азық-түліктің дүниежүзілік өндірісі 2013–2014 есепті жылы 4.4 млрд. тонна болды, оның ішінде миллион тонна есебімен алғанда: негізгі дақылдар 1788 (жүгері — 770,6; астық — 602,3; күріш — 420), көкөніс — 660, жемістер — 503, сүт — 425,3; картоп — 321, ет — 280,9; қант — 169, балық — 143, өсімдік майлары — 128,2 млн. тоннаға жетті.

Азық-түліктің негізгі түрлерінің өндірісі Қытайда 1,22 млрд. тоннаға дейін, ал АҚШ-та — 688 млн. т, Еуропа одағында — 580 млн т, Индияда — 496 млн. т, Бразилияда — 272,9 млн. т, Ресейде — 173 млн т, Индонезияда — 97,9 млн. т, Аргентинада — 94,5 млн. т,

Кесте 3. Азық-түлікке ФАО баға индекстері

Жыл	Азық-түлікке баға индексі	Ет	Сүт өнімдері	Дәнді дақылдар	Өсімдік майы	Қант
2010	188,0	158,3	206,6	179,2	197,4	302,0
2011	229,9	183,3	229,5	240,9	254,5	368,9
2012	213,3	182,0	193,6	236,1	223,9	305,7
2013	209,8	184,1	242,7	219,2	193,0	251,0
2014	201,8	198,3	224,1	191,9	181,1	241,2
2015 қаңтар	178,9	183,5	173,8	177,4	156,0	217,7
ақпан	175,8	176,9	181,8	171,7	156,6	207,1
наурыз	171,5	170,4	184,9	169,8	151,7	187,9
Сәуір	168,4	170,8	172,4	167,2	150,2	185,5
Мамыр	167,2	172,6	167,5	160,8	154,1	189,3
Маусым	164,9	169,5	160,5	163,2	156,2	176,8
Шілде	164,2	172,6	149,1	166,5	147,6	181,2
Тамыз	155,0	170,8	135,5	155,1	134,9	163,2
қыркүйек	155,9	169,3	142,3	154,8	134,2	168,4
қазан	162,0	168,8	155,6	157,4	142,6	197,4
қараша	155,2	154,6	151,1	153,6	138,2	206,5
желтоқсан	153,4	150,0	149,5	151,6	141,5	207,8
Ескерту: ФАО мәліметі						

Пәкістанда — 85,9 млн. т, Украинада — 76,2 млн. т, Канадада — 74,4 млн. т, Түркияда — 73,7, Мексикада — 70,8 млн. т, Австралияда — 63,7 млн. т, Вьетнамда — 60,9 млн. т, Иранда — 54,2 млн. тоннаға дейін көбейді [5].

Азық-түлік емес тауарларға қарағанда тамақ өнімдері болашақта қымбаттайтын болады. Сондықтан жаһандық азық-түлік мәселесін шешу тұрғысынан бағаның өсу

қарқынын тежеу үшін экономикалық және технологиялық алғышарттарды құру маңызды болып табылады. Шикізат пен азық-түліктің тауарлық ағындарын онтайландыру, сондай-ақ жаһанданудың келеңсіз құбылыстарына қарсы тұру мақсатында экономика саласында, сондай-ақ саясатта халықаралық аймақтық интеграциялық процестердің одан әрі дамуын күткен жөн сияқты.

Әдебиет:

1. Сельскохозяйственный прогноз ОЭСР-ФАО на 2014 г./ Продовольственная и сельскохозяйственная организация Объединенных Наций [Электронный ресурс].-Режим доступа:/ http://innclub.info/wp-content/uploads/2012/07/1_ОЭСР_agr_outlook-20121.pdf.
2. Гусаков, В. Г. Продовольственный рынок: прогнозы и перспективы / В. Г. Гусаков // Веды. — 2013. — № 34. — с. 4.
3. Ильина, З. М. Продовольственная безопасность Республики Беларусь. Мониторинг — 2013: в контексте глобальных проблем в сфере продовольствия. — Ильина, З. М., Шпак, А. П., Ломакина, А. Л. Бубен, С. Б., Байгот, Л. Н., Киреенко, Н. В., Кондратенко. Под ред. З. М. Ильиной. — Минск: Институт системных исследований в АПК НАН Беларуси, 2014. — 206 с.
4. Ильина, З. М. Конкурентная устойчивость субъектов внутреннего продовольственного рынка/ З. М. Ильина, С. А. Кондратенко, С. Б. Бубен // Аграрная экономика. — 2014. — № 2. — с. 7–26.
5. Васильева Н. А. Конкурентная среда мирового продовольственного рынка как фактор развития предприятий пищевой промышленности России. www.economics.ihbt.ifmo.ru

Қазақстанның әлемдік азық-түлік нарығындағы алатын орны және мүмкіндіктері

Қалтаева Сауле Ануарбекқызы, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Азық-түлік нарығы өндіріс, бөлу, айырбас, тұтыну процестері өзара әрекет ететін әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық жүйе болып табылады, жеке-леген азық-түлік нарықтары мен өзара байланысқан шаруашылық жүргізуші субъектілердің көптеген санынан тұратын күрделі құрылыммен сипатталады. Азық-түлік нарығының дамуы елдің азық-түлік қауіпсіздік мәселесін шешуге, тұрғындардың денсаулық жағдайын жақсартуға, агробизнестің әртүрлі сфераларының табыстылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта біздің еліміз азық-түліктің ауқымды көлемін экспорттайды және импорттайды. Азық-түлікке өспелі әлемдік сұраныс жағдайында әлемдік аграрлық нарықтағы Қазақстанның рөлі өсіп отыр.

Әлем халқының жалпы саны 7 млрд. адамнан асты. XX ғасырда тұрғындар саны 3,7 есе ұлғайып, өсім 4 млрд. 380 млн. адамды құрады. Әлем тұрғындары өсімінің барлығы дамушы елдерге тиесілі және тек 5% ғана экономикалық дамыған елдерге келеді. Бірақ бұл мемлекеттер арасындағы демографиялық жағдай бірдей емес. Шығыс Еуропаның көптеген елдері үшін тұрғындар санының абсолютті азаюы тән. Солтүстік Америкада өсім тұрақты 1% құрайды, Австралия мен Жаңа Зеландияда өсу қарқыны 1,4%-ке дейін жетеді. Дамушы елдер үшін тұрғындар са-

нының едәуір ұлғаюы тән және осы жағдай «демографиялық жарылыстың» нәтижесі болып табылады. Тек ғана Африка тұрғындары жыл сайын 10 млн. адамға өседі. 2025 жылы 1,5 млрд. адамға дейін қол жеткізуі мүмкін. Латын Америка елдерінде тұрғындардың өсу қарқыны жылына 2% құрайды, Оңтүстік Азияда — 2,3%, Оңтүстік-Шығыс Азияда — 1,9%, Шығыс Азияда — 1,3%. ФАО-ның болжамы бойынша 2050 жылға қарай әлем халқының саны 9 млрд. адамға жететін болады, сәйкесінше өндіріс пен тұтыну мөлшерінің ұлғаюы да орын алатын болады (кесте 1).

Тұрғындар санының қарқынды өсуі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың шиеленісуімен қатар жүріп отыр. Соңғы 20 жылда кедейлік шегінен төмен тұратын адамдардың жалпы саны 1 млрд. адамға жетті, оның ішінде Оңтүстік Азияда — 350 млн., Африкада — 300млн., Шығыс Азияда — 150 млн., Латын Америкада — 100млн. адам [1].

Азық-түлік мәселесі дамудың тұрақтылығы мен тәуелсіздігін сақтаушы әрбір мемлекеттің ерекше көңіл бөлетін мәселесі. Қазіргі жағдайда қажетті мөлшерде және тұтынушы үшін қолжетімді бағада жоғары сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету азық-түлік қауіпсіздігінің негізін құрайды.

Кесте 1. Тұрғындар санының, ауыл шаруашылық өнім өндірісі мен азық-түлікті тұтыну көлемінің қарқыны

Көрсеткіштер	Жылдар		Болжам	
	1961–1963	2005–2007	2030 г.	2050 г.
Бүкіл әлем				
Тұрғындар саны, млн адам	3133	6569	8276	9111
Тұтыну, күніне ккал/адам	2231	2772	2960	3070
Өндіріс, 2005/2007=100*	37	100	138	160
Дәнді дақылдар өндірісі (күрішті қосқанда), млн т	843	2068	2720	3009
Ет өндірісі, млн т	72	258	374	455
Дамушы елдер				
Тұрғындар саны, млн адам	2140	5218	6839	7671
Тұтыну, күніне ккал/адам	1884	2619	2860	3000
Өндіріс, 2005/2007=100	24	100	147	177
Дәнді дақылдар өндірісі (күрішті қосқанда), млн т	353	1164	1572	1812
Ет өндірісі, млн т	20	149	243	317
Дамыған елдер				
Тұрғындар саны, млн адам	1012	1351	1437	1439
Тұтыну, күніне ккал/адам	2983	3360	3430	3490
Өндіріс, 2005/2007=100	64	100	118	124
Дәнді дақылдар өндірісі (күрішті қосқанда), млн т	500	904	1148	1197
Ет өндірісі, млн т	52	109	130	138
Ескерту: ФАО мәліметі, * құндық көріністе				

Қазақстан жер ресурстарының үлкен әлеуетіне ие. Тұрғындар саны 17,2 млн. адамды құрайтын 272 млн. га аймақты алып жатыр. Бір тұрғынға шаққанда 15,6 га жер көлемі тиеді, оның ішінде 6,6 га ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер, оның 1,4 га егістік. Еуропалық экономикалық кеңістікке кіретін мемлекеттермен салыстырғанда Қазақстан жермен қамтамасыз етілген елге жатады. 2015 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 4,4%-ға ұлғайып, 2,7 трлн. тенгені құрағандығын атап көрсету қажет [2].

Қазақстанның ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша азық-түлік тәуелсіздігі критерийі бойынша азық-түлік қауіпсіздігі жағдайын талдау 2014 жылы азық-түліктің барлық негізгі түрлері бойынша ішкі тұтытудағы отандық өндірістің үлесі 80% құрайтындығын көрсетіп отыр. Күріш, бидай ұны, жарма, нан өнімдері бойынша ішкі тұтытудағы отандық өндірістің үлесі 100% және одан жоғары деңгейді құрайды. Дегенмен отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етудің жоғары деңгейі бұл өнімдер бойынша импорттың жоқтығын білдірмейді. Мысалы, 2014 жылы күріш дақылы бойынша қамтамасыз етілу 130,4% құрады, бірақ бұл кезде 24,5 тың тонна немесе тұтыну көлемінің 18,8% құрайтын импорт орын алған. Бұл аталған өнім түрі бойынша импортпен қатар экспорттың болуымен түсіндіріледі және экспорттың көлемі импорттың көлеміне қарағанда жоғары (экспорт 51,8 мың тоннаны құрайды). Бірақ құс еті, ірімшік, май өнімдері бойынша отандық өндірістің үлесі төмен болып отыр. Бұл жағдай агроөнеркәсіп кешен субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету бағыттарын қалыптастыруда ескеріледі.

Бүгінгі күні еттің ішкі нарығы 1,1 млн. тонна деңгейінде бағаланады. Елде өндірілетін құс етінен басқа еттің көлемі тұрғындардың қажеттілігін қанағаттандырады. Сиыр еті, қой еті, жылқы еті бойынша қамтамасыз етілу деңгейі 96,6%, 99,8% және 95,1% құрайды. Жалпы айтқанда ет өндірісі мен тұтыну үлесі ұлғайып отыр. Бұл кезде сиыр етінің импорты ішкі тұтытуда небәрі 4%, қой еті — 0,2% және құс еті — 55,3% құрайды. 2015 жылы ет және ет өнімдерінің экспорт көлемі ұлғайып, 12,3 мың тоннаны құрағандығын атап көрсету қажет. Жалпы 2012–2014 жылдары тағам өнімдерінің өндірісі оң қарқынды көрсетіп отыр. 2012 жылы өндіріс көлемі 865,6 млрд. тенге болса, 2013 жылы 4,2%-ға өсіп, 973,0 млрд. тенгені құрады, ал 2014 жылы 2,9%-ға артып, 1042,4 млрд. тенгені құрады [3].

Қазақстанның азық-түлік нарығы бүгінгі күні толығымен табиғи климаттық жағдайларға, азық-түлік өнімдеріне деген әлемдік қажеттілікке тәуелді және отандық АӨК-нің ғылыми техникалық деңгейімен шектеліп отыр. Қазақстан бидай және ет нарығында едәуір жоғары әлеуетке ие.

Азық-түлік нарығын дамытудың негізі ретінде тамақ өнеркәсібін дамытудың негізгі міндеті ауыл шаруашылық шикізаттарын қайта өңдеуді дамыту мен қалпына келтіруге, қайта өңдеуші кәсіпорындардың техникалық және технологиялық артта қалуының алдын алуға бағытталуы тиіс. Оны дамыту стратегиясы ең алдымен тауарлар нарығындағы оның тиімді жағдайымен анықталады. Бұл мәселелердің шешімі елді азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейін жоғарылатудың, ауыл шаруашылық өнімдерінің жекелеген түрлерінің экспорттық

потенциалын өсірудің, ауылдық жердің экономикалық және әлеуметтік даму деңгейін теңестірудің маңызды шарты болып табылады.

Сонымен, қорытындылай келе, азық-түлік нарығы — субъектілердің едәуір саны өзара әрекет ететін, жағдайы елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен қоғамның әлеуметтік жағдайына тікелей ықпал ететін экономиканың маңызды секторы. Бұл экономикалық қатынастардың, елдің тауар өндірушілерінің өзара әрекет мен өнім айырбасы формаларының, тұтынушылар мен осы процесті реттейтін

мемлекеттің экономикалық қатынастарының күрделі жүйесі. Азық-түлік нарығының дамуы бірмезгілде азық-түлік тауарларының бөлігін ұтымды мөлшерде пайдалану жағдайында меншікті өндіріс есебінен ауыл шаруашылық шикізаты мен тағам өнімдеріне тұрақты қажеттілікті қанағаттандыру құралы болып табылады. Әлемдік азық-түлік нарығындағы Қазақстанның алатын орны ерекше. Сондықтан болашақта ауыл шаруашылық шикізаты мен азық-түлік өнімдерінің нарығын дамыту бойынша мемлекет барынша қолдау көрсетуі қажет.

Әдебиет:

1. Кайгородцев А. А. Глобальная продовольственная проблема. www.vestnik-kafu.info/journal/8/306
2. Томилин А. Казахстан: Поесть самим, накормить соседей. // «КазахЗерно.kz», 19 Июнь 2015
3. Алшанов Р. Особенности и тенденции агропромышленного рынка Казахстана в современных условиях // Казахстанская правда. — 2015. — 5 июня.

Инновациялық қызметтегі бәсекеге қабілеттілікті арттыру экономикадағы негізгі фактор ретінде

Кулбаева Меруерт Амангельдыевна, экономика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы;

Абдрашитова Тахмина Арыстанбековна, магистр-оқытушы

Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Әлемде инновациялық қызмет бәсекеге қабілетті және экономикалық өсуді қамтамасыз ететін ең маңызды фактор болып саналады. Өнеркәсібі дамыған елдерде инновациялық қызметтердің өсуі үшін ұлттық ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолайлы жағдайлар жасалған, сонымен қатар технологияларды дамытуда, ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыруда мемлекеттік және жеке ғылыми-зерттеу ұйымдары мен компаниялардың ынтымақтастық құрып, өсуіне үлкен мән берілген.

Жаңалық пен ғылымды, технологияны, техниканы өндіріспен тығыз байланыстыру мақсатында елімізде индустриалды-инновациялық даму бағыты көзделген. Қазақстан үлкен мүмкіндіктері бар ел ғана емес, сол мүмкіндіктерді нақты жүзеге асырып отырған алып мемлекетке айналуда. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін көрсететін басты көрсеткіш — оның экономикасы болып табылады.

Экономиканың бәсекеге қабілетті болуының басты бағыты — индустриалды-инновациялық экономика құру және шикізаттық емес секторды дамыта отырып, инновациялық үдерістерге бет бұру. Ғылыми экономика құру — ең алдымен Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру. Бұл бағыт бойынша венчурлік қаржыландыру, зияткерлік меншікті қорғау, зерттеулер мен инновацияларды қолдау, сондай-ақ ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру жөніндегі заңнаманы жетілдіру қажет. Ғылымды қаржыландыру көлемін біртіндеп арттырып, оны дамыған ел-

дердің көрсеткіштеріне жеткізу жөнінде нақты жоспар қажет [1].

Әлемдік экономиканың жаһандануы жағдайында отандық компаниялардың ел ішіндегі және шетелдегі тауарлар мен капитал нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігі өзекті мәселеге айналуда. Қазіргі таңда кез келген елдің экономикасының дамуы, халықтың рухани және материалдық игіліктерінің артуы, ең алдымен, сол елдің ғылымы мен білімінің, өндірістің инновациялық дамуына байланысты. Қазіргі кезеңде кәсіпкерлікті дамытудың әлсіз жақтары оны жетілдірудің нарықтық механизмдерінің инновациялық түрлерін одан ары жақсартуды қажет етіп отыр.

Еліміздегі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі оның бәсекеге қабілеттілігінің стратегиялық маңызды факторларының бірі болып табылады.

Әлемдік нарықта күн өткен сайын бәсекелестік ұлғайып келе жатқаны ақиқат. Алпауыт компаниялар инновациялық саясатты жүргізуде жаңа инновациялық технологияларды зерттеу мен қолдану мәселесін күн тәртібіне қойды. Осы тұрғыдан алғанда елімізде де аталған бағыттарда көптеген жұмыстар атқарылуда. Атап айтатын болсақ, елдің инновациялық-индустриалдық дамуын қалыптастыру және экономиканың нақты, түпкі өнім өндіру секторын өркендету әрі әртараптандыру мақсатында «Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003–2015 жылдарға арналған стратегиясы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық иннова-

циялық жүйесінің қалыптасуы мен дамуының 2005—2015 жылдарға арналған бағдарламасы», ел экономикасының инновациялық белсенділігін көтеру мақсатында ҚР «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңы қабылданды. Осылардың негізінде отандық инновациялық әзірлемелерді қолдау мен оны өндіріске ендіруге, сонымен бірге Қазақстан Республикасын болашағы зор шетелдік технологияларды трансферттеу алаңы ретінде дамытуға бағытталған инфрақұрылым жүйесін құру үрдісі жүзеге асырылуда.

Таяудағы онжылдықта тұрлаулы да теңдестірілген даму жедел әртараптандыру және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру есебінен қамтамасыз етілетін болады. Еңбек өнімділігінің кешенді артуы аса маңызды міндет болып табылады [2].

Инновациялық саясаттың басты мақсаты — отандық өнімдердің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, осы арқылы еліміздің әл-ауқатын көтеру және қоғамның экономикалық дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сондықтан да жаһандық үдеріс туғызған инновациялық қызмет кез келген мемлекеттің даму тарихында ерекше орынға ие. Еліміздегі ішкі және сыртқы геосаяси және экономикалық жағдайдың тұрақтануы мен инновациялық қызметтің, ғылыми-техникалық саясаттың даму қарқыны да өзгеруде. Осы орайда жоғарыда айтылған Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызмет туралы» қабылданған заңының саяси-әлеуметтік маңызы өте зор, себебі әрбір елдің экономикасы мен интеллектуалдық әлеуеті жоғары деңгейде көрінуінде ғылым мен техника басты өзек болуы тиіс. Еліміздің басты бағыттарындағы негізгі ядро болып отырған инновациялық қызметті қабылдау мен оны енгізу — бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі [3].

Инновациялық қызмет — жаңа идеяларды, ғылыми білімдерді, технологиялар мен өнім түрлерін жасауға және өндірістің түрлі салалары мен қоғамды басқару саласына енгізуге бағытталған қызмет, оның нәтижелері экономикалық өсу және бәсекеге қабілеттілік үшін пайдаланылады.

Мемлекеттік инновациялық қызметтің стратегиялық мақсатының өзі өндірістің барлық саласында жаңа ғылыми жетістіктердің енгізілуі болып табылады. Оның жетістіктері экономикалық өркендеу мен бәсекеге қабілеттілікке пайдаланылады. Инновациялық қызметті жетілдірудің ең оңтайлы тәсілі — ғылым мен техника, өндіріс бірлестігінің ұштастырылуында.

Қазақстандық кәсіпорындардағы инновациялық белсенділікті арттырудағы олардың артықшылықтары деп келесілерді атап өтуге болады: республикада мол табиғи ресурстардың болуы; университеттер, академиялық институттар мен басқа да ғылыми мекемелердің дамыған желісі; инновация саласындағы белсенді мемлекеттік қолдау саясаты; шикізат ресурстарына қолы жетімсіз бизнес-элитаның күшеюі.

Ал кемшіліктері ретінде: әлсіз инновациялық тәуекел-менеджменттегі, маркетингтегі жоғары тәуекел дең-

гейі; инновациялық қызметпен айналысатын мамандардың төмен үлес салмағы; шағын венчурлық бизнестің дамымағандығы; отандық өндірушілердің төмен инновациялық қабылдағыш-тығы; отандық ғылыми жасаулардың төмен бәсекеге қабілеттілігі мен шетелдік ескі технологиялар мен жабдықтарды сатып алуы; шектеулі қаржылық және материалдық мүмкіндіктер.

Инновациялық белсенділікті арттырудағы мүмкіндіктер: өңдеуші сала кәсіпорындарының жоғары ғылыми сыйымдылықпен дамуы; университеттер айналасында «инновациялық белдеулерді» қалыптастыру; жергілікті кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігін ынталандыру; жоғары технологиялық салаларға қаржылық және менеджменттік ресурстардың ағымы мен қызығушылығының жоғарылауы.

Инновациялық белсенділікті арттыруға кедергі келтіретін қауіптер: кәсіпорынның сапалы инновациялық дамуының «тоқтауы»; инновациялық үдерісті тиімсіз ұйымдастыру; жаңа идеялардың, технологиялардың шетелге «кетуі» және қазақстандық ғалымдардың шетел мемлекеттері үшін интеллектуалды донорларға айналуы; жаһандану жағдайында ел экономикасы салаларының бәсекеге қабілеттілік мәселелерінің тереңдеуі.

Бүкіл әлемде инновациялық даму кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілікті тұрақты түрде ұстап тұру мен жоғарылату қажеттілігімен байланысты. Сонымен бірге инновацияларды қолдану кәсіпорындарға нарықта тиімді бәсекеге түсуге, жаңа тұтынушыларды тартуға, қаржылық нәтижелерді жақсартуға мүмкіндік береді. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік деңгейі едәуір көлемде кәсіпорынның технологиялық деңгейіне тәуелді.

Елімізде жүргізіліп отырған инновациялық саясатта тең бәсеке-келестік жағдайларды және салауатты бәсекелестік ортаны қалыптастыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ индустриалды саясаттың бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыруға бағытталуы қағидалары жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік инновациялық саясатның ең басты қағидалары ғылыми және ғылыми-техникалық шығармашылық еркіндігі, интеллектуалдық меншікті құқықтық қорғау; ғылыми, ғылыми-техникалық іс-әрекет пен білім берудің интеграциясы, ғылым мен техника салаларындағы бәсекені қолдау, ресурстарды ғылыми дамудың басты бағыттарына шоғырландыру; ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық іс-әрекеттегі іскерлік белсенділікті ынталандыру, халықаралық қызметтесуді дамыту болып табылады.

Қазақстанның алдында әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 30 елінің санына кірудің маңызды міндеті тұр. Осы міндетті іске асырудың табысы отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілетін арттыруға, экспорттық әлеуетін толық ашуға және елдің географиялық орналасуын барынша тиімді пайдалануға тікелей байланысты.

Дүниежүзілік экономикалық форуммен жарияланған 2011—2012 жылдардағы бәсекеге қабілеттілігі туралы Ғаламдық есеп бойынша Қазақстан 72-орында болған. Бұл

ретте мемлекеттің экономикасы озық мемлекеттердегідей шапшаң өсуі мүмкін, бірақ осы сәтте инновациялар экономикамыздың ең әлсіз түйіні болып табылады.

Экспорттың шикізаттық бағыты Қазақстанның экономикалық мүдделеріне үйлеспейді. Бұл ұлттық экономиканың сыртқы факторлардан тәуелділіктің жоғары дәрежесін алдын ала анықтайды, атап айтқанда — дүниежүзілік шикізат, әсіресе көмірсутегі нарықтарының конъюнктурасы динамикасынан құрылған.

Мемлекеттегі ең маңызды мәселелердің бірі экономикалық өсудің экспорттық-шикізаттық үлгіден инновациялық үлгіге көшудің қажеттілігі, ал бұл жағдайды өзгерту адекваттық шараларды жедел түрде қабылдауды талап етеді. Мәселені шешу инновацияға бағдарланған экономикалық жүйелерді қалыптастыру шеңберінде ғана мүмкін.

Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының 2003—2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама-сының мақсаты — ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, тиімді орналастыру және пайдалану, оның құрылымын қалыптастыру, ғылым мен техниканың елдің экономикасын дамытудағы, маңызды әлеуметтік мәселелерді іске асырудағы, материалдық өндіріс саласындағы прогрессивті құрылымдық өзгерістерді қамтамасыз етудегі, оның тиімділігі мен бәсекелестік қабі-

летін арттырудағы, елдің қорғаныс қабілеті мен тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін нығайтудағы үлесін арттыру [4].

Инновациялық даму жолын таңдау себептерінің негізгілері: әлемдегі өнеркәсіптің технологиялық жолмен қарқынды дамуы, әлемді жаһандану үдерісінің орын алуы, еліміздің ДСҰ-на кіру мақсатына байланысты өнеркәсіпті бәсекелестікке дайындау қажеттілігі және бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына қосылудағы мақсатқа жету болып отыр.

Қазіргі уақытта елімізде Қазақстан Республикасының 2015—2019 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық дамуының тұжырымдамасы жасалды. Қазақстанның әлемдік дамыған отыз елдің қатарына енуі инновациялық идеяларға сүйене отырып жоспарланған.

Индустриялық саясаттың инновациялық сегменті басым секторлардағы өндіріс тиімділігін арттыру және елдегі инновациялық белсенділікті арттыру жөніндегі шаралар кешенінен тұратын болады және еңбек өнімділігін арттыруды ынталандыру, технологиялар трансферті, технологиялық және басқару құзырет-терін арттыру, неғұрлым перспективалық инновациялық идеялар мен жобаларды іздену және қолдау, енгізу және ілгерілету арқылы іске асырылатын болады [5].

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол». Астана. — 11 қараша 2014 жыл.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Жаңа онжылдық — Жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері». Астана. — 2010.
3. Индустриалды-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы, Қазақстан Республикасының Заңы. Астана. — 9 қаңтар 2012 жыл. — № 534-IV
4. «Қазақстан Республикасының 2003—2015 жылдарда индустриалды-инновациялық даму стратегиясы туралы» ҚР Президентінің Жарлығы. Астана. — 17 мамыр 2003 жыл. — № 1096.
5. Қазақстан Республикасын индустриалды-инновациялық дамыту-дың 2015—2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана. — 31 желтоқсан 2013 жыл. — № 1497.

Инновациялық әлеуетті зерттеудің теориялық негіздері

Самаликова Айнур Махатаевна, аға оқытушы;
Баймуратов Сатжан Жандилдаевич, оқытушы
Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Индустриалды елдердің дамуы инновация — қоғамның дамуы мен экономикалық өсудің алғышарты екендігін көрсетті. Тиімді қызмет етуші макроэкономикалық жүйеде болуы тиіс инновациялық әлеуеттің ұтымды мөлшерін анықтау үшін, сондай-ақ ұлттық экономиканың дамуына инновациялық әлеуеттің ықпал етуін бағалау үшін біріншіден, инновациялық потенциал түсінігін, екіншіден, оның құрамын нақты анықтау қажет. Зерттеу жұмысы экономикалық әдебиетте бар

тәсілдердің негізіндегі инновациялық әлеуеттің зерттеуі болып табылады.

Қазіргі қоғам дамуында экономиканың стратегиялық өсуінің басты факторы инновация болып табылады. Өзінің инновациялық әлеуетін тиімсіз пайдаланушы компаниялардың өз орнын нарықта алдыңғы қатарлы кәсіпорындарға босататыны сөзсіз. Соңғылары жаңа идеяларды, жаңашылдықтарды қолдана отырып, өндіріс шығындарын қысқарта алады, қосымша пайда таба алады, бәсе-

келік артықшылықтарын күшейтіп, нарықтағы өз үлесін сақтай немесе ұлғайта алады. Экономикалық әдебиеттерді талдау бір жағынан, кәсіпорында инновациялық қызметтің әртүрлі бағыттарын жүзеге асыру оның инновациялық әлеуеті жеткілікті болған жағдайда мүмкін екендігін, ал екінші жағынан, басқару объектісі ретінде ол әлі де жеткілікті зерттелмеген деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта зерттеушілер арасында оның мәнін, құрылымын және бағалау тәсілдерін түсінуде бірыңғай пікір жоқ.

«Инновациялық әлеует» түсінігі 1980 жылдардың басынан дами бастады және инновациялық қызмет түсінігінің концептуалды көрінісіне айналды [1]. Тиімді қызмет етуші макроэкономикалық жүйеде болуы тиіс инновациялық әлеуеттің ұтымды мөлшерін анықтау үшін, сондай-ақ ұлттық экономиканың дамуына инновациялық әлеуеттің ықпал етуін бағалау үшін біріншіден, инновациялық әлеует түсінігін, екіншіден, оның құрамын нақты анықтау қажет.

Қазіргі уақытта экономикалық әдебиеттерде инновациялық әлеуетті қалыптастыру мәселелеріне жеткілікті көп көңіл бөлініп отыр, алайда қолда бар ақпарат қарама-қайшы сипатта және біртекті тұжырымы жоқ. Мысалы, жекелеген жағдайларда инновациялық әлеует ғылыми-техникалық әлеуетпен теңестіріледі. Мұндай ұқсастық жаңалықтың оның диффузиясы мен коммерциялануы жағдайында инновацияға айналатындығын ескермейді. Ал инновациялық әлеуеттің ғылыми-техникалық құраушысы тек ғана жаңалықтың пайда болуына жауап береді. Бұған дәлел ретінде келесі деректі келтіруге болады: 1,5 млн. патенттің тек 3000-ға жуығы ғана инновациялық процесс шеңберінде коммерцияландыру кезеңіне қол жеткізуге қабілетті [2]. Демек, ғылыми техникалық пен инновациялық әлеует арасында тепе-теңдік белгісін қоюға болмайды. Осындай кемшілік ғылыми инновациялық әлеует мен ғылыми әлеуетті ұқсастырудан да көрінеді [3].

Бірқатар еңбектерде ұйымның инновациялық әлеуеті деп барлық әлеуеттердің жиынтығы қарастырылады. Мысалы, Е. П. Маскайкин мен Т. В. Арцер [4] оны өндірістік, технологиялық, еңбек, қаржылық, ұйымдастыру-басқару және интеллектуалдық әлеуеттердің жиынтығы ретінде қарастырады. Барлық компанияларда әртүрлі пропорцияда жоғарыда аталған әлеует түрлерінің барлығы бар, алайда бұл кезде олардың барлығы инновациялық қызметті жүзеге асырмайды.

Инновациялық әлеуеттің мәнін түсінуде тағы бір тәсіл ресурстық тәсіл болып табылады, бұған сәйкес инновациялық әлеует нарық субъектісімен инновациялық қызметті жүзеге асыруды қамтамасыз ететін әртүрлі ресурстар түрлерінің жиынтығы ретінде қарастырылады [5]. Аталған тәсілдің кең таралғанына қарамастан бірқатар кемшіліктері бар. «Инновациялық әлеует» пен «ресурс» терминдерінің ұқсастығын бұрыс көретін зерттеушілермен келіспеуге болмайды [6]. Егер де бұл ұғымдар ұқсас болғанда шамасы бойынша бірдей ресурстарға ие кәсіпо-

рындар бірдей инновациялық әлеуетке ие болуы тиіс еді. Бұған қоса ресурстардың ұлғаюымен инновациялық әлеуеттің де өсуі қисынды болар еді. Алайда тәжірибе әрқашан мұндай еместігін көрсетеді. Үлкен ресурстық қоры мен инновациялық әлеуеті төмен кәсіпорындар бар. Және керісінше, аз ғана ресурстары мен инновациялық әлеует деңгейі жоғары ұйымдар да бар.

Басқа да зерттеушілер, мысалы, Г. И. Жиц экономикалық субъектілердің қойылған мақсаттарына қол жеткізу үшін іс-әрекетке келтіре алатын әлеуеттің ресурстық сипаттамалары (пайдаланылған және пайдаланылмаған ресурстық мүмкіндіктердің жиынтығы) тұрғысынан мәселені шешуді қарастырады [6]. Мысалы, Д. И. Кокурин сәйкес «инновациялық әлеует экономикалық субъектілердің мақсатқа қол жеткізу үшін іс-әрекетке келтіретін қорланған ресурстардың пайдаланылмаған, жасырын мүмкіндіктерінен тұрады» — деп санайды [1]. Мұндай анықтама инновациялық әлеуеттің мәнін түсінуде біржақтылықтың жоғын тағы бір айқындайды.

Соңғы уақытта көптеген компаниялар инновациялық қызметті өздерінің стратегиялық басымдықтарының бірі деп санайды. Инновациялық әлеует бұл кезде экономика субъектілерінің инновациялық қызметті жүзеге асыруға қабілеттілігі мен дайындығы шарасы ретінде қарастырылады. Бұл кезде қабілеттілік бұл әлеует компоненттері құрылымының болуы және тепе-теңдігі, ал дайындық — инновациялық-белсенді қызметті қалыптастыру үшін әлеуеттің даму деңгейінің жеткіліктілігі ретінде түсіндіріледі. Мысалы, В. Н. Гунин келесідей анықтаманы келтіреді: ұйымның инновациялық әлеуеті — «бұл қойылған инновациялық мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін оның тапсырмаларды орындауға дайындығының шамасы» [7]. Тар мағынасында «инновациялық әлеует кейде инновациялық процесті жүзеге асыру үшін қажетті факторлар мен шарттардың жүйесі» ретінде сипатталады [2].

Біздің ойымызша аталған категорияны қолданудың тар сферасын көрсететін инновациялық әлеует мәнінің бірнеше мысалын келтірейік. Н. Чухрайдың анықтамасына сәйкес инновациялық әлеует — бұл инновациялық даму процесінде қалыптасатын және қол жеткізілетін, мониторинг пен бағалауды талап ететін инвестициялық мүмкіндіктер тұрғысындағы белгілі бір сәтке кәсіпорын жағдайы [8]. Ал С. А. Трухиннің пікіріне сәйкес аймақтың инновациялық әлеуеті деп инновацияны қабылдау мен диффузиясын қамтамасыз ететін аймақтың шаруашылық жүргізуші субъектілерінің ғылыми-техникалық, өндірістік, технологиялық, кадрлық, инфрақұрылымдық, қаржылық, құқықтық және басқа да мүмкіндіктерінің жиынтығы [9]. Аталған зерттеуші басқа да бірқатар ғалымдар сияқты инновациялық әлеуетті анықтауға оның құрылымдық сипаттамасы тұрғысынан келеді.

Инновациялық әлеуеттің анықтамаларында бұл категорияның бірнеше елеулі сипаттамалары ашылады. Мысалы, басты назар институционалды құрылым немесе әлеуетті қалыптастыру құралдарына жасалуы мүмкін. Біз инновациялық әлеуетті тұрақты өзгермелі сыртқы

орта жағдайында жүйенің дамуын қамтамасыз ететін инновациялық мақсатқа қол жеткізуге бағытталған процестерді ұйымдастыру және жүзеге асыру қабілеттілігі ретінде жүйелік және процестік тұрғыдан қарастыру қажет деп санаймыз. Бірінші кезекте бұл нарық талабының өзгерістерін қанағаттандыру есебінен қамтамасыз етіледі. Екінші жағынан сыртқы орта өзгерістеріне реакция ретінде жүйенің өзінің дамуы жүреді. Басқаша айтқанда инновациялық әлеуетті жүйенің өзгеруге қабілеттілігі ретінде қарауға болады. Егер инновациялық әлеует тиімді қолданылатын болса, онда бір жағдайдан екіншісіне

өту жүреді. Бұл жүйенің өзгеру, жақсару, даму қабілеттілігінің сипаттамасы. Бұл кезде инновациялық әлеует жаңалықтың болуымен емес, оларды пайдалану қабілеттілігімен сипатталады. Бұған қоса инновациялық әлеует жағдайынан инновациялық стратегияны таңдау мен жүзеге асыру тәуелді.

Сонымен қорытындылай келе зерттеушілер арасында инновациялық әлеует мәнін түсінуде біржақтылық жоқ деуге болады. Анықтамалардағы айырмашылық ең бірінші кезекте аталған категорияның қандай позиция тұрғысынан қарастырылғандығымен байланысты.

Әдебиет:

1. Кокурин Д. И. Инновационная деятельность / Д. И. Кокурин. - М.: Экзамен, 2001. — 575 с.
2. Николаев А. И. Инновационное развитие и инновационная культура // Наука и наукознание. — 2001. - № 2. - с. 54–65
3. Основы инновационного менеджмента: теория и практика: Учебное пособие / Под ред. П. Н. Завлина и др. - М.: Экономика, 2007. — 475 с.
4. Маскайкин Е. П., Арценр Т. В. Инновационный потенциал региона: сущность, структура, методика оценки и направления развития // Вестник ЮУрГУ. — 2009. - № 21. - с. 47–53.
5. Емельянов С. Г., Борисоглебская Л. Н. Методологические основы исследования инновационного потенциала региона // Инновации. — 2006. - № 2. - с. 20–32.
6. Жиц Г. И. Способности и возможности: рассуждения о некоторых аспектах методологии оценки влияния инновационного потенциала на развитие социально-экономических систем различного уровня сложности // Инновации. — 2008. - № 11. - с. 102–107.
7. Гунин В. И. Управление инновациями. www.uamconsult.com
8. Чухрай Н. Формирования инновационного потенциала. / Львов: Изд. «Львов Политехника», 2002—316 с.
9. Трухин С. А. Совершенствование механизмов управления инновационной деятельностью в регионе: автореф. дис. канд. экон. наук. - Барнаул, 2006.

ИСТОРИЯ

The history of the «Turkestan collection»

Alzhanova Elmira Esirkepovna, associate Professor
International Kazakh-Turkish University named A. Yassawi (Turkestan city, Kazakhstan)

The history of the collection is linked with the history of the organization of the Public Library of Turkestan, which later became the National Library of Uzbekistan named after Alisher Navoi. Because Turkestan area was less known, but extremely interesting for many areas and ninety-days journey from the cultural center of Russia — St. Petersburg in 1867 and the need of systematic studies of this region for the most effective using of all opportunities, to find raw materials, which had been so interested Russian industry — all this put forward the task of collecting material relating to Turkestan and neighboring countries with them.

Literature of this region became quickly updated with new materials of scientists and researchers, and with the number of translated monographs. There were published works of N.M. Przhevsky, I.V. Mushketov notes by P.P. Semenov and N.A. Severtsova — the researchers of the Tien Shan, the work of the N.A. Mayeva about Turkestan, etc. At the same time, there were a lot of articles in periodical editions, for the first time touching political and economic issues, history, ethnography and culture of Central Asia.

алғашқы таптық қоғамдар мен мемлекеттік құрылымдар қалыптасқан уақыттардың қойнауына жетелейді. Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық туралы жазбаша мәліметтердің ең алғашқыларын б. з. д XXIV ғ. Көне Бабырдың мұрағаттарынан көруге болады. Патша Лагаша Урукагина шенеуніктер мен соттардың заңсыз әрі жүгенсіз әрекеттеріне тыйым салу мақсатымен мемлекеттік басқару ісіне реформалар жасады. Осындай әрекеттерді Ежелгі Латын жазбаларынан байқауға болады. Мысалы: «*Do ut facies*» — аудармасы «Істету үшін беремін» [1,7 б.].

Сыбайлас жемқорлық — әлеуметтік феномен, қоғам мен қоғамдық қатынастар туындысы. Сыбайлас жемқорлықтың пайда болуы мен өмір сүруі қоғамдық және шаруашылық қызметтегі басқару функциясының жекелену сәтінен бастап мүмкін болады. Өйткені, нақ осы жағдайда лауазымды басшыда (басқарушыда) қоғам, мемлекет мүддесі үшін емес, жеке басы үшін ресурстарды пайдалану мен шешім қабылдау мүмкіндігі пайда болады. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық өте ерте уақытта туған және бүгінгі күнге дейін бар күрделі әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде көрінеді — сыбайлас жемқорлықтың көрініс беру формаларының өзгеруі барысында оның ауқымы тарылмайды. [1,12 б.].

Қазіргі қоғамдағы сыбайлас жемқорлық — басқа саяси, экономикалық, мәдени және әлеуметтік институттармен өзара тығызбайланысты әлеуметтік институт, басқару жүйесінің бір элементі. Сыбайлас жемқорлықтың институттануының көріністері мынандай: сыбайлас жемқорлықтың бірқатар әлеуметтік қызметтерді атқаруы: әкімшілік байланыстардың жеңілдетілуі, басқарудағы шешім қабылдаудың жеделдетуі мен жеңілдетілуі, әлеуметтік таптар мен топтардың арасындағы қатынастардың консолидациялануы және де қайта құрылымдалуы, бюрократтық кедергілерді азайту арқылы экономикалық дамуға көмектесу, ресурстар дефициті жағдайында экономиканы оптимизациялау және т. б.; Сыбайлас жемқорлық қарым-қатынастарының жете айқындалған субъек-

тілерінің болуы және де әлеуметтік рөлдердің бөлінуі; сыбайлас жемқорлық әрекеттер субъектілеріне мәлім белгілі бір ойын ережелерінің, нормаларының болуы; сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің қалыптасқан сленгі, яғни, тілі мен рәміздік белгілері; мүдделі адамдарға белгілі және орныққан қызметтер таксасы.

Сыбайлас жемқорлық ұлттық шекаралардың шеңберінен шығып кеткен, сондықтан онымен күрес жаһандық ауқымда жүргізуді қажет етеді. Одан түсетін түсімдер «жуылғаннан» соң әлемдік және ұлттық қаржы ағымдарына құйылады да, мемлекеттік және халықаралық билік пен экономика институттарын бұзады. Ол заңның, демократия мен адам құқықтарының үстемдігіне қатер төндіреді. Қоғамның моральдық тетіктерін, билікке деген сенімді, мемлекеттік басқару, теңдік пен әлеуметтік әділеттілік қағидаттарына зиянын тигізеді, бәсекеге бөгет жасайды және экономикалық дамытуды қиындатады. Әсіресе, ең қауіптісі — мемлекеттік билік орындарындағы сыбайлас жемқорлық. Бұл жағдайда ол монополияның билікпен симбиозының, мемлекеттік қызметкерлердің шешім қабылдаудағы қауқарсыздығының, шенеуніктердің бақылауда болуы мен оларға құқықтық жауапкершілік жүктелмеуінің көрінісіне айналады. Тәжірибенің көрсетуінше, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың бүкіл жүйесін бұзады, мемлекеттік билік пен мемлекеттік қызметтің беделінің құлдырауына мүмкіндік жасап жатады. Сыбайлас жемқорлық экономиканың дамуына кедергі жасайды, әсіресе экономика саласындағы ұйымдасқан қылмыстың өсуіне мүмкіндік береді [1, 10 б.].

Мемлекеттік машинаны ұйымдасқан қылмыстың қолдануы мемлекеттік өкілеттілікті жекеменшікке айналдыру амалы ретінде тікелей сыбайлас жемқорлықпен байланысты. Гегель былай деп жазды: «Мемлекеттік биліктің жеке индивидум иеленген үлесі — жалпыға ортақ биліктің жоғалтқаны деген сөз». Ол аз десеңіз, индивидтер мен қылмыстық құрылымдар биліктің өздері иеленген бөлігіне сүйене отырып, мемлекетке, азаматтық қоғам институттарына және де оның құндылықтарына шабуылға шығады. Сыбайлас жемқорлық мәселесін шешпей, мемлекеттік басқарудың міндеттерін сәтті орындау мүмкін емес [4, 35 б.].

Сыбайлас жемқорлық феноменін түсінуге қатысты сан түрлі әдістемелік бағыттар бар. Сыбайлас жемқорлықтың ежелден ақ түрлі — әлеуметтік, саяси, криминологиялық, құқықтық аспектілерінде қарастырылған.

Осылайша, Платон мен Аристотель сыбайлас жемқорлықты саяси категорияға жатқызды, Макиавелли оны мемлекеттің азаматтық ізгілікті бұзатын ауыр сырқаттың белгісі деп санады, Ш. Монтескье оны нәтижесінде жақсы саяси тәртіп не жүйе жарамсызға айналатын дисфункционалдық үдеріс ретінде сипаттаған.

Қазіргі ғылыми, оқулық және қоғамдық-көркем-сөздік әдебиеттерінде де сыбайлас жемқорлыққа түрліше анықтама беріледі. Сыбайлас жемқорлық туралы онымен күресудің әмбебап амалын анықтауға негіз болатын біра-

уызды ұғымды қалыптастыру — күрделі эволюциялық үдеріс. Сыбайлас жемқорлықтың интегралдық сипаты бұл күрделі құбылыстың бір ізді, бір мағыналы анықтамасын жасауға бүгінгі күні мүмкіндік бермей отыр.

Алайда, бәрібір сыбайлас жемқорлықтың тарихи алғашқы анықтамалары көбінесе құқық саласына жатады [5,105 б.].

Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде сыбайлас жемқорлықты парамен сатып алушылық, лауазымды басшылардың, саяси қайраткерлердің сатымпаздығы ретінде сипаттайды [2,205 б.].

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңы сыбайлас жемқорлықты мемлекеттік қызмет атқаратын адамдардың және оларға теңестірілгендердің мүлктік игіліктер мен артықшылықтарды өз қызмет бабы және онымен байланысты мүмкіндіктер арқылы пайдалануы, әйтпесе оларды мүлктік пайда табу үшін тікелей өздері немесе делдалдар арқылы басқаша пайдалана отырып, заңмен қарастырылмаған түрде шешім қабылдауы, сонымен қатар ол адамдарды жеке және заңды тұлғалардың оларға аталған игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы заңсыз сатып алуы ретінде сипаттайды.

Халықаралық құқық көздері сыбайлас жемқорлыққа әлдеқайда кеңірек анықтама береді және тиісінше сонымен байланысты құқықбұзушылық субъектілерінің кеңейтілген шеңберін көрсетеді. Дефинициялардың мейлінше ықшам, бірақ мазмұндыларының бірі — БҰҰ-ның IX конгресі ұсынған, сыбайлас жемқорлықты «жеке мақсатта пайда табу үшін мемлекеттік билікті асыра пайдалану» ретінде сипаттайтын анықтама. [43.9 б.].

Кейбір анықтамаларда, мәселен, сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі БҰҰ хатшылығы дайындаған ережеде берілген анықтамада жемқорлық қылмыстық істердің жіктелген төмендегідей 3 тобының жиынтығы ретінде түсіндіріледі: лауазымды адамдардың мемлекет меншігін ұрлауы, жымқыруы және иеленуі; жеке басының пайдасы үшін қызмет бабын асыра пайдалануы; қоғамдық парыз бен жеке есеп арасындағы мүдделер қақтығысы.

Сыбайлас жемқорлық туралы Азаматтық-құқықтық жауапкершілік конвенцияның 2-бабындағы (1999ж.) анықтамаға сәйкес, «сыбайлас жемқорлықты — пара, жөнсіз артықшылық немесе соның мүмкіндігіне ие болған адамнан талап етілетін, оның негізгі міндеттерін немесе мінез-құлқын бұзуға әкеп соқтыратын тікелей немесе жанама талап; пара немесе кез келген басқа да тиесілі емес артықшылық пен соның мүмкіндігін ұсыну және оның қабылдануы» [37.586].

БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлықпен халықаралық күрес жөніндегі анықтамалық құжатында сыбайлас жемқорлық «жеке мақсатта пайда табу үшін мемлекеттік билікті асыра пайдалану» ретінде сипатталады. Бұл ұғым парақорлықты (лауазым иесін борыш тұрғысындағы жолдан тайдыру үшін сыйлық беруді), непотизмді (тамыр-таныстық жөнімен кіріс кіргізуді немесе пайдалы лауазымдардағы туысқандарды немесе «өз адамдарын» орналастыруы)

және көпшілікке ортақ меншікті жеке мақсатта қолдануды қамтиды. [53.796]

Сыбайлас жемқорлықтың анықтамасына қатысты көзқарас пікірлердің алуан түрлілігі бұл құбылыстың күрделілігін білдіреді және же оны терең де жан-жақты зерттеуді тадап етеді, біріншіден, сыбайлас жемқорлықты түсінудің теоретикалық деңгейін тереңдету (дәл, айқын анықтама беру, сыбайлас жемқорлықпен оның дамуына мүмкіндік жасайтын себептерді тексеру), екіншіден, сыбайлас жемқорлықтың қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саяси өміріне ықпалын анықтау және бұл құбылыспен күресу бағытындағы нақтылы шаралар жүйесін құру.

Ғылыми әдебиеттердегі анықтамаларда: «Сыбайлас жемқорлық деп — қоғамдық және саяси қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың сатқандығын, оларды сатып алуды, саяси, экономикалық, әскери және тағы басқа салалардағы қызметкерлердің қолындағы билігінің мүмкіндіктерін және қызмет бабын жеке басын байыту мақсатында пайдалануын айтады». Сонымен, жоғарыда

келтірілген анықтамаларға талдау жасай келе, мынадай қорытындыларды жасауға болады: сыбайлас жемқорлық құбылысының өзіне тән белгілерінің болуы; сыбайлас жемқорлық — ең алдымен бұл қоғам дамуына кері әсерін тигізетін әлеуметтік құбылыс; халықаралық құжаттарда жемқорлық ұғымының нақты анықтамасының жоқтығы; әрбір мемлекет қазіргі құқықтық дәстүрлер негізінде өздерінің жемқорлыққа қарсы құралдар жиынтығын анықтауы; жемқорлық ұғымының қазіргі қоғамдағы жемқорлықтың құқықтық анықтамасына негізделмегендігі.

Осылардың барлығын қорыта келе, сыбайлас жемқорлық — бұл екі жақ арасындағы өзара келісім «мәмілесі» деп тұжырымдауға болады. Оның бірі — өз лауазымын заңға қарсы пайдаланатын мемлекеттік немесе жеке қызметте жұмыс жасайтын тұлға болса, екіншісі — мемлекеттік немесе жеке құрылымды өз жеке басының пайдасы, яғни, материалдық жағдайын көтеру, артықшылық алу, заңда көзделген жауапкершіліктен таяу тағы үшін пайдаланатын тұлға.

Әдебиет:

1. Рогов И. И., Құспанов Н. Б., Исенова С. Е. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттің негіздері, Оқу құралы, «Транспаренс Қазақстан», Алматы 2004.
2. Алауханов ЕСБЕРГЕН Оразұлы Криминология (Қылмыстану), Оқу құралы, «Қазығұрт» баспасы — Алматы 2006
3. «Ақ жол Қазақстан» газеті, №56 (73), 29 тамыз 2008ж.
4. «Егемен Қазақстан» газеті №489, 10 желтоқсан 2008ж.
5. Рарог А. И. Вина в преступлениях, посягающих на два объекта: задача и средства уголовно-правовой охраны общественных отношений. Сборник ученых трудов ВЮЗИ. Москва, 1983. 48—596.
6. О проблемах вымогательства. Бюллетень Верховного Суда Республики Казахстан. — 1994.
7. Кудрявцев В. Н. Правовое поведение: норма и патология. Москва, 1982.

ПСИХОЛОГИЯ

Тұрақтылықты қамтамасыз етуде тотемнің адам санасындағы орны

Ералина Айгуль Қуандыққызы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Байкенже Нұргүл Қаржаубайқызы, магистр, аға оқытушы

Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Қауіптің қашанда серігі болған — қорқыныш адамға тұрмыстың қауіпті жағдайынан қашу және қауіпсіздікке жету жолдарын және амалдарын іздеуге түрткі болды, ал табиғаттың зерттелмеген, қауіпті көріністері, күнделікті өмірдегі басқа да өте қиын жағдайлар және өлім тәжірбиесі қасиеттілік түсінігін туғызды. Тотемизм сынды, ру тайпалық діннің негізі дәл осы қорқыныш және қорғанысқа деген қажеттілікте жатыр. Адамзаттың санасында тотем қауіпсіздікке деген қажеттілікті қанағаттандыра отырып, тұрмыстық анықтылықты, тұрақтылықты қамтамасыз етті. З. Фрейд «Тотем және табу» еңбегінде «алғашқы адамдар, оларға деген орасан зор игі ниетті немесе қастық ойлаушы жындардың, шайтандардың әлемінде өмір сүреді» деп жазған. «Олар табиғат көрінісінің себебін теледі және олар жануарлар мен өсімдіктерді ғана жандандырып (жан бітіру) қоймай, сонымен бірге әлемнің жансыз заттарында жандандырады деп жорамалдайды» [1].

Бір тотемикалық топтың мүшелерінде көптеген әрекеттерге — табуға тыйым салынған. Табудың тарихи және невротиқалық формаларының әр алуандығын зерттей келе, Фрейд олардың ортақ белгісін — қорқынышты анықтайды. Мысалы, «жанасу қорқынышы: патшаға, абызға жанасу қарапайым адам үшін өліммен тең, бірақ олардың тарапынан мұндай қылық (ишара) үлкен игілік ретінде қарастырылған». Тотем адамның негізгі өмір салаларын реттейді, жазалау және ләззат алумен өз еркі бойынша иелік етеді, екі қарама-қарсылықтарда көңіл көтереді. Бір жағынан — қорқынышты, қауіпті, екінші жағынан-қасиетті, әулие. Қолдаушылар тотемді оларға табиғаттан тыс көмек көрсете алатын: «Тайпа өз тотемінен қорғаныс және қайырымдылық күтеді».

К. Лукьяненко кельт құдайларын зерделей келе, «алғашқы кельттік діни көзқарастар табиғат көріністеріне және аппатты күштерге бас июді білдірді. Олар табиғат адаммен тілдесе алады деген сенімге құралды. Кельттердің өздері болса сыйқыршылық әрекеттер және жоралғылардың тұтас жүйесінің көмегімен табиғатпен сиқыр тілімен сөйлескен» [2] деп ескертеді. «Табиғи» ілім деп аталатын діннің алғашқы формаларында, мәселен, магия

секілді, «табиғаттан жоғары» нәрселерге сену сондай-ақ адамның өз дәрменсіздігімен және қоршаған әлемнен төнген қауіптен (қауіпсіздікке қажеттілік) сырттан келетін қорғанысқа қажеттілікке байланысты болған. Адамдар сиқырға өзін өмірде жақсы, сенімді сезіну және қауіпті жағдайлар төнген сәтте ғана емес, сондай — ақ оларды болдырмау және қарапайым өмір сүруді жалғастыру мақсатында жүгінеді.

Б. Малиновский «алғашқы адамдар қоршаған әлем жөнінде жақсы білім тәжірбиесінде қалыптасқан көптеген арсеналға ие бола тұрып, табиғаттың қырсықтығын, жазым оқиғаларын, аппаттық және жойқын құбылыстарын болдырмауға күштері жетпеген болған деп айтады. Олармен кездескен жағдайда, адамдар сиқырдың күшімен оларға иелік етпек болады». Сиқырға жүгіне отырып, олар қалағандарына жетудің мүмкін еместігінің орнын басқа тиімді құралдармен толтыруға тырысады. Мысалы, тробриандықтарды зерттей отырып, Малиновский, «олар сиқырға теңізге шығу қарсаңында немесе сол уақытта — тәуекелмен байланысты қауіпті іс бастағанда жүгінген» деп жазады. Олар басқа амалдармен өздеріне сәтті сапар, қолайлы ауа-райын және желді қамтамасыз ете алмайтынын білді. Бүгінгі уайымдаумен байланысты қорқулар және болашақтағы белгісіздік адамдарды сәуегейлер мен сиқыршылардың көмегіне жүгінуге мәжбүрледі. Олардың аузынан шыққан болашақ жөніндегі ақпаратты қандай да бір айғақтарсыз енжар қабылдап, «жоғарыдан келген» тағдырына бағына отырып, адам солай болғалы жатқан жағдай жөнінде білім және сонымен бірге қауіпке қарсы тұрарлық және өзін қорғай алатын (қауіпсіздендіретін) сенімділік жинақтайды.

«Шаман дінінің қазақ арасындағы қалдықтары» атты еңбегінде Шоқан Уәлиханов әр-түрлі қауіп-қатерлерден сақтану және алдын алу үшін адамдар «шамандардың» көмегіне жүгінені туралы сипаттайды. «Адам аспанға, күн мен айға өз үстінен билік ету мәртебесін жазды, олардың ықпалын жоққа шығаруға болмайды, алайда бұл ықпал осы әлемде тек оған (адамға) туғаннан өлгеніне дейін әсер етті. Ол табиғаттың айрықша жебеуімен ғажайып

бейнеден туып, ашу-ызасынан өлуі мүмкін, бірақ өлген бойы оған табиғат билігі жүрмейді, ол өзі әруаққа, онгонға, еркін құдіретке айналады. Шаман халқында, христиандық тұрғыдан алғанда, күнә болған жоқ, адам арұятын таптап, теріс жүруден қорықты, өйткені осыдан оның малы азайады; от басса, ол ауру табады. Шамандар аспан (көк тәңірі) мен рухтың желеп-жебеуіндегі адамдар ретінде құрмет етілді. Шаман — сиқыр мен білім дарыған, басқалардан жоғары тұрған адам, ол — ақын, әнші, көріпкел және сонымен бірге дәрігер. Ем, кесел шаманның пікірінше, физикалық себептерден болмайды, бірақ Құдайдың, немесе жын-шайтанның еркінен, жалпы киелі нәрсені қадір тұтпаудан болады, сондықтан аурудан емдеуді жын-шайтанға жақын, сол себептен де белгілі салттармен немесе қырғыздардың өздері айтатындай еммен таныс адамдар — шамандар жүргізеді. Барлық ауруларды шамандықта жын-шайтанның қағуы мен онгондардың ашуымен көреді, сондықтан олардың емін, рухтары желеп-жебейтін шаман — адамдар жүргізеді. Жын-шайтандардан шамандардан басқа, кейбір атақты, текті немесе батыр адамдардан да қорқады, бұл тұрғыда оларды тірі рухтар» [3] деп жазады. Адам белсенділігінің басым факторы бола тұрып, өзін өзі сақтаудағы қажеттілік оның санасын ғажайыптар (табиғаттан тыс) саласына бағыттады. Адам өмірінің дағдарыстық кезеңдерінде (туылу, өлім, отбасы, ажырасу, құштарлық) оның бойын жаулап алған абыржу және алаңдау, сенімсіздік сезімдерінен құтылу тілегі діни сенімде де көрініс табады. Қиын сәттерде өмірден күдерін үзген және сенімділігінен, орнықтылығынан айрылған адам Құдайға келеді. Құдайға деген сенім, оның билігі мен күшіне (құдыреттілігіне) сенімділік өмірде сүйеніш (тірек) рөлін ойнайды және жанның жайбарақаттығын ғана сақтап қалмай, сонымен қатар сыртқы әлеммен үндестікті ұстап тұрады. Гайденконың сөзінше, «дін өз міндетін адамға «өмір жолын» көрсетуде, оның өмірлік мақсаттарын және тәртіп жолдарын қалыптастыруында көрінеді». Әлеуметтік келісілген түрдегі дүние танымның, діннің пайда болуы ақиқатты түсінудің жаңа тәсілі болып ғана қоймай, сонымен бірге қауіпсіздіктің мәнін түсінуде кезекті кезекке айналды [4].

Діни сенім адамдардың өмір талаптарына, заңдарына жауап беретін және сондай ақ қоғамдағы жағдайлар туралы дұрыс түсінік қалыптастыруда өте жақсы рөл ойнайды [5].

Дін адам үшін оның рухани ұйымын қорғаудың және тәнін сақтаудың үйлесімді амалы ретінде алға шығады. Құдайға сену қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі механизміне айналады. Діни талаптар мен ережелерді сақтау бүгінгінің әлеуметтік процесстерін реттеді және солай адамның санасына қорғаныста (қорғауда екеніне) және аман қалуда сенімділік, тұрақтылық жағдайларын орната отырып, тыныш және тату «келешек» өмірдің мүмкін екендігіне сенімділік ұялатты. Бұл қауіпсіздікті идеалистік түсіну, қауіпсіздік материалистік бояулармен суреттелген жаңашыл түсініктерден ерекшеленеді.

Діни сенімде де, құдайға табынушылық нанымдағы сияқты, табиғаттан тыс күштер — қорғаныш күшін көрсете және жаза жібере алатын жалғыз, құдіретті Құдай түрінде қатысады. Жалпы айтқанда барлық діндер үшін «қайғы-қасірет бізге жоғарыдан берілген және олардан бұдан жақсырақ өмірге дайындалу мағынасында бір пайда шығаруға болады деген сенушілік болады» «Ақыр соңында біз қандай жамандықпен жолықсақта, ол өлшеулі және оның бігер сәті болады, ал Құдайдың қайырымдылығында шек болмайды» [6].

Дәстүрлі дін моральдің және руханилықтың бастауы болды. Көптеген діндермен бөлінетін мәдени құндылықтардың негізінде махаббат, үміт, бейбітшілік, әділеттілік деген әмбебап түсініктер жатыр. Моральдік бастама әсіресе әлемдік діндерде айқын көрінген, айта кетейік, мысалы, буддизмде тіптен, кейбір зерттеушілер буддизмді дін деп емес, «моральдік жүйе» деп атайды. Бұл діннің ұстанушысы үшін буддалық «аман қалу (сақтану) жолы» ғибадаттық әрекет емес, қасіретті моральды-сабырлы түрде көтеру, сезімдерінен, тілектерінен бас тарту, адамгершіліктік принциптерді ұстану дегенді білдіреді. Мәселен, Будданың мынадай қанатты сөздері және нақыл сөздері: «Адам бос, қажетсіз сөздерден, екіжүзділіктен, азғындықтан, әдепсіздіктен, тәкаппарлықтан, көралмаушылықтан бас тартқанда және ол өзінің ақылымен келісімде өмір сүргендіктен, барды қанағат етіп үйренгенде ғана кемелденуге, мейрімділікке, адам сүйгіштікке, бақытқа қол жеткізе алады» немесе «Әр адам өзінің ақылына және қажеттілігіне қарай, беру керек деген мөлшерді береді, ал өзгенің байлығын және басқалардың дәулетін көреалмаушылар ешқашан кемелденген адам бола алмайды» жоғарғы адамгершілік құндылықтарға ие адам осы бағытпен жүруі керек. Буддизмнің негізгі мазмұнын қайғы-қасірет туралы ілім құрайды, оның негізінде қайырымды ақиқаттар — осы діннің барлық мектептерімен және бағыттарымен мойындалған діни доктрина және буддизм дінін оқытудың негізгі қағидалары жатыр. Қоршаған орта тарапынан сол немесе басқа жағымсыз ықпалымен келген барлық қайғы-қасіретті, азаптарға төзеді, қайғы шегеді. Адам құрғақшылықтан, егіннің болмауынан, басқа адамнан қайғы-қасірет көруі мүмкін, қайғы-қасіреттің барлық бастауын тізіп шығу қиын. Буддизм қайғы-қасіретпен күнделікті өмірмен байланыстының бәрін, туылған сәттен бастап, өліммен аяқталғанға дейінгінің барлығын: «туылудың-азабын, қартайу-азабын, ауру-азабын, өлім-азабын, жағымсыздықпен қосу-азабын, жақсылықтан айрылысу-азабын, қалаған бір нәрсені ала алмау-азабын» жария етеді, тіршілікке қарама-қайшы жақындастық (бауырмашылық) бұл қайғы-қасіреттің өзі. Адамның өмірі көптеген қауіпті жағдайлар қайғы-қасіретке толы, олардың ішінде бірінші кезекте биологиялық табиғаттың күшімен болмай қоймайтын сипатта болатындар (ауру, қарттық, өлім), сондай-ақ өмірдің әлеуметтік құралмауы, ықтимал бақытсыздықтар және қиындықтармен қолайсыздыққа ұшырататындар жатады.

Аман қалуға алып баратын жол туралы төртінші «қайрымды ақиқат» қызықты және сабақ боларлықтай. «Дұрыс кіріспе, дұрыс ой, дұрыс сөз, дұрыс әрекет, дұрыс өмір салты, дұрыс күш салу (тырысу), дұрыс назарға алу, дұрыс дайындалу». Бұл жол, «жүру керек жолды көрсететін ой өрісін береді, білім береді, ол татулыққа, жоғары білімділікке алып барады». Бұл ақиқат көптеген этикалық ережелерді жоғалтып алған, жаңашыл адам үшін айтарлықтай маңызды, ол жаңашыл адамның қауіпсіздік мәдениеті және дүниетаным құрылымындағы қауіпсіздік элементін қалыптастыру кезінде алгоритм ретінде пайдаланыла алады. Жаңашыл іздестірулер жалпы «сансар» және «карма» жолынан құтылу (аман қалу) және босанау (азаттық алу) жолдарын іздеумен тең жеке адамның, сондай-ақ адамзаттың тірі қалуының амалдары [7].

Сонымен, жоғарыда айтылғандар аталған даму кезеңінде пайда болған дүниетаным мен алдын ала келісілген

қауіпсіздік туралы сипаттамалық түсініктер нақты бір тарихи заманда қалыптасты деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Тотемге табынушылық және діни сенімдер қауіпсіздік туралы пайда болған ілімді бір арнаға шоғырландырды және қорғаныс функциясын табысты орындай, қоғамның өмірін реттей отырып қауіпсіздікті және жеке және әлеуметтік тұрмыстың тұрақтылығын қамтамасыз етті. Қауіпсіз өмірдің заңдары ғажайып-тіршіліктермен, құдайшыл шежірелермен, жалғыз Құдаймен анықталды. Салт жоралғыларды сақтау тыныштыққа, қорғанысқа кепілдік берді және тұрмыстың мызғымас тұрақтылығын қамтамасыз етті, ал тұрақтылықтың (қауіпсіздіктің) кепілі адамның санасында нығайған заттардың табиғи-тиімді, мәңгілік, тамаша реттілігі болды. Адамдар өздерін тек табиғатпен бірге қауіпсіздікте сезінген, себебі «табиғатта өмір сүрген» және өздерінің субъективті саналарын объективті шындықпен үндестікте дамытқан.

Әдебиет:

1. Фрейд З. Тотем и табу. Психология первобытной культуры и религии. — СПб.: Алтейя, 1997. — 221 с.
2. Лукьяненко, К. По следам кельтских богов. Атеистические чтения: сборник. — М.: Политиздат, 1988. — 203 с.
3. Уалиханов Ш. Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. — Алматы: «Толағай групп», 2010. — Т. 4. — 496 б.
4. Gaidenko P.P. The nature of the religious worldview // Problems of Philosophy. — 1995. — № 3. — P. 43–52
5. Acculturation, Religiosity, and Ethnicity Predict Mothers Causal Beliefs About Separation Anxiety Disorder and Preferences for Help-Seeking. Erica D. Sood, Julia L. Mendez, and Philip C. Kendall. Journal of Cross-cultural psychology. — 2012. — Vol. 43, № 3. — 509 p.
6. Ed. P. A. Varghese. The great thinkers of the great questions. Modern Western philosophy. — М., 2000. — P. 398.
7. Hwang Soonil. Metaphor and Literalism in Buddhism. The doctrinal of nirvana. Publisher: Oxford University Press. Place of Publication. — Oxford: Publication Year, 2006. — P. 160.

ПЕДАГОГИКА

Қазақ жеріндегі ғұламалардың тәлім-тәрбиелік идеялары

Байжуманов Болат Шаймерденұлы, аға оқытушы;

Қасенов Талапбай Баубекұлы, аға оқытушы;

Мамиров Ерлан, аға оқытушы

Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Туркестан қаласы, Қазақстан)

Қазақстан Республикасы егеменді ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпы адамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде. Бүгінгі таңда қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани мәдениетімізді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Отаршылдық езгісі әсер еткен ұлттық менталитетімізді қалпына келтіріп, нығайту және өркениетті елдер қауымдастығы қатарынан орын алу — ұлттық мемлекетімізді қалыптастырудағы басты алғышарттардың бірі. Бұл мәселелер Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында, «Мәдени мұра» бағдарламасында басты назарға алынған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басым міндеттері ретінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны — Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу, отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу атап көрсетілген.

Мемлекетімізде ұлттық маңызы бар бірқатар бағдарламалар болса, соның бірегейі «Мәдени мұра» бағдарламасы болып табылады. Ұлт тарихын түгендеу, ұлт руханиятын қайта түлету мақсатында жасалынған бұл бағдарлама ұзақ мерзімге бағытталған кешенді, жүйелі іс-шаралардың мазмұнын құрайды. Бағдарлама елдің рухани және білім беру саласын дамыту, мәдени мұрасының сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Бұл мақсаттың тиімді шешімін табуда

әлемдік ғылыми ой-сананың, ұлттық мәдениет пен өнердің таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау міндеті қойылып отыр [1].

«Мәдени мұра» бағдарламасына қатысты алқалы жиында Елбасы Н.Ә. Назарбаев көшпенділердің әлемдік тарихтағы роліне тоқталып, қазақ жерінің Еуразия Кеңістігінің мәдени мәйегі, рухани түп қазығы болғанын айта отырып: «Қазақстанды Ұлы Дала өркениетінің қара шаңырағы ретінде халықаралық деңгейде танытып, қалыптастыруымыз керек», — деді. Сондықтан халқымыздың өткен тарихындағы озық педагогикалық идеяларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарап, бүгінгі ұрпақты жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыруға пайдалану керектігі айқын. Біз ең алдымен, өзіміздің тарихымызды нақты айқындап алуымыз қажет, бұл — әрбір ғылымның саласына қатысты мәселе. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейінгі саяси жүйеде қазақ ұлтының өткен тарихы, оның барлық кезеңдері мен іргелі мәселелері бұрмалауға ұшырағаны құпия емес. Кеңес дәуірі кезінде қазақ педагогикасы жабық тақырып болғаны анық. Ол кезде Қазақстандағы педагогикалық ойлардың қалыптасуы мен дамуы бойынша барлық ғылыми-зерттеу мен білім беру саласында әл-Фараби, Шоқан, Ыбырай, Абай туралы ғана сөз болды. Ғылымдағы түрлі тұжырымдамаларды қалыптастыруға тікелей ықпалы болған бұл идеологиялық ұстанымның салдары қазақ ұлтының тарихи танымынан анық байқалды: ұлт өзін өркениеттік құндылықтар жаратқан субъект ретінде сезінуден қалды, оның көңіліне өзінің этностық болмысына қатысты күдікті ойлар ұя сала бастады. Ал мемлекетіміздің тәуелсіздік алуының арқасында қазақ қоғамында мүлдем жаңа жағдай қалыптасты. Оны біз «жаңа рухани ахуал» немесе «жаңа рухани күй» деп атаған болар едік. Тұжырымдап айтқанда, заман талабына сай кезекті сапалы өзгерістерге мұқтаж ұлт өз өткенін қайта қорытуға ден қойды [2].

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихын академик философ Әбдімәлік Нысанбаев атап өткеніндей, түркілік ке-

зеңнен бөліп қарастыруға болмайды. Сондықтан ата тегіміз болып келетін түркі халықтарының ділі мен дінін, дүниетанымы мен әлемді философиялық тұрғыдан игеру тәжірибесін қазіргі дамуымызда, өркениеттік жолында және ел тәуелсіздігін нығайту тұрғысында толық ескеруіміз керек. Рухани өмірдің бедерсізденуін еңсеру мен қазақ халқының өзіндік санасын жаңғырту міндеттері әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар, әсіресе педагогика ғылымы саласында Шығыс, оның ішінде түркі өркениетінің ерекшеліктері мен тарихи тамырларын дүниежүзілік мәдениетпен салыстыра отырып, кешенді түрде зерттеулер жүргізу қажеттігін туындатып отыр. Шығыстың бай педагогикалық және тәлім-тәрбиелік ой-санасы, оның ішінде қазақ халқының педагогикалық дүниетанымы халық шығармашылығы мен ұлы ойшылдардың тәлім-тәрбиелік идеяларынан құралады. Адам мен дүниенің арақатынасын, адамның өзін-өзі тануын, сөйтіп өзін басқаға танытуын, тұлғаның өмірдегі орны мен ролін әлеуметтік және этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ педагогикасының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ педагогикасы — шығыстық педагогикадағы, ең алдымен, толық, рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік мазмұнмен байытқан педагогика болып табылады. Қазақ педагогика ғылымының шоқжұлдыздары әл-Фараби, Ж. Баласағұни, М. Қашқариден басталып, олардың бай мұрасы педагогика ғылымындағы ұлттық тарихымыздың бастау көздері болып табылатындығын өркениетті ел болуға аяқ басқан қазіргі кезде батыл айтатын уақыт жетті. Қазақ халқының сан ғасырлар бойы тәлім-тәрбиеге қатысты жинақтаған інжу-маржандарын әлем жұртшылығына танытып, әлемдік педагогиканың қатарынан орын алуына күш салуымыз елдігіміздің басты белгісі екендігін назарда ұстанған жөн деп білеміз.

Күні бүгінге дейін педагогиканың философиядан бөлініп шығуы мен оның ғылыми жүйеге енуі чехтың ұлы педагогы Я.А. Коменский есімімен байланысты болып келгендігі белгілі. Дегенмен де, тарих қойнауына үңіліп қарасақ, мыңжылдық тарихы бар әл-Фарабидің, Ж. Баласағұнидің, М. Қашқаридің еңбектерінде қазіргі педагогика ғылымының негізгі мәселелері қарастырылып, оның ғылыми-әдіснамалық негіздері тұжырымдалғанын анық көруге болады. Сондықтан ұлы ойшылдарымыздың еңбектерінің педагогикалық мәнін ашып көрсете отырып, олардың қазіргі қазақ педагогика ғылымының өзінің зерттеу пәні бар ғылыми білімнің арнайы саласы ретінде қалыптасуының алғашқы көзі болғанын әдіснамалық тұрғыдан айқындау және оны бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде қолдану бойынша нақты ғылыми тұжырымдалған ұсыныстарды жасау қажет.

Тәуелсіз Қазақстандағы жаһандану үдерісі әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар алдына түбегейлі реформалау міндетін қойып отыр. Әлемдік өркениетке ену жағдайында түбірлі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің негізінде ұлттық мәдениет пен руханиятты жаңғыртудың мүмкіндіктерін толық жүзеге асыру қажет-

тілігі туындап, педагогика ғылымын әрбір халықтың ұлттық ерекшелігіне сай жетілдіру мәселесін қарастыру көзделуде.

Кеңес дәуірінде педагогика ғылымы шектен шыққан идеологиялану нәтижесінде үлкен дағдарысқа ұшырағанын жоққа шығаруға болмайды. Педагогиканың идеологиямен етене теңестіріліп, түгелінен мемлекеттік бола түсуі әлеуметтік шындықтың нақты қайшылықтарын сыни және объективті түрде талдау мүмкіндігін шектеді. Педагогика ғылымының тұжырымдамаларын қоғамдық өмірдің ағымын өзгертуге болатын әлеуметтік технология ретінде қолдану бұрынғы кеңес заманындағы педагогикалық білімнің тиісті деңгейде дами алмауына себепші болды.

Педагогика ғылымы саласындағы дағдарыстың себебі болатын тағы бір құбылыс рухани мәдениеттің бедерсізденуі болып табылады. Бұл үрдістер қазақ халқының ұлттық дүниетанымының өзіндік қайнар көздері мен түп-тамырларын елемеге әкеліп соқтырды. Педагогикалық ілімдер тәрбиенің абстрактылы, қайшылықсыз үлгілері ретінде қарастырылды. Мұндай жағдайлар ресми мәдениеттің идеологияланған кеңістігінде ғана қалыптасуы мүмкін еді. Ал нақты өмірде, әсіресе қазақ халқының бай рухани әлемімен және ұлттық психологиясымен түйіскенде бұл теориялар әр түрлі қайшылыққа толы қорытындылар жасайтыны айғақталды. Сырт көзге дұрыс болып көрінетін абстрактылы қағидаттар халықтың тіршілік әлемінен, тәрбие ортасынан оқшау тұрғандықтан, өзінің дүниетанымдық маңыздылығы мен әлеуметтік құндылығын жоғалта бастады.

Педагогикалық теорияның мемлекеттік идеологияның ықпалында болуы, ұлттық рухани мәдениеттің ерекшеліктерін елемешілігі отандық педагогикалық ілімнің әлемдік педагогикалық бірлестіктен оқшаулануына алып келді. Әлемдік педагогикалық мектептердің негізгі бағыттарымен идеялық текетірістік жағдайында болу өзара тиімді дүниетанымдық және әдіснамалық үнқатысуды жүргізу мүмкіндігін шектей түскен болатын. Біздің педагогиканың томаға-тұйықтығы тәрбие мен білім беру мәселелерінің практикалық шешімін іздеуде догматизм мен әдіснамалық әлсіздікке әкеліп соқтырды. Екінші жағынан, педагогика ғылымындағы осындай қайшылықтардың тамырлары әлеуметтік жаттану үдерістерімен астасады. Бұл адамның меншіктен жаттануы, өзінің ұлттық тарихы мен халықтық педагогикасынан жаттануы, тіпті адамның өз мәнін, тарихы мен мәдениетін, тілі мен дінін жатсынуы болып табылады. Соның салдарынан адамдар әлеуметтік үдерістердің қарапайым құралы мен объектісіне айналды. Сондықтан қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында халқымыздың рухани ахуалына сәйкес педагогика ғылымы өз мазмұнын әлеуметтік жаттануды еңсеру жолдары мен ерекшеліктерін анықтауға бағыттауы тиіс. Мұның өзі біздің ұлттық болмысымызға сай қазақ педагогикасының әдіснамасын жасауды қажет етеді. Қазақ педагогика ғылымы әлемдік педагогика тұрғысынан қазақтың ұлттық рухы, менталитеті мен тәрбие ерекшеліктерінің қалыптасуы мен даму тарихын тұжырымдай отырып, өз бойында әлемдік мәдениеттің жетістіктерін жинақтап, жалпыадамзаттық тәрбие

тәжірибесін танытатын ғылым болуы тиіс.

Педагогика ғылымының әдіснамасы философия заңдылықтарына сүйенетіні белгілі. Философиялық ғылымдар педагогикаға тәрбиенің мағынасы мен мақсатын анықтауға, адамзат болмысы мен ойлауының жалпы заңдылықтарының әрекетін дұрыс түсінуге көмектеседі, ғылым мен қоғамда болып жатқан өзгерістер туралы шұғыл ақпарат бере отырып, тәрбиенің бағытын нақтылауға жәрдемдеседі. Философия табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдарын, түбегейлі мәселелерін зерттейді, өмір шындығын танып білу жөніндегі көзқарастың негізгі жүйесі болып табылады, адамды күшті идеялық сенімге, айқын түсіне білушілікке тәрбиелейді. Педагогика материалистік диалектиканың қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі, сан өзгерістерінің сапа өзгерістеріне ауысуы және терістеуді терістеу сияқты негізгі заңдарын

тәрбие, білім беру және оқыту процестерінде шығармашылықпен пайдалануды көздейді.

Қазақ философиясының қалыптасуын докторлық диссертация көлемінде зерттеген белгілі философ ғалым Ж. Алтаевтың «Бұрын «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тарихы» деген ұғымдарды білсек, енді «Қазақ философиясы» деген ұғымның біздің санамызға кіре бастауының теориялық, практикалық маңызы зор» деп айтқанындай, педагогика ғылымында да бетбұрыс жасап, егемендік алғанымыздың он жетінші жылында «Қазақ педагогикасы» ұғымын батыл енгізетін уақыт жетті. Әрбір халық «өз тарихын, философиясын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес» — деген болатын Л. Н. Гумилев [3]. Қазақ педагогикасы ғылымының қалыптасуы мен дамуын зерттеу болашақтағы ұлан-ғайыр ізденістердің бастамасы болуға тиіс.

Әдебиет:

1. Инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жетілдірудің теориялық моделі // Жалпы және кәсіби педагогиканың өзекті мәселелері: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. — 2-бөлім. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. — Б. 57–60.
2. Ақпараттық телекоммуникациялық оқыту технологияларын пайдалану ерекшеліктері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. — 2005. — № 4. — Б. 182–189. (Е. Е. Омарбековпен авторлық бірлестікте).
3. Математика пәнінен ашық сабақтар. — Зияткерлік меншік объектісін мемлекеттік тіркеу куәлігі. — № 322, 14.10.2005 ж. (Қалимаш Сарбасовамен, А. И. Омарбековамен авторлық бірлестікте).

Теоретические основы подготовки студентов к учебно-воспитательной работе с шестилетними первоклассниками в условиях 12-летнего среднего общего образования

Рахмет Усенбек Рахметулы, кандидат педагогических наук, доцент
Международный Казахско-турецкий университет имени Ахмеда Ясави (Туркестан, Казахстан)

Во всех странах мира главной задачей образования, заданной в преамбуле законов в области образования, является воспитание гармонически развитого, активного объекта общества, удовлетворение потребностей личности и общества в приобретении всесторонних знаний [1].

После обретения бывшими союзными республиками, в том числе и Казахстаном, независимости началась работа по созданию и развитию новой системы образования, отвечающей требованиям международного образовательного пространства.

В условиях суверенного независимого государства система образования в нашей стране претерпела значительные изменения. В одном из своих выступлений Президент Н. А. Назарбаев отметил: «...не реформы привели к кризису, а наоборот, доставшийся нам в наследство от развалившегося Союза кризис заставил искать новые пути выхода из него, заставил встать на путь реформ» [2]. Государственная политика в процессе реформиро-

вания образования в Казахстане, сегодня, на наш взгляд, определяется законодательством, управлением и финансированием, так как от каждого из этих звеньев зависит, в целом, успешность проводимых реформ.

Образовательную политику РК определяет закон «Об образовании», различные законодательные акты, регулирующие отношения в области образования и определяют её основные тенденции. Хотим отметить, что практически все последние государственные документы, касающиеся изменений в области образования, обращают внимание не только на профессиональные знания и умения специалиста, но и на развитие и формирование у него творческих способностей, которые позволяют быстро реагировать на постоянно меняющийся поток информации, фильтровать и использовать полученные знания для самостоятельной деятельности в необходимой области общественных отношений. Результаты анализа наиболее важных законодательных актов представлены в таблице.

Таблица 1.

Год	Законодательный документ	Аспект формирования способностей будущих специалистов
1992	Закон «Об образовании»	«Главная задача — создание государством необходимых условий для формирования и развития <i>активной личности на основе национальной и мировой культур</i> » [3], свобода выбора языка обучения и типа учебных заведений. За учреждениями образования были законодательно закреплены <i>права на выбор программ, методов, форм обучения и воспитания</i> , что в определенной степени послужило основой для развития активности педагогов. Основные задачи декларовали необходимость выведения образования еаскления на мировой уровень, что требовало: — раскрытие духовных и физических возможностей личности, формирование прочных основ нравственности и здорового образа жизни, <i>обогащение интеллекта путём создания условий для развития творческой индивидуальности</i> ; — предоставление жителям РК права на получение образования; — непрерывность и разветвлённость образования, позволяющие быстро, доступно обращаться информации в обществе, что делает выше уровень образованности.
1994	Концепция гуманитарного образования	«Главное — создание условий для познания подростком самого себя, укрепить его уверенность, равить его «Я», составляющее степень личности, воспитать уважение к другим людям и умение сотрудничать» [4]. В этих условиях может меняться содержание образования. В учебные планы включаются курсы «Валеология», «Человек», сейчас это «Самопознание» и др., дающие подросткам знания о самом сложном природном объекте — человек.
1995	Концепция воспитания детей дошкольного и школьного возраста	«Цель — воспитание всесторонне развитой личности. Основная задача — развитие творческих способностей каждого ребенка, его умений правильно воспринимать явления окружающей действительности и стремления к самостоятельным действиям» [5]. Это в свою очередь представило педагогическим коллективам широкие права, а так же необходимые условия для творчества.
1995	Концепция государственной политики в области образования РК	«...Образование является сегодня главным средством сохранения и трансляции культуры будущим поколениям. Это важнейшая сфера духовного производства, которая создает не только интеллектуальную, но и экономическую базу процветания общества. Стратегическим ориентиром реформирования сферы образования должна стать <i>идея формирования новой генерации людей с инновационным, творческим типом мышления, с развитой мировоззренческой культурой высококвалифицированных профессионалов с этически ответственным отношением к миру</i> » [6]. В общем, можно сказать, что в области развития образования государственная политика наметила работу в следующих направлениях: поощрение многообразия типов воспитательно-образовательных учреждениях; содействие семейному воспитанию детей; улучшение программно-методического и кадрового обеспечения; <i>содействие в формировании личности «нового учителя»</i> ; поощрение многоканальности финансирования образования; создание условий для освоения государственным и языком межнационального общения. Это, на наш взгляд, предъявляет новые требования к личности учителя, к его профессиональной деятельности и способам его осуществления.
1995	Концепция этно-культурного образования в РК	Основные направления: — создание условий для освоения государственного и языка межнационального общения; — разработка программ воспитания и обучения, учебно-методичнский пособий и фильмов, компьютерных игр на национальном языке; — определение обязательным условием этнокультурного образования — многоязычие [7] 7 Эти изменения позволяют обогатить сферу педагогической деятельности, <i>выдвинув личный мир ученика на приоритетное место.</i>

1999	Закон «Об образовании (изменения и дополнения)»	<p>Внесенные нововведения:</p> <ul style="list-style-type: none"> — введение в систему образования нового воспитательно-образовательного института — предшколы, Для предшкольной подготовки детей 5–6 лет; — бесплатность предшколы. <p>Теперь ведущими задачами образования являются:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Воспитание гражданственности и патриотизма, любви к родине — Республике Казахстан, уважение к государственным символам, нетерпимость к любым антиобщественным и антиконституционным проявлениям. 2. Приобщение к достижениям мировой и отечественной культуры; изучение истории, обычаев, и традиций казахского и других народов республики; овладение государственным, русским и иностранными языками. 3. Введение новых технологий обучения, информатизация образовании, демократизация и децентрализация образования. 4. Подготовка квалифицированных рабочих и специалистов конкурентноспособных на рынке труда, переподготовка и повышение их квалификации. 5. Расширение автономности, самостоятельности организации образования, выход на международные глобальные коммуникационные сети. 6. Переобучение и переподготовка высвобождаемых работников и незанятого населения. 7. Содействие эффективному развитию разнообразных и поли-функциональных организаций образования [8]. 8. Данные моменты, на мой взгляд, предъявляют новые требования к подготовке современных специалистов, готовых к активной деятельности.
2004	Проект концепции развития образования Республики Казахстан до 2015 года	<p>«Цель — определение стратегических приоритетов в развитии образования для формирования национальной модели многоуровневого непрерывного образования, интегрированной в мировое образовательное пространство и удовлетворяющей потребности личности и общества». Основными направлениями концепции являются <i>подготовка специалистов новой формации, обладающих широкими фундаментальными знаниями, инициативных, адаптированных к меняющимся требованиям рынка труда и технологий, умеющих работать в команде</i>. Кроме того, на основе интеграции образования и науки создание эффективной системы подготовки научных, научно-педагогических кадров, способных решать проблемы совершенствования общества, экономики, производства, науки, разрабатывать передовые технологии [9].</p> <p>Вышеуказанные нововведения свидетельствуют в пользу творчески-направленной личности.</p>
2004	Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005–2010 годы	<p>«Цель программы — модернизация национальной системы многоуровневого образования на основе приоритетов Стратегического развития Республики Казахстан до 2010...» Основными задачами программы являются:</p> <ul style="list-style-type: none"> — обновление содержания и структуры образования на основе отечественных традиций, мирового опыта принципов устойчивого развития; — <i>переход на 12-летнее среднее образование;</i> — реконструктуризация системы профессионального образования и подготовки кадров в соответствии с критериями МСКО; — создание целостной трёхступенчатой модели подготовки кадров; — повышение качества подготовки высококвалифицированных и конкурентноспособных кадров для всех отраслей экономики; — интеграция с мировым образовательным пространством; — повышение социального статуса педагогических работников, совершенствование финансового и кадрового обеспечения системы образования, подготовка менеджеров образования и др. [10]. <p>Выполнение поставленных задач позволит сформировать <i>личность качественно нового специалиста — творческого, мобильного и конкурентноспособного</i>.</p>

2011	Проект государственной программы развития образования в Казахстане на 2011–2015 гг.	<p>В проекте большое значение придается:</p> <ul style="list-style-type: none"> — повышению престижа педагогических кадров, их карьерному росту; — обеспечению повышения квалификации и профессиональной компетентности; — вопросам государственной поддержки и стимулированию педагогического труда, для обеспечения учащихся Казахстана качественными знаниями; — улучшению показателей знаний в международных рейтингах; — повышению привлекательности системы образования Казахстана.
------	---	--

Изменение государственной политики в области образования, законодательно закрепленное на свободу педагогического творчества (что видно из приведенной выше таблицы) позволили, на наш взгляд, отойти от единообразного подхода в воспитании, свойственного советскому периоду.

Приведенные выше нововведения и изменения привели к определенным положительным сдвигам в системе образования РК. Появились новые типы учебных заведений, деятельность которых направлена на формирование активной и эрудированной личности. Это актуально на фоне роста численности учащихся и постоянно возрастающего требования общества в творчески-направленных, активных, высоко социализированных специалистах.

Думается, что на современном этапе всё таки произошло осознание того, что все свои кризисные проблемы общество и образование могут решить через подготовку воспитанной, социализированной, культурной, творчески активной личности.

На сегодняшний день в нашей стране новым направлениям, инновационному обучению и основам образования придается особое значение. Активное обновление получили практически все области жизни, а путь к процветанию страны требует воспитания единства, поиска и деловых качеств у нового поколения.

Еліміздің көркем мәдениетінің дамуы бейнелеу өнері шеберлерінің шығармашылығымен тығыз байланысты. Қазақстанда көркемдік білім саласында этнодизайн ұғымы қолданылғанымен, оның мәні толық анықталып болған жоқ. Этнодизайнерлік шығармашылық туралы нақты анықтама берілген жоқ. Этнодизайнерлер еңбегі өнертанымдық талдауды қажет етуде. Қоғамдық дамудың қазіргі кезеңінде ұлттық, тарихи және эстетикалық мұраға деген қызығушылықтың арта түсуі байқалады. Бабаларымыздың қалдырған мұраларының ішінде ендік қолөнер бұйымдары мен оны жасау тәжірибесі ерекше назар аударатын құбылыс. Осылардың арасынан, қазақ халқының қыш өнері ұлттық мәдениет тарихынан ерекше орын алады. Қазіргі таңда осы қасиетті өнерді келер ұрпаққа жеткізуге орасан үлес қосып келе жатқан өнер шеберінің бір де бірегейі Кендебай Қарабдалов. Қыш өнері шеберінің бір туындысынан қарапайым саз балшыққа жан бітірген шеберлікті, көз тартар көркемдікті аңғаруға болады. К. Қарабдаловтың бойындағы барлық шығармашылық келбетін қыш бұйымдар жасауға арнады. Құмыралардың, саз аспаптарының тұтас және құрамдас бөліктерін тапты. Қышпен ою-өрнегін жіппен тізгендей етіп, композициялық шешімдерін анықтай білді. К. Қарабдалов шығармашылығы туралы бірқатар ақпараттық-танымдық мақалалары болғанымен оның этнодизайнерлік шығармашылығы туралы өнертанымдықарнайы зерттеу болған емес. Ол қазақ этнодизайнының орнын анықтап, ғылыми-өнертанымдық айналымға қосу қажеттігі туындауда. Өз ерекшелігімен дамыған және бүгінгі таңда ұлттық өнерімізді, менталитетімізді анықтайтын қолөнердің бір саласы ретінде қыш өнері өркендей бермек. Қазақ бейнелеу өнерінде өзіндік көркемдік шығармашылық қолтаңбасымен ерекшеленетін шығармашылық тұлғаның бірі — К. Қарабдаловты ұлттық қолөнер бұйымдарын заманауи технологияларды және дизайн талаптарына сай жасайтын этнодизайнер ретінде тануға болады. К. Қарабдаловтың шығармашылық қызметі баспасөзде этнодизайнер, этномузыкант ретінде қарастырылады. К. Қа-

рабдалов Кеңес дәуірінде қолөнерімізді дамытуда жаңа ізденіс жасаған шебер. Қарабдаловты тану күрделі үдеріс. Өйткені ол көп қырлы шебер, өнер мен парасат иесі. Өнер шебері 1956 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Көкемардан ауылында дүниеге келген. Ол жасынан Өнерге құмар болып, қолдан неше түрлі бұйымдарды саз балшықтан жасауға уес болған. Ол жас шағынанкөне Отырардың орнынан табылған құмыра сынқтарына қызыға бастады. Этнодизайнер жас кезінен өнерге жақын болды. Орта мектепті бітірген соң Шымкент педагогика институтының көркемсурет факультетіне түсіп оны бейнелеу өнері және сызу мұғалімі мамандағы бойыншабітіріп шықты [1,28.].Институтты бітірген соң ол көптеген жылдар бойы өз бетінше көне Отырар қаласының орнынан табылған қыш өнерін зерттеумен айналысты. Оны ерекше қызықтырған Отырар мен Фарабтың көне пеші болды. Көне Отырар қыш күйдіру пешін Кендебай Қарабдалов қайта жаңғыртуды қалады. Кендебайдың толассыз ойынан рқашан тың туындылар өрбіп отырды. Халық шебері рдайым үлгі болар өшпес ұлттық өнерді дамытуға көңіл бөлді. Ол үйінің ауласындаөзінің қыш күйдіру шеберханасын ұйымдастырып, онда Отырар заманындағы қыш өңдеу пешін көне құрылымдықбайланыста қайта жасап шықты. Ол отырар қыш күйдіру пешінің технологиясын зерттеп тауып, оның құрылысын сол заманғы қалпына келтірді. Бұл шеберхана қыш өңдеу технологиясын зерттеумен айналысатын зертхана қызметін атқарғанын айтөу орынды. Сол пештеқұмыралар, музыкалық аспаптар, сазсырмай, тұмарша, майшам қорабы т. б. көркем бұйымдар жасады. Өрнектік ырғақ пен шекейлік бұйымның формасының үйлесуінің езік те көркемдік шешімін тапты. Қыш өнерімен шұғылдандуда форма, көлем, кеңістік мүмкіндіктерін жаңа композицияқұрылымын ршеберлікпен қолдана білді. К. Қарабдалов қолынан шыққан көркем бұйымдар біртұтас галерея құрайды. Шебер р кез елеусіз гана дүниенің өзінен ұлттық сипат тауып, оған кесек бітімді халықтық сипат бере біледі. К. Қарабдаловтың ұлттық өнерге қосқан үлесін шығар-

машылық еңбектерімен көрмелерге қатысуынан көруге болады. Қ. Қарабаловтың өнерге деген алғашқы қадамы отырар үілдегін жасаудан басталды. Бұл шеберхана Қ. Қарабаловтың ғылыми зерттеу жұмыстарына алғаш қадам жасаған орын болып табылады. Кендебай Қарабаловтың ерекше қабылетін танытатын еңбек — оның жасаған жер асты өнер мен музыкалық аспаптар мұражайы. Бұл өткен ғасырдағы қазақтардың тұрағының бір түрін қайта жаңғырту болып танылумен қатар, өзіндік ерекшелігі бар философиялық орталық болып табылады. Бұл мекен жай өзінің сәулеттік құрылымымен қатар дүниетанымдық мәнімен де ерекше орын алады. Этнодизайнер сәулет құрылымын тылсым табиғатпен жымдастырып, еркін оймен ерекше бейнелеуге тырысқан. Сәулет нысаны аспан мен жердің арасын адамзат баласының тіршіліктегі мекен жайы екенін меңзейді. Сонымен қатар бұл құрылыс жердің асты тіршіліктен соңғы мекені екендігін еске салатындай сезім тудырады. Бұл ғимаратқа кірген адам өмір философиясы туралы ой жетегіне ілеседі. Өмірдің мәнін түсінуге ұмтылады. Бұл храмның өзіндік ерекшелігі оның жер астында жеті метр тереңдікте орналасуы. Бұл философиялық орталыққа кірудің дәстүрдегіден тыс орын алады. Бұл жерде басқалдақтар жоғары қарай емес, төмен қарай орналасқан. Жер астына түскен сайын ерекше атмосфера сезіледі. Бұл жерде әрбіріннің өзіндік рухани қызметі мен мәні бар төрт бөлме орналасқан. Бұл рухани орталықты ойластырып жоба жасап шығарушы Кендебай Қарабалов оны «аспан мен жердің арасы» деп атаған. Бұл нысанның қабырғасының жартысы жердің астында болса, жартысы жердің үстінде орналасқан. Бөлменің қабырғасы он екі бөлікке бөлінген, оның себебі, бұл есеп он екі айды символдық түрде білдіреді. Ғимараттың құрылысы туралы Қ. Қарабалов, — мен тоғыз ай бойы жер астында болдым, жерді қолдап қаздым, — дейді. Аталған философиялық орталық үстінде этномұзей орналасқан. Ол мұнан тоғыз жыл бұрын салынған болатын. Осы жылдар ішінде мұнда бірнеше мыңдаған адамдар болған. Мұндағы полкаларда естелік жазулары жазылған, қыш құмыралар қойылған. Бұларды әртүрлі елдердің елшіліктерінің өкілдері қалдырған. Этномұражай коллекцияларының ішінде қыш бұйымдармен қатар сазсырнай, отырар үілдегі, қобыз сияқты музыкалық аспаптарда бар. Қ. Қарабалов этнодизайнер ретінде Отырар үілдегінің, сазсырнайдың, құмыралардың, шырағандардың көне формаларын қалпына келтірген. Сонымен қатар олардың жаңа формаларын ойлап шығарып, оны өндіріске ендірді. Қыштан жасаған музыкалық аспаптарының мәнін түкпір түкпіріндегі ұйымдастырылған көрмелерге қатысқан. Ол өзі соққан «Қылу» атты этнографиялық мұражайда шебер жасаған этнодизайнерлік бұйымдар көрсетіліп, музыкалық аспаптарда ойнап концерттік бағдарламалар беріледі. [2. 65]. Өзі осы музыкалық аспаптарда ойнап, қазақтың ұлттық мәдениеті мен күйлерін нақышына келтіре орындаушы ретінде халыққа кеңінен танылған. Бұл нысанды Қазақстандағы алғашқы жеке этнографиялық мұражай ретінде тануға болады. Қылу этномұражайы қазіргі кезде дәстүрлік өнерта-

нымдық мазмұны күрделеніп, ұлттық бояу нақышы қолданып, философиялық мәнге толы тарихи шежіреге айналуда. Ал мұндағы қыш өнері мектебі де республикадағы өнер оқу орындарының бірінен саналады. Шеберге тән ең басты шығармашылық ерекшелік уақытпен үндескен қыш өнері бұйымын сомдауда. Ол ғимарат болсын, музыкалық аспап болсын оған ұлттық мәнін беруге, тарих пен дәстүрге байланысын көрсетуге ұмтылады. Мұражайдағы аса қадірлі бұйым — металдан жасалған табақ. Бұл табақтың да өзіндік сыры бар. Табақты ожау іспетті бұйыммен шайқағанда онан жағымды дыбыс шығады. Табақтан шыққан дыбыс адам ағзасына игі сері ететіні анықталған. Бұл этнодизайнердің тағы бір қырын анықтап, оны этнотерапевт ретінде халыққа таныта білген бұйым болды. Қ. Қарабалов өз шеберханасында қыш өңдеу өнерімен қатар ағаш өңдеумен де айналысады. Оның жасаған, қаншама ғасырлар үшін бізге жеткізген қобызы өзінің формасының даралығымен қатар, дыбысының да сонылық ерекшелігімен танылады. Ол өзі жасаған қобызбен өзі шығарған күйді орындайды. Өзінің этномұражайында қолөнер көрмесін ұйымдастырып, дәстүрлі музыка өнерінен концерт береді. Этнодизайнер Қ. Қарабалов шығармашылығын зерттеу нәтижелері мынандай қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

1. Қазақ қолөнеріндегі Кендебай Қарабалов шығармашылығы қазақ халқының дәстүрлі қолөнерін дәрі қарай зерттеп, оны заманауи безендіру формаларымен түрлендіріп, жаңа технология мүмкіндіктері арқылы ерекше құрылымдық өлшем берілген этнодизайнерлік шығармашылық болып танылады.

2. Қ. Қарабаловтың шығармашылығы нәтижесінде жасалған көркем бұйымдар мен музыкалық аспаптар ұлттық ою-өрнектермен безендірілуімен, ұлттық дәстүрлі формаларды қолдану ұстанымын сақтаумен ерекшеленеді.

3. Этнодизайнер ұйымдастырылған ұлттық киіз үй құрылымын елестететін «Қылу» этномәдениет орталығы жеке тұлғаға тарихи рух дарытатын көркем мәдениет және рухани орталық ретінде тану маңызды.

4. Қазақ халқының барлық ерекшелігі ескеріліп ағаштан ойып шығарылған, әртүрлі материалдарды қолдану арқылы жасалған «Кендебай қобызы» қолөнер шығармашылығының озық туындысы болумен қатар, этномызыкалық қорындаушылық өнердің жоғарғы үлгісін көрсететін өлшем бірлігі ретінде танылады.

5. Суретшінің Отырар гончарлық пешін қалпына келтіру еңбегінің нәтижесі оның алғашқы зерттеушілік қызметі ретінде тануға болады. Оның отырар үілдегі, шырағдан, бойтұмар, сыбызғыт. б. еңбектерінің көркемдік ерекшеліктері шебердің этнодизайнерлік қызметінің жоғары деңгейін айғақтайды.

6. Кендебайдың қолынан шыққан «Отырар үілдегі» ұлттық қолөнер тарихында Кендебай Қарабалов есімін мәнге танытқан ұлттық көркем өнер бұйымы ретінде танылды. Оның ұйымдастырған этнодизайнерлік мұражай — Қазақстанда алғашқы ашылған жеке этнографиялық мұражай болып табылады.

7. К. Қарабаловтың қазақ қолөнеріндегі дара тұлға ретінде танылуының басты себебі, қыш өңдеу, ағаш өңдеу, с улеткерлік шеберліктерін тең де жоғары деңгейлерде меңгеруінде.

дебиет:

1. Кемешов Д. Қышөнері. — Шымкент, ШПИ, 1992. — 94 б.
2. Ералин Қ. Бейнелеу өнері шеберлері. — М-Талант. Алматы, 1999. — 100 б.

Ұлттық қол өнер арқылы оқушыларды — эстетикалық тәрбиеге баулу

Нұрланова Ұлмира Нұрланқызы, аға оқытушы
Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Туркестан қаласы, Қазақстан)

Мәңгілік ел азаматы — патриоттық сезімі биік, миманды, парасатты, сонымен қатар ұлттық құндылықтың сұлулығынан ләззат ала білетін, мәдени және өнегелік деңгейі жоғары дамыған болуы керек. Бұл өз заманының талабына сай өмір сүруге қабілетті, эстетикалық талғамы жоғары, өмірдің әсемдік құндылықтарын жоғары бағалай алатын болашақ мұғалімдерді даярлауға алып келеді. Оқушы жастардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру проблемасын шешуде болашақ мұғалімдерді жоғары білім беруге даярлау осы күннің басты талабы. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы — 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «...барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуды бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр...оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс, — деп халқына бағыт бере отырып — жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша серпін берген жөн. Мәдени саясаттың ұзақ мерзімді тұжырымдамасын әзірлеу қажет. Онда қазақстандықтардың бәсекеге қабілетті мәдени ментальдігін қалыптастыруға заманауи мәдениет кластерлерін дамытуға бағытталған шаралар белгілеу керек», — деді [1].

Оқушылардың эстетикалық қызығуын қалыптастыру дегеніміз — оларды әсемдік, әдемілік әлемін түсінуге, сезінуге баулу. Бұл жөнінде орыстың белгілі педагогі В. Белинский былай дейді: «Әсемдікті сезіну — адамгершілік қасиетінің шарты. Тек осы сөздің төңірегінде ғана ғылым дүниежүзілік идеяларға дейін шарықтай алады, табиғат пен құбылысты оларға ортақ тұрғыдан түсіндіреді, тек осы сезіммен ғана адам өмірде ерлік істей алады, оның барлық ауыртпалығына белі қайыспайды...».

Жас ұрпаққа қолөнер кәсібінің бір саласын меңгерту өздеріне байланысты деп түсінген ата-ана өздеріндегі бүкіл жақсы қасиеттерді солардың бойына сіңіруге тырысты. Ер адамдар шеберлігі, өнері ат әбзелдерінен көрініс тапса, әйел затының қолөнерлерінің сипаты қызға төсек-орын беру дәстүріндегі үйге қажетті бұйымдардың көркемдігімен, шебер қолдар өнегімен көрініс тауып,

бағаланған. Бұл тұрғыда, аналар қыз балаларды қолөнердің кең тараған түрлері — киіз басуға, сырмақ сырып, киіз үйдің ішкі-сыртқы керек жабдықтарын әзірлеуге, шаруашылыққа қажетті бұйымдар жасап, киім, кілем, алаша, ши, кесте, шілтер тоқуға үйретсе, ер балаларды зергерлік бұйымдарды әзірлеуге, ер-тоқым, құрал-жабдық, сауыт-сайман жасауға үйретіп отырған. Осы айтылғандардың барлығы дерлік қолөнер өрнектерімен безендіріліп, әшекейлі жасалатын болғандықтан, жасаушыдан ерекше талғампаздықты, нәзік икемділікті, жоғары эстетикалық талғам мен шеберлікті талап етеді.

Бүгінде егеменді елімізде жастарға әсемдік тәрбие беруде халықтың мәдени мұрасы айрықша рөл атқарады. Академик М. Қаратаев «Әсемдікке үйреткен ұстаз» атты кітабында түс киіз, кілем, оюлы текемет, сүйікті өнер — міне осы өнердің бәрін халық жасағандығын, халықтың әсемдікті сүю сезімі, талғамы осы өнерде бейнеленгенін айта келіп: «Өнердің халықтық арғы негізінен қол үзбеу керек, себебі өнердің өшпес шын мәніндегі халықтікі ғана, жақсы талғамы, өміршендіктің өшпес әсемдіктің кепілі болып табылады» — деді [3]. Демек, халықтың өзіндік ерекшелігін бейнелеген өнер жастарға үлкен тәрбие берудің құралы бола алады.

Әсіресе, ер балаларды тәрбиелеуде эстетикалық талғамның қалыптасуына шығармашылық іс-әрекетінің дамуына әр қилы материалдардан бұйым жасауға, көбіне олардың малшы, егінші, сәулетші, зергер болуы мен әлеуметтік кәсіп үйренуі, негізінен іскерлігі мен жауапкершілігінен туындаған.

Қазақ халқы ұл-қызын 13–15 жасқа дейін өмірге дайындап, білгенін үйретіп шығаруға тырысқан. Яғни, қазақ халқы қыздары мен балаларының тәрбиесіне, эстетикалық көзқарасының дамуына үлкен мән бергені байқалады. Қазақ халқы қыздар мен ер балаларды сәндік-қолданбалы қолөнерге үйрете отырып, әсемдікті, сұлулықты түсініп, өмірді өнегелі етуге, қоршаған ортаның түрі мен бояуын қабылдай білуге қалыптастырады. Осы ежелден қалыптасқан қолөнер кәсібі, оның сан-алуан түрлері, әдіс-тәсілдері мен амал-жолдары ұрпақтан-ұрпаққа үзіліссіз беріліп келеді. Көркемдік өнер мен халық ше-

берлерінің туындысы бүгінгі жастарымызға үлгі және халықтың ғасырлар бойы жинаған көркемдік тәжірибесінің сарқылмас көзі болып отыр.

Жас ұрпақтың рухани мәдениеті мен дүниетанымын, көркемдік талғамын қалыптастырудың басты құралы — оқушыларға көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беру.

Жалпы эстетикалық тәрбиенің жолдары мен бағыттары аясының кеңдігі сияқты, көркемдік білім негіздерін игерудің де саласы жеткілікті.

Мектепте оқушыларға көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беруді қамтамасыз ететін оқу — тәрбие үрдісінің бір саласы — технология пәні.

Пәннің мақсаты оқушыларға түрлі іс — әрекеттер арқылы белгілі істі орындау технологиясын игертуге бағытталғанымен, мазмұндық жүйесі оқушылардың бейнелеу, мүсіндеу, көркем құрастыру, жапсыру, әшекейлеу сияқты көркем материалдық құндылықтарды қабылдауға, өнімді шығармашылық қабілеттілікті, әлеуметтік, табиғи, заттық ортаға деген танымдық, эстетикалық көзқарасты тәрбиелеуге бағытталған.

Оқушылардың эстетикалық сезімі мен талғамының қалыптасуына ықпал ететін, тәрбиелейтін құралдар аз емес. Соның ішінде көркемөнердің, әсіресе, дәстүрлі қолөнерінің алатын орны ерекше. Әр өнер түрі қоршаған өмір болмысын өзіне тән көркем бейнелер арқылы қайта жаңғырта отырып, адамның рухани танымына зор ықпал етеді.

Қазіргі заманда эстетикалық тәрбие беруді жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі — бұл оқушылардың қоғамдық өмірдегі, табиғаттағы, шығармашылық туындылардағы әдемілікті, сұлулықты бағалай білу, оны аялай алу қасиеттерін қалыптастыру және оны одан әрі дамыту, оқу үрдісінде, одан тыс уақыттағы әрекеттерінде әр түрлі құралдардың көмегімен мектеп оқушыларының көркем — шығармашылық белсенділіктерін арттыру болып табылады. Осылардың ішінде, әсіресе, эстетикалық циклдегі бұйымдардың орны ерекше болып келеді, оған қолданбалы қолөнер заттарын жатады.

Халқымыз қолөнерді ертеден қастерлеп бағалай білген. Атадан балаға ұласып келе жатқан осы дәстүр кейбір жерлерде ұмытыла бастаған сияқты. Қазіргі дизайнерлер, суретшілер неге қазақтың ұлттық нақыштағы ою-өрнегін қолданбайды, өзінің туындыларына кірістірмейді. Сыртқы жарнамада, үй жиһазында үй интерьерінде аз қолданауда, кейбірі тіпті қолданбайды. Көпшілігі Еуропалық немесе шығыстық (Қытайлық) стильді таңдайды. Бұған себеп дизайнердің тұтынушыға ұсынатын стилі де осындай. Ұлттық стилдегі ұсынысы болмаса, ол үйлесімсіз, көңілге қонымсыз болып келеді. Бейнелеу өнерінің әртүрлі салалары көп. Мысалы, ағаш өңдеу, жүн, қыл өңдеу. Бұл тек ұлттық өнерге қатысты саласы. Осылардың барлығына дерлік ортақ ою-өрнек. Халықтың ұлттық нақышын көрсететін, өзге ұлттан ерекшелейтін ою-өрнек.

Қазақ халқының ою-өрнектерінің тарихын қазақ ғалымдарының ғылыми түрде саралай бастағанына небәрі елу жылдың жүзі болыпты. Төл өнерімізді зерттеуге Еуропа ғалымдары мен жиһангездері елеулі үлес қосты.

Мысалға айтсақ, В. Воеводина, А. Хедона, саятшы Дженкинсон, Р. Карутц, С. Дудин, В. Радлов, М. В. Рындин т. б. Олар қазақтың ою-өрнектерін ғылыми тұрғыдан талдап, шығу тегіне сипаттама беруге тырысқанымен олардың жасаған тұжырымының бәріде қазақ ою-өрнектерінің ішкі ұлттық табиғатын, мазмұнын аша алмаған еді. Бұл орайда қазақ ою-өрнегін алғашқы рет зерттеген қазақ ғалымы Т. Бәсенов былай дейді: «Қазақ ою-өрнегін зерттеуде әр уақыттың, әр саланың ғалымдары көп еңбек етті. Бірақ бұл зерттеулер халық ою-өрнегінің жұмбақ тілін жете түсіне, шынайы сырына үңіле алмады. Олар өз ойларын халқымыздың өнер кілтін ашатын тума тілде емес, шетелдік жат тілде, өзге халыққа деген астамшылық көзқараспен саралады. Өнерін зерттеп отырған халықтың тілімен зерттеушінің ойы мен тілінің үндестік таппауы көптеген бұрмалаушылыққа, тіпті елеулі ағаттықтарға әкеп соқтырды». Осыған қарағанда осы өнердің зерттелмеген қырлары мен қайта қарастырылатын мәселелері бар екенін аңғартады. Әрине, тәуелсіздік алғаннан бері халқымыздың жанашыр ғалымдары көп еңбектер жасай бастады. Мысалы, ою-өрнекті зерттеген ғалымдардың еңбектерін біріктіріп «Қазақ ою-өрнектері» атты жаңа энциклопедия жарық көрді. Оның авторы М. Ш. Өмірбекова (Алматы кітап 2003) [2].

Кітапқа мыңнан астам ою-өрнектің ежелгі және осы заманғы түрлері енгізілген. Автор айтқандай «қазақ ою өнері басқа халықтардан тайға таңба басқандай дара тұрады» [3].

Белгілі өнертанушы В. Чеплев: «Қазақтар тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін сияқты» деп жазады [4].

Шынында да қазақ тұрмысында ою-өрнектің араласпайтын саласын табу қиын, қисса-жырлар мен дастандарда, батырлардың ат-әбзелдерін немесе арулардың киімдері мен күймесін суреттегенде тыңдаушының көз алдынан ғажайып нақыштар өтері анық. Осындай әсемдік әлемін өз көзімен көрген ғалым А. С. Фелькерзам қолөнерді, әсіресе, кілемді терең зерттей келе, Азияны «Үлкен этнографиялық» музей деп атаған [2].

Халқымыздың рухани байлығының қайнар көзі болып табылатын осынау құндылық бүгінде азаматтығымыздың нысаны — көк байрағымызды да көріктендіріп тұр. Көп жағдайда халықтың тілін, мәдениетін білмесек те қолөнерімен бейнеленген оюларға қарап, қай халықтың қазынасы екенін танып білеміз. Өйткені ою-өрнек әр халықтың таңбасы, сол елдің бейнелеу өнерінің көнеден келе жатқан мәдениеті. Ал осындай құндылықтың маңызын бірі білсе, бірі білмейді.

Эстетикалық тұрғыдан дамымаған адам өзін қоршаған ортадан тек оқулықтан нұсқаумен жарлықтардан алдын ала белгілі болған, есінде қалған нәрселерді ғана көре алады. Маңайындағы әдемі әсемдікті көре алмайды, өзінің ой елегінен өткізе алмаған, ол ештеңені түсінбейді. Нәліктен кейбір жастардан маңайдағы әдемі заттарды сындырып, бүлдіріп кететінін байқаймыз, ол эстетикалық түсінігінің таяздығы және дұрыс қалыптаспағаны деп білеміз. Басына қиын іс түскенде ол адам әрқашан сасқа-

лақтап, қандай шешім қабылдарын білмей дал болады. Қиял — қоршаған орта әлемін қабылдауға адамның белсенділігін қамтамасыз ететін жан-жақты адами қабілеттілігі болып табылады.

Осындай құндылықтардың болашақта қолданыстан шығып қалмасы үшін жастардың санасына осы күннен бастап сіңірту қажет. Ол үшін көркем педагогикалық білім беретін оқу орындарында суретші-ұстаздарды даярлаудың сапасын арттыру қажет. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесіне бірінші кезекте жоғары білікті мамандарды даярлау болып табылатын, оны айырықша сала ретінде түсінуді көздейтін жаңа сапа мен қоғамдық мәртебе, икемділік пен бейімділік беруді басты міндет етіп қою қажеттілігіне басты назар аударылған. Тұжырымдамада былай делінген: «Жоғары білім беру мақсаты — қоғамның, мемлекеттің және жеке тұлғаның сапалы жоғары білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыру, әрбір адамға оқытудың мазмұнын, нысанын және мерзімдерін таңдауға кеңінен мүмкіндік

беру». Ғылым мен техниканың жаңа қазіргі уақыттағы саласы ғылыми техникалық өркендеудің жобалы-өндірістік үрдістеріне қатысушылардың әрқайсысының кеңістіктік ойлау қабілетін ерекше талап етеді [2].

Қазіргі кейбір жастарымыз суретші-ұстаз болған өздерінше қор деп санайды, қаржыгер, заңгер болсам деп армандайды, менің ойымша, суретші-ұстаз болу әркімнің қолынан келе бермейтін табиғаттың тек адамға берген бір сыйы екенін ұмытпағанымыз жөн. Жоғарыда айтылған мәселелер шешімін табу үшін біріншіден, суретші-ұстаздардың кәсіби дайындығын, білім беру сапасын арттыру, екіншіден, суретші-ұстаздардың материалдық жағдайын қамтамасыз ету және қоғамдағы статусын яғни заңды құқығын көтеру керек, үшіншіден, ұлттық өнер мен мәдениетке деген қамқорлықты күшейту және мемлекет тарапынан қаржылай көмекті күшейту қажет. Жастарға қолөнері арқылы қоршаған шындық болмысының сәндік-әсемдігін танытып білгізу, эстетикалық мәдениетін қалыптастыру қолөнері іс-әрекеттерінің барысында айырықша орын алуы тиіс.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы — 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы 18.01.2014. <http://www.akorda.kz/>
2. «Энциклопедия» Алматы кітап 2003 М. Ш. Өмірбекова
3. «Хабаршы» журналы № 1 (6) Алматы, и 2005
4. Каган М. С. Некоторые вопросы взаимосвязи философии и педагогики I Сов. педагогика. — 1981. — № 10. — с. 62.
5. Педагогика. Учебное пособие для студ. пед. учеб. заведений / В. А. Слостенин, И. Ф. Исаев, А. И. Мищенко. Е. Н. Шиянов. — М.: Школа-Пресс, 1998. — 640 с.
6. Жарықбаев К., Қалиев С. Қазақ тәлім — тәрбиесі: / Оқу құралы. — Алматы: Санат, 1995. — 352 б.
7. Трудовое обучение и воспитание учащихся. (Городские 84
8. Қазақ Совет энциклопедиясы. X том. — Алматы, 1977, — 78 б. 90
9. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. — Алматы: Қазақстан, 1995. — 240

ФИЛОСОФИЯ

Дәстүрлі емес діни ағым өкілдерінің моральдік-психологиялық келбеті

¹Аташ Берік Мұратұлы, философия ғылымдарының докторы, доцент;

²Абдрасилов Тұрғанбай Құрманбайұлы, PhD доктор, аға оқытушы

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қаласы, Қазақстан)

²Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Туркестан қаласы, Қазақстан)

Бүгінгі таңдағы әлемді алаңдатып отырған түйткілдердің бірі, тіпті *ғаламдық мәселелердің қатарына* жатқызуға да болатын құбылыс — діни экстремизм. Бастапқы идеялары бойынша дәстүрлі діндерге сүйеніп, олардың өңін айналдырып, бұрмаланған күйде танитын және өзінің сол позициясын ақиқат ретінде дәйектеуге тырысатын бүлікшіл пиғыл тек біздің еліміз емес, дүниежүзін айтарлықтай алаңдатып отыр. Қоғамдық өмір мен қоғамдық сананы керітартушы топтардың тарапынан сектандыруға ұмтылу саясаты, сайып келгенде, діни экстремизм мен лаңкестік әрекеттердің тез белең алуына соқтырып отыр. Діни жат ағымдардың таралу ауқымы мен жеделділігін осы мәселені зерттеуші жас мамандар пирамидалық құрылымға теңестіреді: «Пирамида тәріздес құрылған мұндай секталар, мүшелеріне жетістік кілті жаңа адамдарды өз қатарларына тарту деп сендіреді» [1,43б.].

Олардың қауіпті жағы, біріншіден, шапшаң қанат жаятын және бір-біріне тез жұғатын «психологиялық вирустар» түрінде таралуымен байланысты, екіншіден, сектант вирусын жұқтырғандарды сауықтырудың өте қиын жағдайы, үшіншіден, олардың сана өрісіне шабуыл жасау құралдарының әртүрлілігінде және өте ықпалды күш екендігінде, төртіншіден, көлемді қаражаттармен қаржыландырылатындығында болып отыр. Осы орайда, оның шығу себебіне байланысты «*санасы таза тұлға қалай жат ағымның өкіліне айналады*» деген сауал бойынша оның мынадай қырларын сараптап көрсетпекпіз. Жат діни ағым мүшесіне өту кезеңдерін шартты түрде мынадай сатыларға бөлуге болады: «*потенциалды сектант — аралық адасушы — жат діни ағымның толыққанды өкілі — экстремистік пиғылды іске асырушы немесе оған потенциалды дайын тұлға*». Бұл үдерістің коммуникациялық тұрғыдағы иерархиясын: «*сектанттар ортасына кезігу — сұхбаттасу — күдік пен қарсылық — мойындау*» деп ажыратсақ, экзистенциалдық қыры бойынша «*өмірдегі бақытсыздық — торығу — психологиялық көмек күту — дінге бет бұру — сектант топтармен кездесу*» деп тізбектей аламыз. Бұлар еріксіз және аңдамай қалған жағдайда жат ағымға өту кезінде

болатын ұмтылыстар мен көңіл-күй ахуалдарындағы жағдайлар. Осындай сатылардан өту арқылы жат ағым өкілдерінің «желілік азғындау» (сетевой) пирамидасы өзіне неғұрлым көп мүшелерді тартумен үнемі үздіксіз толықтырылып отырады. Олардың ықпал ету құралдарын: *психологиялық* (сендіру, гипноздық, үрей туғызу т. б.), *физикалық* (күш көрсету, қоқан лоқы жасау), *ақпараттық* (БАҚ құралдары, интернет желісі), *саяси* (саяси беделдерге сүйену, діннің саяси жағын оңтайлы пайдалану), *материалдық* (қаржылай сыйлық) т. б. деп топтап көрсетуімізге болады. Осылардың ішіндегі ең ықпалдысы және басты сенімді тәсілі — психологиялық, психоаналитикалық, психосоматикалық жүйемен жүзеге асып отыратын тетіктер. Олар үгіттеу мен түсіндіру тәсілдерін артқа тастап, психологиялық тренингтерді де оңтайлы пайдаланады. Осындай тәсілдерді зерделей келе, олар Славсонның белсенді топтық психотерапиясы, Ромен бойынша белсенді өзін-өзі сендіру, ассертивті тренинг сияқты өте ықпалды тәсілдерді [2,7—9,20 бб.] қолдануы мүмкін деп топшылауымызға болады.

Нәтижесінде, ешкімнің айтқанына, заң мен мемлекетке, үлкендер мен ата-аналарына да көнбейтін, тек өз топтарының айтқандарымен ғана жүретін ұрпақ қалыптасып, өзіндік қағидалары үшін өздерін де құрбан етуге дайын болатын, яғни, өлімнен де қорықпайтын, санасы уланған (зомбиланған) топтардың көбеюіне алып келеді. Олар өздерінің идеологиясы үшін ешнәрседен де қорықпайтын, *психологиялық ауытқыған ауру адаммен тең* деп қарастыруға болатын тіршілік иесі және оларды қоғамға қауіпті «идеологияланған биороботтар» деп айта аламыз.

Жат ағымдардың психологиялық шабуылдарын жете зерделеген У.К. Шубаева олардың илану, пікір өзгерту, қалдыра білу, елестер тудыратын гипноздық жаттығулар, медитациялар, бір ырғақты әндерді айту сияқты түрлі дәстүрлі ықпал етулерді қолданып, «миды тазарту» мен «сана бақылауы» сияқты психотехникалық тәсілдерді пайдаланатындығын атап көрсете отырып, «секта шырмауына түскен адамдарға көмек көрсетіп, әрі қарай қолдап

отыратын психолог мамандардан, социологтар мен дінтанушылардан тұратын орталықтар ашып, секталар туралы мағлұматтар жазылған әдебиеттерді тарату керек», — деп ой түйіндесе [3,68—74 бб.], А.Д. Құрманалиева мен С.Ө. Абжалов: «Бұған қоса оралу оңай шаруа емес екені де белгілі, себебі жаңа діни ұйымдарға тартуда қолданылатын әдіс-амалдар ортаға келген адамның өз еркімен кете алмауын қамтамасыз етіп тұрғандай. Адамның санасы толықтай бағдарланып, өзге адамға айналдыруға күш салғандай» [4,64б.], — деп тұжырымдайды. Ал Бейсен Ахмет: «Алланы танып, сананы жаулай бастаған зомбилендіру жолына тосқауыл қоймасақ, ертең-ақ күлімізді көкке ұшыруы мүмкін. Міне, бұлар дінді желеу етіп, арнайы дайындалған зомбилар» [5,5б.] екендігін атап өтсе, бұл мәселеде шет елдік психологтар «Адам психикасына әсер ететін техникалар болады: гипноздық транс немесе адамды сана қалпының өзгерген кейпіне енгізу, сендіру, тықпаланған тіл арқылы шындықты лингвистикалық модельдеу, ойды тоқтату салттары, қорқуды күшейте түсу, тәуелділікті, депривацияны егу», — деген сияқты тәсілдерді қолданатындығын пайымдайды [6]. Ал Калинин В.Н. террористік әрекеттерге барар сәтінде анаша қолданылатындығын да дәйектей түседі [7].

Осыған орай, бұлардың санасындағы моральдік құндылықтар тіптен өзгеше болып келеді, жоғарыда атап өтілген мұсылман дінін жамылған жат пиғылды ұйымдар өздерінің қасиетті құранға сүйенетіндігін, бір Алланы мойындайтындығын алға тарта отырып, біздің халқымыздың мыңдаған жылдар бойы сақталып келе жатырған ұлттық құндылықтарын жоққа шығарады, бойларында ұлттық ұлтжандылық, тіпті мемлекетшілдік деген түсінік те болмайды. Сондықтан бұндай бағыттағы адамдарды қалыпты адам ретінде қабылдауға келмейді, яғни, экзистенциалдық тұрғыдан алғанда, «бар да емес, жоқ та емес», «ақ өлімді» тіршілік иесі түптің түбінде «қара өлімдіге» айналады. Ол тек өзін ғана емес, «жау» деп есептейтін адамдарымен бірге, тіпті жазықсыз бейбіт тұрғындардың да мүмкін болғандығынша бірнешеуін өзімен бірге о дүниеге аттандырудан да тайынбайтын *камикадзе* болып тағайындалады.

Олардың кейбірінің сыртқы пішіні мен дүниетанымы бірден көзге түсе қоймайтындықтан, «жат ағым иесін дәстүрлі дін өкілінен қалай ажырата аламыз» деген психологиялық тұрғыдан пайымдалуы тиіс түйткіл туындайды. Ендеше, діни сенімге берілген адамдардың көңіл-күйіне байланысты экстремистік пиғылға бет бұрысты шартты түрде былайша сатылап көрсетуімізге болады. Бірінші, қалыпты діни сенім иесі, ол — қоғамдағы көп түрлі конфессияларға келісімпаздықпен қарайды, тіпті дінге сенбейтін адамның да ұстанымдарын жоққа шығармайды, «сенім әр адамның өз жеке ісі» деген бейтараптылық пен парасаттылық бағдарды ұстанады. Бұл теріс пиғылды өкілге жатпайды, бірақ, жат ағым өкілдері сенім иесінің сауатсыздығына байланысты, оны өздеріне тартудың алғашқы сатысы ретінде тиімді пайдаланып кетуі мүмкін. Екінші, апологет, яғни, өз сенімінің үнемі қорға-

ушысы болып табылады. Ол Жаратушыны және тұтастай өзінің сенімін үнемі ақтап алуға құштар. Әсіресе, өзінің діни ұстанымына қайшы келетін пікірлерде, ерікті-еріксіз түрде апологет міндетін мұлтіксіз орындауға тырысады және идеясын жеткізуде рационалдылықтан эмоционалдылыққа қарай бет бұрады. Үшінші сатысындағы сенім иесін «ресми емес идеолог» деп атауымызға болады. Оның мінез-құлқының басты ерекшелігі, бос уақыт кезінде, тіпті кез-келген ыңғайлы сәтте діни уағыз айтуға құштар болады және көп жағдайда сондай сәттерді аңдып та жүреді. Ол үгіттеу мен насихаттаудан, діни түсіндірмелерден, өзінің идеясын сіңіруден еш жалықпайды, сыни көзқарастарды тыңдағысы да келмейді, бірақ теріс әрекеттерге бара бермейді. Төртінші сатысы фанаттар. Қоғамға қауіптісі де осы. Бірақ «фанаттың критерийі неде» деген заңды логикалық сауал туындайды. Фанат, жоғарыдағы бөлімдерде атап өткеніміздей, сол дін ұстаушы өзінің ұстанған дініне қайшы келетін пікірлер мен мүддесі ескерілмейтін ұстанымдардың кез-келгеніне төзімсіздік танытады, тіпті, мейлі ол мемлекеттік заң түрінде болсын, өзінің туысқандарының құрметті, беделді адамдарының пікірі болсын, ерекше ашу-ыза сезіміне бөленіп, идеясын қорғап шығу үшін психологиялық күреске түседі. Сондықтан, көп жағдайда, фанаттың көзқарасы, мемлекеттік мүддеге, ұлттық сана-сезімге, еліміздің саяси-әлеуметтік стратегиясына қарама-қайшы келіп жатады. Өзінің өмірінде дін басты рухани құндылыққа айналады, ұлттық, отаншылдық, саяси оңды белсенділік сияқты игіліктерді санасынан ығыстырады немесе өз мүддесіне орай басқаша түсінеді. Өзге сенім өкілдерін немесе сенбейтіндерді жек көреді. Бірақ олар өздерінің фанат екендіктерін мойындамайды, сәті түскенде жоққа шығарып отырады.

Яғни, сектант, террорист, экстремисті қоғамның қалыпты азаматы емес, психологиялық ауытқуға ұшыраған толыққанды емес субъект ретінде қарау керектігі туындайды. Теріс пиғылды көзқарасы мен әрекеті үшін ұсталған қылмыскерді заң бойынша жазалаумен қатар, оған психотерапиялық ем жүргізілуі керек. Ол жай ғана түсіндіру арқылы дұрыс жолға салу, үгіт насихат жұмыстарын жүргізу және діни сауаттылығын көтеру арқылы ықпал ету сатысынан *өтіп кеткен* адам екендігін басты назарда ұстаған жөн.

Сондықтан тек психологиялық қана емес, психотерапиялық, психосоматикалық, психоаналитикалық көмек көрсететін арнайы орталықтар мен профилактикалық-реабилитациялық емханалар ашылуы тиіс. Себебі, теріс пиғылды психауру адам өзінің қоршаған ортасына, ұрпақтары мен туыстарына белсенді ықпал етіп, «секта вирусын» таратуға бағдарланған. Оның ауруының қоғам үшін қауіпті симптомы да осы, ол потенциалды түрде жүздеген сектанттарды дайындау «міндеттемесін» алғандай әсерде жүреді. Осы орайда, айта кететін жайт, еліміздегі психоаналитикалық мамандардың тапшылығы шет елдерден мамандар шақыртуға мәжбүрлейді. Сондықтан, мысалы, бүгінгі күнгі туберкулез ауруы сияқты, оларды да

мәжбүрлеп емдеу-сауықтыру шараларын жасауға лүқсат беретін мезгіл келіп жетті ағайын. Ол мәжбүрліктер оларға жасалған қиянат емес, шындап келгенде, гуманистік қағидаға келіп тоғысады. Бұл мәселеде, С. Ениколопов та террорист өздері «санасын шаю» арқылы орнатқан жоғары құндылықтары бойынша әрекет ететіндігін, бірақ бұл құн-

дылықтар қалыпты адамның құндылықтары емес екендігін атап көрсетеді [8].

Қорытындылай келе, К. Маркстің «Дін — халықтың басын айналдыратын апиын» деген тұжырымын бүгінгі заманда «Секта — адам басын айналдыратын апиын» деп өзгертілген түрде ұсынуымызға болады.

Әдебиет:

1. Қабекенов Ғ., Нурумов Е. С. Жастардың діни сауаттылығын дамытудың педагогикалық-психологиялық негізі: Әдістемелік құрал. — Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. — 2011. — 58б. (43б.)
2. Карвасарский Б. Д. Энциклопедия психотерапии. — М. — 553 с.
3. Шубаева У. К. Жаңа діни ағымдардың ілімдерді таратудағы әдістері // Қазақстанның әлеуметтік мәдени дамуының перспективалық бағыттары: дөңгелек үстел материалдары. — Алматы, 2011. — 236 б. — 68–74 бб.
4. Құрманалиева А. Д., Абжалов С. Ө. Қазақстанның әлеуметтік-мәдени дамуындағы дінтанулық білімнің маңызы // Қазақстанның әлеуметтік мәдени дамуының перспективалық бағыттары: дөңгелек үстел материалдары. - Алматы, 2011. — 236 б. — 63–68 бб.
5. Бейсен Ахмет. Асыл дініміздің атын жамылған қаскөйлер // Қазақстан-Заман. — 14 ақпан. — 2013. — 5б.
6. Лири Т., Стюарт М. Технологии изменения сознания в деструктивных культурах // Интернет: http://lib.ru/NLP/liri.txt_Piece40.06
7. Калинин В. Н. Религия и безопасность (религиозный экстремизм) // Право и безопасность. — № 4 (5) Декабрь 2002г // dpr.ru/pravo/pravo_4_9.htm
8. Стенограмма заседания клуба «Принятие стратегических решений как психологическая проблема (Подмосковье, 5 сентября 2007 г.)» // Интернет: <http://kurginyan.ru/clubs.shtml?cat=57&id=412>

Қазақ елінде діни танымның қайта жаңғыртылуы және болашағы

Малдыбеков Өткір Амангелдиевич, философия ғылымдарының кандидаты, доцент;
Оспанов Мухамедгали Сергалиулы, магистрант
Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Туркестан қаласы, Қазақстан)

Әлемдік дағдарыс салдарынан көптеген мемлекеттерде діннің қоғамдағы ролінің артуы байқалып отыр. Бұл жаһандану заманында руханиаттың құнсыздануы, дүниетанымда ғасырлар бойына сақталған құндылықтардың жойылуымен тікелей байланысты. АҚШ, Ресей және Еуропадағы алпауыт мемлекеттердің өзі адам санасына жат болған азғындаған сенімдер жиынтығы мен алдау, арбаудан құралған дүниені қабылдағандармен күресуде шарасыздық танытып отыр. Мәселен, әлемнің түкпір-түкпірінде орын алған терорлық әрекеттер: 2001 жылы 11 сентябрдегі Нью-Йорктегі әлемдік сауда орталығының жарылуы. Бүкіл әлем халқын жан түршігерлік жағдайға алып келді. Париждегі Charlie Hebdo журналының 08.01.2015 Мұхаммед пайғамбардың карикатурасын жариялаудың өзі үлкен терорлық әрекет еді, бұл да қаншама халықтың тыныштығын бұзды. Жанындағының сенімін қадірлей білу немесе оның құндылықтарын аяқ асты етпеу үшін көп нәрсе қажет емес. Ресейде 24 қаңтар Москва Домодедово аэропортындағы, 9 қыркүйек Лубянкадағы жарылыс салдарынан қаншама адам зардап шекті. Мұны айта берсек тоқтауы жоқ, әлемді шарпып бара жатқан шырмауық тәрізді көбейіп барады. Ал бұл іс-әрекеттің жауапкер-

шілігін мойнына алған топты қай жерде болмасын жою қажет екенін Ресей әлемге танытып берді.

Көптеген елдер мемлекет пен діннің және қоғамның өзара әрекеттесуінің заманауи ұтымды әрі тиімді модельдерін іздестіреміз деп экстремистік топтарды туындатып алғаны белгілі. Азғындаған танымға қандай жағдай болмасын орын жоқ. Түп негізінде экономикалық көрсеткіштер басымдылық танытатын саясаттың көріністері бар бұл ланкестік әрекеттердің бәрі тоқтау керек. Оны бізге міндетті түрде Батыс нұсқау жасау керек емес. Керісінше халық, ел билеген тұлғалар, отаным деген әрбір азамат түйсігінде ұлттық құндылықтарды қастерлеу, дінін иманына сай етіп ұстау, тілі мен руханиаттын, мәдени жетістіктерін паш ету жолға қойылса мемлекет мықты тұғырда тұратыны анық. Өз тарихынды, дүниетанымыңды, салт-дәстүріңмен ұлттық құндылықтарыңды, мәдени жетістіктеріңді өскелең ұрпаққа таныта білсең, танымына сіңіріп қана қоймай, оны өмір тіршілігіне енгізең бұл нағыз ата-баба жолын қастерлеу мен ақиқат жолы болып қала бермек. Қазақ елінде қалыптасқан салт-дәстүр негізінде бүгінгі таңда діни шыдамдылық пен қоғам өмірінің осы саласындағы бейбіт қатар өмір сүруі сақталуда. Дәлел

ретінде қазіргі таңға дейін діни негізде айқын қақтығыс жағдайларының орын алмағандығын келтіруге болады. Бұл да оңаймен келмеген дүние.

Жаһандық дәуірде сыртқы күштер діннің қуатын ұлттық, әлемдік мәселелерді шешуде қолданып келеді. Бұл мемлекеттегі әртүрлі діни ағымдардың рухани экспанциясының өршуінің себебін анықтайды. Халық санасы руханилыққа қатысты кез-келген мәліметтерді тез сіңіруге бейім әрі оның ақ, қарасын ажыратуға әлсіз күй кешкен заманда шала сауаты бар, ескінің көзіне айналған діни аңыздарға сүйеніп әрекет ететін ақсақалдар қатары да көбейді. Өз тілімізде жазылған теріс пікірлерге негізделген еңбектер халық арасында кеңінен таратылды. Міне осы тұста мемлекетті буыны қатпаған, рухани тұрғыда әлсіз күй кешкен халде деп түйсініп, өз бағытында уағыздау әрекеттері мен адамдардың санасын бұрмалаумен айналысатын шет елден келген уағыздаушылар қатары бірден күрт өсті. Оның көпшілігі белгілі діндерді бетке ұстап, арнайы тіркеулерден өткенімен, олардың істеген әрекеттері мүлде басқа болып шығып, мемлекет тарапынан арнайы шаралар жасалып, жою қолға алынды. Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы мұның дамуына жол бермеу үшін халық танымынан ерекше орын алған рухани құндылықтардың өз деңгейінде бағалануына аса назар аударып, ахпарат құралдары арқылы насихат жұмыстарын қолға алып, зиялы қауым арасында діни тақырыптарда ашық сұхпаттар өткізді. Қазақ елі өзінің діни — рухани қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең алдымен қазақ халқының діни — рухани қажетін толық қанағаттандыра алатын, дәстүрлі діни танымына сай келетін дін саласының мамандарын дайындау қажет екенін де таныта білді. Мұсылман елдеріне барып дін ілімін меңгерген мамандар мен алғашқы құрылған медреселерден тәлім алған шәкірттер жер-жерлерде ашылған мешіттерге иман болып қоғамдық ортада қалыптасып үлгермеген теріс түсініктерді жоюға және халық арасындағы рухани бостықты толтыруға атсалысты. Бірақ уақыт өте келе олардың көпшілігі біздің салт-дәстүрімізбен, әдет-ғұрыптарымызға жат болған түсініктерімен қоғамның рухани мұқтаждарын өтеуден қалды. Біздің дәстүрлерімізбен тұтас болған дін ғылымының өркендеуіне және қаптаған діни ұйымдарды жіктеп, ақ-қарасын ажырата алатын аналитиктерді дайындау бағытында жоғары оқу орындарында дінтанушы-философ мамандары әзірленді. Бұл шәкірттердің алғашқы буыны қазақ халқының дәстүрлі көзқарасына негізделген дін ғылымының даму ерекшеліктері мен қазіргі таңдағы даму бағыттарын анықтай алатын жобалар негізінде орасан жұмыстар атқарып келеді.

Ислам өркениеті Отырар, Түркістан, Сайрам, Сығанақ, Баласағұн... іспетті үлкен мәдени орталықтардың дүниеге келуіне ықпал жасаумен қатар аты әлемге мәшхүр болған даналардың шығуына негіз болды. Міне осы ғұламалардың еңбектерін қайта жандандырып, халық танымына жеткізу кезек күттірмейтін мәселеге айналды. Ойшылдар шығармашылығын зерттеп халықтың мұң, мұқтажын орындауда алғашқы дінтанушы мамандар өз қолына алды. Мә-

дени мұра бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар мен дін саласында зерттеу жүргізген ғалымдарымыздың еңбектері қоғам сұраныстарын қамтамасыз ететін рухани тұтастықты қалпына келтіруге үлкен септігі тиді.

Дінді ғылым жағынан қарастыру қоғамдық пікірде қолдаушылыққа ие болды. Дін саласындағы еңбектерді аударып, оған сараптамалық жұмыстар жүргізу барысында жасалған талдаулар қарапайым тілде халық санасына жеткізуге мүмкіндік берді. Рухани тұғырларымызға қайта оралу бізге жат болған діни ағымдардан құтылудың негізгі жолына айналды.

Адам бітім-болмысын рухани тұрғыдан жетілдіруде халық дүниетанымы мен дағды — дәстүріне енгізуде тән мен жанның бірлігі мен қайшылығын танытқан нәпсіні тежеу жолдарын ашу көзделді. Адам жанын жетілдіруді қазақтың рухани әлеміне енгізуде сопылық ілімдегі кемелдену сатыларын қойған Ахмет Ясауи, оны ар мен иман тазалығы мен аллаға деген махаббат сенімімен толықтырады [1]. Демек, бұл жол адамды шарифат тиым салған жат қылықтардан: арсыздық пен бұзақылық, хақсыз қиянат пен шек келтіру, ұрлық жасау мен алдап арбау, жалқаулық, баянсыз іске құмарлықтан, зинақорлық пен біреуге азар көрсету, паракорлық, сананы тұмшалаған әуестіктен босатады.

«Мықтымын деп мақтанба ақыл білсең, мықты болсаң өзіңнің нәпсіңді жең» [2], — деген Абай ақыл мен сенім ғибадатта екенін танытқандай. Өз менін өлтіру, өзінің жан дүниесіне үңіліп, кемелдікті жетілдіру немесе материалды мұқтаждықты жою адамды даму сатысына қояды. Н. Кузанский ішкі жан дүние сәулесі болмысты танудың тікелей жолы деген. Ақыл — адамның сенімді, саналы түрде қабылдауының жолы. Ақыл адамның хақиқатты тануына мүмкіндік береді. Мен деген түсініктен айырылу мен нәпсіні жоюда ілімнің ақылмен игерілуі жоғары бағаланды. Мәселен, Будда ілімінде монахтар менді иогалық тәсілдер мен аштық арқылы жойған. А. Камю батырлық пен ақылдың сабақтастығы үлкен күш десе. Ф. Ницше ерлікті ақылға қайшы қояды. Білім ақылға негізделіп, саналы түрде меңгеруді қажет етеді. Оны игеру адам санасына тәуелді болған соң, ол қоғам қажеттілігіне айналды. Сопылық ілімдегі қағидалар да мұсылман философиясына негізделіп, білім таратуда имандылық жолын алдыңғы шепке қойды.

Елбасы, Н.Ә. Назарбаев ел тәуелсіздігін алған тұста Түркістан қаласында Ахмет Ясауи есімімен аталған университет ашып, оған халықаралық статус беруі халқымыздың рухани құндылықтар жүйесін қайта ояту екенін жақсы білді. Ахмет Ясауи туралы тың зерттеулер осы университет аясында жүргізіліп, бұл зерттеулер әлемдік ғылыми көпшілік тарапынан мойындалуда. Ең бастысы қазіргі университет ғалымдарының бұл бағытта жүргізген жұмыстарының нәтижесі Қазақстан мемлекеті мен қазақ халқының рухани тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатына қызмет етуде. Республика деңгейінде сапалы маман әзірлеуге негіз болған шет елден келген дінтанушы профессор — оқытушылық құрам тек осы университетте

болды. Сонымен қатар Түркология және Яссауитану ғылыми зерттеу орталықтары да осы университет жанынан құрылды. Университет ғалымдарының ұзақ жылдар бойына Ахмет Ясауи мен ол негізін салған сопылық жол туралы жүргізген ғылыми ізденістері қазақ халқының дәстүрлі діни танымы мен оның философиялық көзқарастарының негізін, Ясауи жолының қазақ халқының қалыптасуындағы орнын танып білуде үлкен жетістіктерге жетті. Бүгінгі күні бұл жетістіктер қазақ елі үшін діни мамандарды дайындауға толық жеткілікті.

Жастар ел келешегі. Олардың дін жөніндегі түсініктері қалыптасып үлгермеген, өйткені діннің осал тұстары көп. Сондықтан кез-келген көк аттының жетегінде кетпес үшін дін сабақтарын мектеп қабырғасынан меңгерген жөн. Бұл тұрғада мемлекет тарапынан қолдаушылық танытып, мектептерге «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні енгізілді. Қазіргі кезде осы сала бойынша дәрістерді жүргізіп жатқан мамандардың сапалық деңгейін арттыру керек. Өйткені сол пәндерді жүргізу тарихшы немесе сағат есебінде басқа мамандық иегерлеріне жүктелуде. Бұл біздің қоғамдағы рухани процестің жетілуне тағы да кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Сондықтан материалдық базасы мен жинақталған кітап қорлары және оқытушы профессорлық құрамы толық жеткілікті Халықаралық қазақ-түрік университетінде мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру қажет.

Түркістан рухани, діни туризм орталығы болып қалыптасып келе жатыр. Бұл сала мамандарының қоғамның рухани сұранысына қажеттігі күн санап артып келеді. Шет елден келген зерттеушілер Ахмет Ясауи дүниетанмының қоғам үшін маңызына назар аударып, бұл тұрғыда арнайы жұмыстар атқаруда. Мәселен американдық профессор Брюс Привратскидің «А. Ясауи мовзолейі және қазақ халқының дәстүрлі танымы» атты еңбегі жарық көрді. Ол еңбекте қоғамға жат теріс ойлар мен біржақты қарама-қайшы пікірлер де көп. Дегенмен Батыс исламтанушыларының көпшілігі осындай еңбектерді негізге ала отырып қортынды жасай беруге бейім екені белгілі. Халықтың рухани дүниетанымы жөнінде жинақталған ғылыми зерттеулерді өз еліміздің азаматтарына танытумен қатар шет тілдерінде жариялауымыз керек.

Әдебиет:

1. Есенбай Д. Хикметтер. — Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. — 170 б.
2. Абай. Книга слов: Поэмы. Перевод с казахского К. Серикбаевой, Р. Сейсенбаева. — Алматы: ЕЛ, 1993. — 272 с
3. Н. Ә. Назарбаев, Қазақстан халқына жолдау. 30 қараша, 2015.

Қазірге дейін жасаған жұмыстарымыз мақтауға тұрарлық жетістіктерімен әйгілі. Бірақ істелген әрекеттерімізде жүйелілік пен қоғам талаптарына қажетті болған зерттеулер аяқсыз қалып отырған жайы бар. Кей жерлерде зерттеу институттары жабылса, қажетті жобалар қаржыландырылмай немесе қаржы бөлінсе де қажетті мамандар жобаға қатысудан тыс қалады. Арнайы зерттеу лабораторияларында көптеген қолжазбалар қоры аударылғанымен оның баспадан шығып, халыққа таратылуында да қиындықтар кездесіп жатады. Бүкіл әлемге танытып 2016 жылды ЮНЕСКО Ахмет Ясауи жылы деп жариялап жатқанда университетте Яссауитану ғылыми зерттеу орталығы жабылды, бұл бағыттағы ғылыми зерттеулер кідіріп, тек есеп үшін бір конференциямен шектеліп отырған жайымыз бар. Міне дін ғылымы тұтқасын ұстаған тұлғалардың жүгі қашанда ауыр, әрі қоғам үшін маңызды болған. Соның көрінісі қылуатке түсіп, ғибадат жасаумен қатар халыққа рухани азық болатын «Даналық хикметтер» еңбегінің дүниеге келуі. Әлемдік мәдениеттің қайнар көзіне айналған рухани құндылықтар адамзат танымын жетілдіретін, ұлтты өркениетке бастайтын ақиқат жолы екенін ойшыл анықтап берді. Міне, халықты имандылық пен рақымдылыққа және азаттық пен әділдікке бағыттаған хикметтердегі терең философиялық ойлар адамды ақиқатты тануға шақырды. Ахмет Ясауи қалыптастырған сопылық ілім идеялары мен ислам дінін халық танымына жеткізуде жасаған тұжырымдары көнерместен елге өз қызметін ғасырлар қойнауынан алынған қазына ретінде атқарып келеді. Ахмет Ясауи ұстанған рухани-танымдық жол адам бойындағы асыл қасиеттерді ақиқатпен ұштастырып, түркі халықтарының рухани тұтастығын қамтамасыз ете алды.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Біз өз мүмкіндігіміз бен қабілетімізді баршамызға ортақ мақсатқа, еліміздің одан әрі өркендеуіне жұмсауымыз керек. Дағдарыстардың бәрі өткінші, өтеді де кетеді. Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты ұлы құндылықтар ғана мәңгі» [3] -деген. Сондықтан көп ұлтты қоғамның тұрақтылығын сақтай отырып, ұлттық мәдениетімізді жетілдіруде әрбір азаматтың Отан үшін жанқиярлық патриоттық сезімі мен рухани асқақ сенімі қажет.

Дәстүрлі діндердегі қауіпсіздік мәселесіне байланысты аксиологиялық ұстанымдар

Мырзабеков Муратбек Мырзабекович, философия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Дәстүрлі дін моральдің және руханилықтың бастауы. Көптеген діндермен бөлінетін мәдени құндылықтардың негізінде махаббат, үміт, бейбітшілік, әділеттілік деген әмбебап түсініктер жатыр. Моральдік бастама әсіресе әлемдік діндерде айқын көрінген, айта кетейік, мысалы, буддизмде тіптен, кейбір зерттеушілер буддизімді дін деп емес, «моральдік жүйе» деп атайды. Бұл діннің ұстанушысы үшін буддалық «аман қалу (сақтану) жолы» гибадаттық әрекет емес, қасіретті моральды-сабырлы түрде көтеру, сезімдерінен, тілектерінен бас тарту, адамгершіліктік принциптерді ұстану дегенді білдіреді. Мәселен, Будданың мынадай қанатты сөздері және нақыл сөздері: «Адам бос, қажетсіз сөздерден, екіжүзділіктен, азғындықтан, әдепсіздіктен, тәккаппарлықтан, көралмаушылықтан бас тартқанда және ол өзінің ақылымен келісімде өмір сүргендіктен, барды қанағат етіп үйренгенде ғана кемелденуге, мейрімділікке, адам сүйгіштікке, бақытқа қол жеткізе алады» немесе «Әр адам өзінің ақылына және қажеттілігіне қарай, беру керек деген мөлшерді береді, ал өзгенің байлығын және басқалардың дәулетін көреалмаушылар ешқашан кемелденген адам бола алмайды» жоғарғы адамгершілік құндылықтарға ие адам осы бағытпен жүруі керек. Буддизмнің негізгі мазмұнын қайғы-қасірет туралы ілім құрайды, оның негізінде қайырымды ақиқаттар — осы діннің барлық мектептерімен және бағыттарымен мойындалған діни доктрина және буддизм дінін оқытудың негізгі қағидалары жатыр. Қоршаған орта тарапынан сол немесе басқа жағымсыз ықпалымен келген барлық қайғы-қасіретті, азаптарға төзеді, қайғы шегеді. Адам құрғақшылықтан, егіннің болмауынан, басқа адамнан қайғы-қасірет көруі мүмкін, қайғы-қасіреттің барлық бастауын тізіп шығу қиын. Буддизм қайғы-қасіретпен күнделікті өмірмен байланыстының бәрін, туылған сәттен бастап, өліммен аяқталғанға дейінгінің барлығын: «туылудың-азабын, қартайу-азабын, ауру-азабын, өлім-азабын, жағымсыздықпен қосу-азабын, жақсылықтан айрылысу-азабын, қалаған бір нәрсені ала алмау-азабын» жария етеді, тіршілікке қарама-қайшы жақындастық (бауырмашылық) бұл қайғы-қасіреттің өзі. Адамның өмірі көптеген қауіпті жағдайлар қайғы-қасіретке толы, олардың ішінде бірінші кезекте биологиялық табиғаттың күшімен болмай қоймайтын сипатта болатындар (ауру, қарттық, өлім), сондай-ақ өмірдің әлеуметтік құралмауы, ықтимал бақытсыздықтар және қиындықтармен қолайсыздыққа ұшырататындар жатады. Жалпы өмір, туылғаннан бастап, өлгенге дейін тұрмыстың жалпыға ортақ заңының рангісінде салынатын және барлық затқа таралатын, абсолютке ай-

налатын қайғы қасіретке байланысты. Құтқару — қайғы қасіреттен, босату — адам өмірге деген соқыр құштарлығынан құтылғанда ғана орнайды, ал тілегіңнен бас тарту адамның қауымдық бақытсыздық, қайғы қасірет, қырсық үшін қол жетімсіз (қорғалған) бола бастауына алып келді. Белгілі бір дәрежеде бұл жағдаймен қызметті жаңартатын, қажеттілікті реттеу және шектеу масштабын өлшеуге жаңашыл шақырумен үндес, алайда қажеттіліктерді реттеу-буддизмде белгіленгендей олардан толық бастарту деген сөз емес [1].

Аман қалуға алып баратын жол туралы төртінші «қайырымды ақиқат» қызықты және сабақ боларлықтай. «Дұрыс кіріспе, дұрыс ой, дұрыс сөз, дұрыс әрекет, дұрыс өмір салты, дұрыс күш салу (тырысу), дұрыс назарға алу, дұрыс дайындалу». Бұл жол, «жүру керек жолды көрсететін ой өрісін береді, білім береді, ол татулыққа, жоғары білімділікке алып барады». Бұл ақиқат көптеген этикалық ережелерді жоғалтып алған, жаңашыл адам үшін айтарлықтай маңызды, ол жаңашыл адамның қауіпсіздік мәдениеті және дүниетаным құрылымындағы қауіпсіздік элементін қалыптастыру кезінде алгоритм ретінде пайдаланыла алады. Жаңашыл іздестірулер жалпы «сансар» және «карма» жолынан құтылу (аман қалу) және босану (азаттық алу) жолдарын іздеумен тең жеке адамның, сондай-ақ адамзаттың тірі қалуының амалдары [2].

Құдай жолы-бұл Құдайдың адамға жүктеген, адамгершілік заңдарын жүзеге асыру. Библия көптеген діншілдерді ғана емес, сонымен бірге орта ғасырдағы ғалым адамдарға өзінше бір міндетті, мәжбүрлі кем дегенде білім, танымдық және аксиологиялық мақсаттар (нұсқаулар) берді.

Тұрмыстың жасампаз және талқандаушы жағдайы ретінде қауіп және қауіпсіздік христиан дінінде қайырымдылық пен жауыздық тұрғысынан түсіндіріледі. Бұл бастамалардың арасынан таңдау жасау адамзатқа берілген және қатігез, қауіпті өмірде тірі қалу мүддесіне бағытталған себептерін, тәртіп жолдарын іздеудің шынайы қажеттілігімен байланысты туындайды.

«Құдай бізге таңдау еркіндігі бар, өзара жауапкершілік және еркін жаны ашудың мүмкіндігі бар әлем берді, ол егер де жауыздық мүлде болмаған жағдайда жүзеге аспас еді». Әлемдегі барлық жауыздықты адамдар жасамайды, «адамдардың ешқандайда жауапкершілігіне жүктелмейтін аурулар және қайғы-қасіреттер бар, ал жануарлар адамзат пайда болғанға дейін ертеректе зиян шекті» деп айрықша баса айтқан. Қайырымдылық және жауыздық арасынан таңдау жасау мүмкіндігі болуы үшін, соған немесе басқаға не алып барады, соны білу керек. Аталған

білімді адам табиғат процесстерін бақылау нәтижесінде алады, олар оның түсінігінде жақсылыққа немесе жамандыққа алып келеді және олардың маңызы неде екенін анықтап, ол сол, не басқа процеске жәрдемдесе алады. Адамның жауыздықты жеңуге және жақсылықты нығайтуға ұмтылуы тыныш, үйлесімді өмір сүру тілегімен байланысты және христиандық ілімге сәйкес, егер «адамдар жауыздыққа, күнәға және олармен туындаған өтірікке қарсы күрессе, олар келешек өмірде ең жоғарғы қуанышқа қол жеткізуге мүмкіндік алады» Адамның қауіпсіз аман болуы «шіркеу әкелерінің» еңбектерінде «сотериология» яғни аман қалу доктринасы баяндалады. Аман қалу контекстінде қарастырылатын барлық философиялық түсініктер «өмір сүріп жүріп өлгендердің» тірілу тәжірбиесін немесе «өмірдегі өлімнің» алдын алу тәжірбиесін бейнелеудің тарихи формасы ретінде болады. Философиялық пікірлер олар үшін маңызды тереңдікке және қауырттыққа тек, ақылға салу алаңына соңғы мақсатты — жеке аман қалуды ұстап қалғанда ғана ие болады [3]. Адам өз әрекетінің соңғы мағынасы туралы сұрақтар қоюға мүмкіндігі бар кезде, ол тірі, ал егер ол оны тоқтатқан кезде, ол өледі, ауысады, себебі бұл өлім адамға ұқсас тіршілік физикалық емеспен сәйкес келмейді. Философия өмір сүру өнеріне, қауіпсіздікті қамтамасыз ету техникасына айналады, ол сонымен бірге ішкі, физикалық қауіптердің алдын алу ретінде емес, рухани, адамгершілік қауіптерді жою ретінде түсіндіріледі.

Қытай мақалында: «Білім — бұл күш, ал күш — ол толық қауіпсіздік» — деп айтылады. Ислам діні адамдарды [4] «білімділікке ұмтылу — әрбір мұсылманның міндеті» деп Пайғамбарымыз Мұхаммед (с. ғ. с.), барша мұсылмандарды білімге, ғылымға шақырады [5]. Жаратқанға деген сенімділіктің мызғымауына және өз өзіңмен және қоршаған әлеммен үйлесімде өмір сүруге көмектесетін, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқанын ислам дінінен көруге болады. «...ислам діні бейбітшілік пен еркіндіктің, ізгілікпен әділеттіліктің діні және ол тек арабтарға немесе басқа бір тайпаға, халыққа, нәсілге ғана түскен жоқ, оны Жаратушы бүкіл адамзатқа арнап жіберді» [6]. Мысалы, исламды жақтаушылар Алланың шексіз билігіне, онымен адамзаттың және әлемнің тағдыры күні бұрын анықталғандығына сенеді. Құранның 2 Сүресінде: «Алланың билігі аспанда және жер бетінде жүретіндігін және сендерде Алладан басқа жақындарың да, көмекшілерің де жоқ екенін, Сен білмеуші ме едің?» деп жазылған. Құранда көрсетілген әлемнің исламдық бейнесі адамға анықталған өмір салтын белгіледі. Әлеуметтік және адамгершілік мәселелерді түсіну исламның қасиетті жазбасында жазылған тозақ, жұмақ, қорқынышты сот жөніндегі ойлармен қамтамасыз етілген. Қайғы-қасірет және ауыртпалықтар Алламен сынақ ретінде жіберілген: «Біз сендерді жандарыңнан және тәндеріңнен және қорқыныш, аштық, мүліктің жетіспеушілігінен бір нәрсемен сынаймыз». Қауіпсіздікте сонымен қатар Алланың билігінде, Аллаға білімі үшін алғыс айту қажет және қасіретке душар болған кезде ғана сыйынбау керек:

«Ал егер сендер қорықсаңдар, онда жаяу және атта жүріп сыйыныңдар, ал қауіпсіздікте болғанда, онда Алланы еске алыңдар, оның сендерге бұрын білмегендеріңді қалай үйреткен». Мұнан шығатыны қауіптен қорғану үшін білім қажет. Қасиетті жазбада аман қалуға екі жол бар деп айтылады: өмір жолы (Құдай жолы) және өлім жолы, олардың арасынан адамның өзі саналы, өзіндік таңдау жасауы керек [7]. Дін, адам үшін сеніммен алдын ала келісіп алған, ойлар, сезімдер және әрекеттер көрінісін елестете отырып, табиғи және әлеуметтік күштердің жоюшы (қауіпті) бейнесіне айнала отырып, көптеген адамдарға жан тыныштығын табуға, қауіпсіз өмірлік ұстанымдарын анықтауға, өз мінез-құлықын қалыптастыруға, аман қалудың жолын табуға бұрындары көмектесті және бүгінде көмектесуде.

Сонымен, жоғарыда айтылғандар аталған даму кезеңінде пайда болған дүниетаным мен алдын ала келісілген қауіпсіздік туралы сипаттамалық түсініктер нақты бір тарихи заманда қалыптасты деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Құдайға табынушылық және діни сенімдер қауіпсіздік туралы пайда болған ілімді бір арнаға шоғырландырды және қорғаныс функциясын табысты орындай, қоғамның өмірін реттей отырып қауіпсіздікті және жеке және әлеуметтік тұрмыстың тұрақтылығын қамтамасыз етті. Қауіпсіз өмірдің заңдары ғажайып-тіршіліктермен, құдайшыл шежірелермен, жалғыз Құдаймен анықталды. Салт жоралғыларды сақтау тыныштыққа, қорғанысқа кепілдік берді және тұрмыстың мызғымас тұрақтылығын қамтамасыз етті, ал тұрақтылықтың (қауіпсіздіктің) кепілі адамның санасында нығайған заттардың табиғи-тиімді, мәңгілік, тамаша реттілігі болды. Адамдар өздерін тек табиғатпен бірге қауіпсіздікте сезінген, себебі «табиғатта өмір сүрген» және өздерінің субъективті саналарын объективті шындықпен үндестікте дамытқан.

Демек, мифологиялық сарындармен көмкерілген қауіпсіздік мәселесінің ең негізге бастаулары сыртқы табиғи апаттарда, апокалипсистік заманның тәмамадалуынан, әр түрлі биологиялық тіршілік иелерінен төнетін қатерлерден, сыртқы жаулардан, ауру-сырқаулар мен жолы болмаушылықтан, сиқырлар мен мистикалық қауіптерден құралатындығына көз жеткіздік. Ал, аштық, адам-табиғат жүйесіндегі қайшылық сияқты мәселер қозғала бермейді немесе келесі жоспарға қарай ығыстырылып отыратындығына көз жеткіздік.

Қауіпсіздік мәнінің теориялық танымы көптеген зерттеушілердің пікірінше, күрделілігі мол феноменді философиялық жағынан ұғынудың қажеттілігін тудырады. Сонымен қатар, танымның философиялық деңгейіне өту осы мәселенің автоматты түрде шешілуін көрсетпейді. Қауіпсіздік негізіне жетудегі философияның арнайы атқаратын міндетін де түсіну қажет. Бұлай болмаған жағдайда кез келген субъективті көзқарастардың «философиялық сәулесі» ғана пайда болады.

Сондықтан егер философиялық білімге үндеу логикалық емес, эмоционалды жағынан ғана түсіндірілсе, онда

нәтижесінде кез келген философиялық шындықтардың субъективті көріністеріне ішкі квазифилоофиялық «жармасу» ғана туындайды. Алайда, қазіргі заманғы теорияларда кез келген теориялық ұстанымдардың философиялық негіздермен «жарқырауы» емес, қауіпсіздік туралы

теориялық білім жүйесінің философиялық негізінің дұрыс, жүйелі қалыптасуы қажет. Осыған байланысты осы теориялық мәселені шешудің қажетті шарты оны тек түсіну ғана емес, философиялық негіздемені талап ететін оның сол бөлігінің ажыратылуы болып табылады.

Әдебиет:

1. Насимов М. О., Қалдыбай К. К., Паридинова Б. Ж. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі (саяси-философиялық талдау). Ұжымдық монография — Алматы, 2015. — 14 б.
2. Hwang Soonil. Metaphor and Literalism in Buddhism. The doctrinal of nirvana. Publisher: Oxford University Press. Place of Publication. — Oxford: Publication Year, 2006. — P. 160.
3. Suhova A. D. The introduction of Christianity in Russia. — М.: Thought 1987. — P. 300.
4. Голдсмит О. Гражданин мира, или письма китайского философа, проживающего в Лондоне, своим друзьям на Востоке. — М.: Наука, 1974. — С. 64.
5. Мынбаев М. Идеология деструктивных сект и религиозного терроризма в Казахстане. // Ұлттық қауіпсіздік аясындағы діни сәйкестілік мәселесі: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75-жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. — Алматы, 2008. — 46 б.
6. Сатершинов Б. Ислам дінінің қазақ даласына таралу ерекшеліктері // Әл-Фараби. Философиялық-саясаттанулық және рухани-танымдық журнал. — 2012. — № 1 (37). — 58 б.
7. Qur'an. Translation and Commentary IY Krachkovskogo. — Vladivostok: Yazichi, 1990. — P. 744.

Еліміздің рухани қауіпсіздігіне төнер ықтимал қатерлер және оның алдын-алу жолдары

Садуов Бекзат Нұралыұлы, философия ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Туркестан қаласы, Қазақстан)

«Алдын Алу» құбылысы «қауіпсіздік» ұғымының біріншіден, философиялық тұрғыдан алғанда түпмәні, екіншіден, саяси тұрғыдан алғанда, аса қажеттілігі, үшіншіден, логикалық тұрғыдан алғанда, импликациясы, төртіншіден, әлеуметтік-тәжірибелік тұрғыдан алғанда, қарапайым қоғамдық санада өлшемі бойынша қарастырғанда өмір ережесі деуге болады. Олай болса, алды алынбаған, сақтанбаған қауіп пен қатер, түптеп келгенде, өзінің мағынасын өзі қайталап, зардабын тигізбей қоймасы хақ. Сондықтан, қауіпсіздік мәселесі үнемі оның алдын алумен шартталады және өзінің жағымды мағынасын бере алады да, оңды түп нәтижеге келіп тоғысады.

Бірақ бұл тұста, алдымен, қарастырылып отырған мәселенің, яғни, ұлтымызға, мемлекетімізге келетін қатерлерді болжаудың өзіндік қиыншылықтары мен сұранып тұрған қажеттіліктерін атап өтуіміз керек.

Қиыншылықтары:

Жалпы болашақты болжау адамзат тарихында, жүз пайызға сай келетіндей нәтижені бермегендігі түсінікті. Қаншама дәл болжанған жорамалардың өзі келешекпен таза абсолютті сәйкес емес болып шығады. Сондықтан да, қандай әдіснамалар мен құрылғыларды пайдалағанғанның өзінде, ол тура сәйкес емес, болжам неғұрлым алыс бо-

лашақ болған сайын, соғұрлым, қателесу мүмкіндігі арта түседі, сәйкесінше, неғұрлым жақын болған сайын, шындыққа сәйкестігі де арта түседі.

Дегенмен, кез-келген қозғалыстың беталыстарына, бағыттарына қарап, нақты болжамдар жасау ғылымда қолданылады. Мысалы, жерге жақындап келе жатқан астеройдтың қозғалыс траекториясына қарап, оның жерге қанша уақытта келіп жететіндігін есептеп шығаруға қазіргі жаратылыстану ғылымдарының мүмкіндігі бар, немесе, адам жатырындағы ұрықтың есейе келе, ұл не, қыз екендігі анықталып, болжанады, оны әр түрлі құрылғылар арқылы дәл анықтауға мүмкіндік береді [1].

Ал біз қарастырып отырған қоғам дамуын болжау, көбіне бұндай құрылғылар арқылы анықталмайды десе де болады. Себебі, тарихтың дамуының арнайы заңдылықтары жоқ және алдағы қоғам дамуын модельдеу де тым абстрактілі болып келеді.

Қажеттіліктері:

1. Ұлттық қауіпсіздіктің негізгі мақсаты, оның алдын алу, бәрібір болашақтағы қатерлерді болжаусыз мүмкүн емес. «Қатер» мен «Қауіп» түсініктерінің өзі олардың алдын алумен келіп шартталады. Мысалы, қазіргі кездегі біздің елімізге де келіп жеткен діни экстремизм мен терроризмнің болжану деңгейі нақты болды деп айта ал-

маймыз. Шындығында, оны алдын ала болжап, «болған күннің өзінде не істейміз» деген нақты сауалдар бойынша жоспарлар құрылуы тиіс еді. Сондықтан біз, қарастырып отырған негізгі тақырыбымыз бойынша: «Ұлттық қауіпсіздік — Қатерлерді болжау» тізбегін құрамыз және екі құбылыстың қашанда қатар жүруі тиіс екендігін, тіпті ол арнайы біртұтас ұғым ретінде қалыптасуы қажеттігін пайымдаймыз. Демек, екеуі бірінсіз-бірі болмайтын импликациялы түзілім құрауы тиіс екендігін қайталап айтамыз.

2. Елбасы айтқандай, тарихи уақыттың жеделдеуі, заман ағымының тездігі, үшінші индустриялық төңкеріс пен жаһандану заманы т. б. алдағы қауіптерді болжауды өздігінен сұранып тұрғандай болады. Осыған байланысты, Елбасы ұсынған: «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» стратегиялары болашақтағы 2050 жылға дейінгі дамудың жан-жақты сипатын ашып беруге арналған, бірақ ол құр болжам емес, нақты мұраттарды көрсететін қолжетімді саяси-мемлекеттік бағдар. Екіншіден, ол болжамдаудан гөрі нақты жоспарлау болып табылады. Елбасы бұл жолдауларында да қауіпсіздік мәселелеріне тоқталғандығын жоғарыда айтқанбыз, ендеше, келесі кезекте, біз оның философиялық қырларына тоқтала отырып, оны жетілдіре түсудің жолдарын ұсынамыз.

3. Жалпы болашақты болжау, оның ішінде қатерлерді болжау, жалпы адамзат тарихында, оның ішінде ұлыстар мен империяларда кездесетін жайт. Бірақ ол ғылыми тұрғыда болмаса да, саяси-әлеуметтік ұстанымдар түрінде біздің халқымызда да билер мен бақсылар арқылы болжанған. Тіпті ол қарапайым қоғамдық санада, күнделікті өмірде әрбір адамның қатерлерді болжауынан да анық көрінеді. Олай болса, қатерлерді болжау адамзат идеалы мен болашағының ажырамас қасиеті (атрибуты) деп айта аламыз. Сондықтан да, бүгінгі біз қарастырып отырған мәселенің түптамасы табиғи-тарихи құбылыс болса, екіншіден, ол ғылыми-философиялық негізде құрылуы тиіс [2].

Осы тұста, алдын-алудың ғылыми-теориялық негіздемесі әлеуметтанулық және философиялық арналармен, олар даму тарихында ұсынған әдіснамалармен келіп тұтасады. Сондықтан, қарастырып өтетін мәселелеріміздің нақты сатыларын былайша құрып алғандығымыз жөн және әрбір сатыдан, өзімізге қажетті әдіснамалық-теориялық бағдарларды анықтап алатын боламыз:

— бұл тұста әлеуметтанудағы болжамдау, біз қарастырып отырған мәселеге тікелей қатысты болғанмен, оның түптөркіні, субстраты философиялық болжамдаудан туындайды. Сондықтан, біз қойылып отырған мәселені нақтырық ашу үшін алдымен, философиядағы болашақты болжау іліміне тоқталып өтуіміз қажет;

— одан соң келесі кезекте, әлеуметтанудағы болжамдау мәселесін шолып өтіп, қауіп-қатерді болжамдауға қарай ойысамыз;

— қоғамдық қауіпсіздікті таразылағаннан кейін оның үлгілерін ұлтымыз бен мемлекетімізге көшіре отыра оның өзіндік ерекшеліктерін таразылау қажеттілігі туындайды;

— сондықтан, еліміз үшін болашақта болуы ықтимал қатерлер болжамданады да, оның алдын алудың қандай үлгілері құрылуы тиіс екендігі таразыланатын болады;

— келесі кезекте, оны шешу жолдарын табу үшін философиялық ұстанымдар тізбегі құрылуы тиіс деп айта аламыз.

Жалпы болжамдау, барлық ғылымдарда, дін мен өнерде т. б. бастап, ғылыми емес білімдерде және күнделікті өмірде кездесетін жайт. Бірақ болжамдауды арнайы қарастыратын және болжамдар ұсынатын философиялық ілім — футурология деп аталады.

Рухани қауіпсіздік бойынша ықтимал қатерлер. Біздіңше, болашақта болуы ықтимал ұлттық қауіпсіздік мәселелерінің бірі — рухани-моральдік дағдарыстар болуы ықтимал. Ол бүгінгі таңда анық байқалып келеді және рухани құлдыраушылық беталысы бар екендігі де әлеуметтік шындық. Мәселе, осы тұстан туындайды. Адамгершілік құлдыраушылық жалпы алғанда моральдік мәселе болғандықтан, ол заңмен реттелмейді. Осыдан, іргелі түйткілдер туындайды: «бұл құрылым қазақ қоғамында бұрын қалай реттелген?».

Моральдік ұстанымдар әдет-ғұрып пен салт-дәстүр арқылы реттелген, ол жай ғана адамгершілік ұстанымдар емес, белгілі бір деңгейде құқықтық-нормативтік ережелер болып есептелген. Яғни, бүгінгі мораль деп атап жүрген қағидаттардың біраз бөлігі бұрынғы қазақ қоғамында «заң» түрінде бекітілген, ал бұзылған жағдайда «Ата-баба аруағын қорлады» деген айыппен арнайы жазаға кесілген. Демек басты мәселе, моральдік ұстанымдардың заңмен реттелуі тиіс аясы тарылып, жай ғана этика мен адамгершілікке айналып кеткендікте болып отыр [3]. Шындығында, моральдік құлдыраулар әрбір адамның жеке басының ісі, ол үшін ешкімді де жазауға болмайтын сияқты болып көрінгенмен, түбі іргелі саяси-әлеуметтік ахуалдарға алып келетін сыңайлы. Сондықтан да, болашақта мұндай моральдік құлдыраулар жалғаса беретін болса, оның кейбір қырларын арнайы заңмен реттеу қажеттілігі туындайды деген сөз. Себебі, ұлттық тәрбие, дін сияқты әлеуметтік институттардың бүгінгі таңда моральдік құндылықтарды өз дәрежесінде сақтауға толықтай қуаты жетпей отыр деуге де болады. Сондықтан да оған заң көмектесуі тиіс деген пікір ұсынамыз.

Әлемнің кейбір елдерінде моральдік құлдырау белгілерін арнайы заңдастыру үдерісі жүріп жатыр: бір жыныстылардың некесі, жезөкшелер үйі т. б. Бұлардың қазақ қоғамына мүлде жат екендігі белгілі жайт, мәселе, оларды «заманның ағымы» деп бұркемелемей, сақтану қажеттігі туралы болып отыр. Болашақта біздің елімізде де моральдік құлдыраулардың тым күшейіп кетіп, адамдардың бұл тұрғыдан алғанда «биороботтарға» айналуы ықтималдығы бір уақыттарда іргелі, тіпті саяси мәселеге айналуы қауіпін туғызып отыр.

Рухани қауіпсіздіктің тағы бір түрі — тіл мәселесі. Ол бір қарағанда өздігінен-ақ белгілі нәрсе сияқты болып көрінеді, бірақ бұл тұста біз оның басқа қырын ұсынғалы

отырмаз. Қоғамдық санада айтылып жүргендей, қауіп үш тұғырлы тілде ғана емес, ғылыми-техникалық прогресс арқылы туындайтын және еріксіз түрде қабылданатын жаңа терминологияларда болып отыр. Техника неғұрлым дамып, қоғамдық өмірге енген сайын тілдік лексиконымыз да соғұрлым терминдене бастайды, мысалы, бүгінгі таңда біздің қолданылатын күнделікті сөздік қорымыздың 10—15 пайызы техногендік дамудың салдарынан енген терминология болатын болса, осы беталысты негізге алып, модель жасасақ, бірте-бірте 20—30 пайыз, одан 70—80 пайыз, тіпті 90 пайыз терминдерден құралатын болса, онда тіліміздің «ана тілі» деңгейі қаншалықты дәрежеде мәртебеленіп тұрады деген сауал туындайды. Алыс болашақта қарапайым күнделікті құбылыстардың барлығы «тамақтану», «жүру», «бару», «отыру» т. б. терминденіп кетуі ықтимал. Міне, басты қауіп осында жатыр. Бұдан, «әлемдік және ғылыми терминдерді қазақшалау қажет пе, қажет емес пе» деген сияқты сауалдардың шешімі өздігінен-ақ туындайды. Демек, болашақта тек біздің елімізде ғана емес, барлық ұлттық мемлекеттерде де «терминдермен күрес», нақтырақ айтқанда, терминдерді ұлттық тілге аудару науқаны басталуы ықтимал деп болжамдай аламыз. Сондықтан «біз де осы шараны қашан және қалай қолға алуымыз қажет» деген сауал туындайды. Осы тұста, әлде, бұл ұлттық тілдердің табиғи түрде өздігінен

жойылып кетуі болып шыға ма деген екінші нұсқа да ұсынылады.

Рухани қауіптердің тағы бір түрі — жастар арасындағы білімсіздік, әсіресе, ғылым аймағындағы білімсіздік. Бұл бір қырынан алғанда, жалпы әлемдік үдеріс, екінші бір қырынан алғанда жай ғана миф сияқты болып көрінеді. Жастар арасындағы полиглоттық, шет елдерде оқу, компьютерлік технологияны жетік меңгеру т. б. білімділік пен интеллектінің өлшемдері бола алмайды, жай ғана иллюзия немесе сол білімділіктің алғышарттары ғана. Сондықтан да болашақта, өмір сүруге және мәселені шеше білуге бейім, бірақ Абай сынды даналарымыздың еңбектерімен, идеяларымен мүлде таныс емес, тек атын ғана естіген ұрпақтар легі қалыптасуы ықтимал. Бұның зардаптары: рухани-моральдік дағдарыстардың өршуіне, отандық ғылымының кенжелеп қалуына, ұрпақтар сабақтастығы арқылы бірте-бірте мүлде құлдырай беруге т. б. алып келеді. Яғни, ең қауіптісі де осы соңғысы: бұл — бүгінгі білімсіз ұрпақ ертеңгі білімсіз ұрпақты өсіріп шығарудың шарты дегенге келіп саяды [4].

Жоғарыда атап өткендей, болашақты болжамдау күрделі мәселе болып табылады, дегенмен, біз қатарлардың жалпы бағдарларын ғана көрсеттік және болжамдар осымен тәмамдалды деуге де болмайды. Себебі, ол болашақта да аса маңызды және ғылыми-теориялық тұрғыдан арнайы және терең зерттелуді қажет ететін бағыт болуы тиіс.

Әдебиет:

1. Насимов М. О., Қалдыбай К. К., Паридинова Б. Ж. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі (саяси-философиялық талдау). Ұжымдық монография — Алматы, 2015. — 162 б.
2. Философский энциклопедический словарь. — М.: Сов. энцикл., 1983. — 840 с.
3. Философиялық энциклопедиялық сөздік. — Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. — 527 б.
4. Футурологиялық зерттеулердің теориясы мен әдіснамасы мәселелерін жүйелеудің кейбір мәселелері // «Шүлембаев оқулары» ғылыми-практикалық конференция материалдары. — Алматы: ҚазНПУ им. Абая, 2012. — 407 б.

Орта ғасырлар мәдениеті аясындағы қауіпсіздік жөніндегі философиялық көзқарастар

Тулеев Максат Тулендиевич, магистр, аға оқытушы
Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ. (Туркестан қаласы, Қазақстан)

Ортағасырлар ойшылдарының пікірлерінің қазіргі көрінісі Ежелгі дүниедегі секілді осы кезеңге дейін жеткен деректер негізінде нақтыланды. Бұл кезең идеологиясы діни ұстанымдарға негізделген сипатқа ие. Дәуір схоластикалық және софистік пікірлермен ерекшеленіп, діни-этникалық және авторитарлық нормалар ұстанымы күшейді. Бұл Антикалық дәуірдің соңғы кезеңдерінде әлемде діншілдікке бет бұрыс қайта басталғандығын көрсетеді. Халық күрделі өмірлік мәселелерін шешу жолында дін саласына жүгінді.

Орта ғасырлар кезеңі идеологиялық жағынан христиан дінінің бекітілуімен сипатталады. Сондықтан қауіпсіздік туралы түсінік діни дүниетаным негізінде қалыптасты. Тертуллиан пікірінше, адам жеке күштерге сенім артпауы тиіс, өйткені өз ырқынан тыс қауіптіліктен айырылып қалу мүмкін. Сонымен қатар, ол былай деп пайымдайды: «Үрей құтқару жолының негізі, ал өзіне-өзі сенімділік үрейге келдірді [1]. Өз адамгершілігіне сенудің қажеті жоқ: сенімсіздік бізге үрей әкеледі, үрей бізді қауіпті тануға баулиды, сондықтан біз қауіптен құтыла аламыз, егер біз

өзімізге сенсек, құлаудан құтыла алмасымыз анық, кімде кім уайымсыз және тыныш өмір сүрсе, өзін қауіпсізбін деп есептей алмайды. Барлығына қауіптенетін және әр нәрсеге дайындар шын мәнінде өзін сенімді сезінеді» [2].

Аврелий Августин де қауіпсіздік мәселесін үрей түсінігімен байланыстырады. Оның пікірінше: «Өзгеше және күтпеген бақытсыздықтан қорқатын үрей алдын ала қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ойлайды. Сен үшін не өзгеше? Нені күтпейсің? Сенен өзің жақсы көретін затты кім алып қоя алады? Сенен басқа қандай жерде қауіпсіздік бар?» [3].

Ортағасырлардағы батысеуропалық ойлардың дамуына өзінің оң ықпалын итальяндық монах Фома Аквинский тигізді. Оның негізгі еңбектерінің бірі саналатын «Теология жинағы» атты еңбегінде экономикалық категорияның моральды-этикалық сипаты берілді. Экономикалық мәселелердің діни-этикалық әдістерін қалыптастырған еңбектерінде догматтық принциптер орын алды. Сонымен қатар, бұл еңбекті әлі күнге дейін Ватикан кеңінен пайдаланып жатқан католицизмнің энциклопедиясы саналады.

Ол өз дәуірінің мүмкіндіктерін ескере отырып, қоғамның сословиелік бөлінісі кезіндегі әлеуметтік теңсіздік мүмкіндіктерін салыстырмалы түрде талдайды. Ежелгі канонистерге қарағанда, Ф. Аквинский қалалық қолөнер өндірісі, алғашқы сауда операцияларын күнә ретінде қарастырмайды. Әдістемелік позициядан қарағанда, философ көзқарасы бұрынғы канонистер пікірлерімен бірдей. Дегенмен, ежелгі канонистер қасиетті жазбалар мен шіркеу мәтіндерін қатаң түрде қабылдап, экономикалық категориялар мен құбылыстарды моральды-этикалық әдістеріне негіздейді.

Аталмыш еңбегінде ол еңбекті қоғамдық бөлу, жеке меншік, сауда, «ақиқат баға», табыс, жер рентасы, процент секілді экономикалық мәселелерді қарастырады. Оның пікірінше, еңбекті қоғамдық бөлу табиғи жаратылыстық құбылыс болып табылады. Жеке меншікке Ф. Аквинский жеке шаруашылықты жатқызып, адам табиғатынан байлық иеленуіне құқығы бар. Сондықтан өз қажеттілігінді қанағаттандыруға қажет меншік адамзат өміріндегі қажетті институт болып табылады. Ол жер рентасы мәселесін толық қолдап, табыс пен процентке қатысты екі жақты пікір ұстанады. Бір жағынан ол екеуінің жағымсыз жақтарын айтып, екінші жағынан табысты еңбек үшін төленген ақы ретінде қарастырады [4].

Әл-Фараби «Қайырымды қала» атты еңбегінде «адамдар шынайы бақытқа тек қайырымды қалада ғана қолы жетеді» деп тұжырымдай келіп, Қайырымды қаланың келбетін аша түсу мақсатында адамдар қоғамдастығы шоғырланған қалаларды классификациялап бөледі. Қайырымды қалада алдарына іс-әрекеттің өзара жәрдем көрсете білу мақсатын қойған қоғамдастығы бар қала халқы ғана бақытқа жете алады. Әл-Фараби шынайы бақыт жолында *ынтымақтастық* жолы ерекше дейді [5].

Қазіргі қоғамда ынтымақтастықты қалыптастырудың негізгі факторы ретінде тұрақтылықты атай аламыз. Тұрақтылықты қамтамасыз ету қоғамдық және гумани-

тарлық ғылымдар институттарының маңызды қызметі болып табылады. Осы мақсаттарды орындауда қоғамдық өмірде түрлі механизмдер қолданылады. Тұрақтылық түсінігін саяси жүйеде қолдану барысында ол ішкі және сыртқы өзгерістер шарттарында өз құрылымын сақтап, тиімді қызмет пен дамуға жол ашатын ұғымды білдіреді. Теорияға сәйкес, тұрақты саяси құрылым қоғамның көп бөлігі сол жүйені қолдауда жоғары деңгей танытумен қатар, билік пен халық арасындағы қатынастардың келісімдік түрде жүргізілуін айшықтайды.

Ғалымның «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» атты трактатында қалаларды қалай басқару керектігі туралы, олардың көркеюіне, ондағы тұрғындар тұрмысының жақсаруына көмектесу, оларды бақыт жолына бағыттап отыруға қатысты ерте заман ойшылдары айтқан көптеген негізгі қағидалары қамтитын нақыл сөздер берілген.

Ізгі қала бес түрлі адамдардан құралады: ең құрметті адамдардан, шешендерден, өлшеушілерден, жауынгерлерден және байлардан. Ең құрметті адамдар санатына даналар, пайымдағыш адамдар, маңызды істерде беделді болатын адамдар жатады. Олардан кейін діни қызметкерлер мен шешендер, атап айтқанда, дін уағызшылары, сөз шеберлері, ақындар, музыканттар, хатшылар және солар сияқтылар да солардың тобына жатады. Өлшеушілер дегеніміз — есепшілер, геометрлер, дәрігерлер, астрологтар және басқа сондайлар. Жауынгерлер дегеніміз — жасақшылар, сақшылар және соларға ұқсастар солардың тобына жатады. Байлар дегеніміз — қалада байлық табатындар: егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер және басқа сондайлар.

Саяси жүйенің дамуына көптеген факторлар ықпал ететіні белгілі. Олардың арасында жеткілікті түрде интеграция мен тұрақтылықтың жоғарғы деңгейіне жеткізетін, қоғамда қалыптасқан жалпы саяси білім мен құндылықтарды реттейтін индивидтерді *әлеуметтендірудің* орны ерекше. Қоғамдық ғылымдарда әлеуметтендіру түсінігі көп жағдайда екі аспектіде зерттеледі. Біріншіден, әлеуметтендіру теориясы қоғамда ортадағы индивидтерді әлеуметтендіруді суреттейді және түсінігін береді. Екіншіден, ғылыми теориядағы әлеуметтендіру ғылыми негізде толық қалыптасқан ұғым. Көптеген психологтар бірінші түсінікті қолдай келе, әлеуметтендіру терминін көзқарастар, идеялар мен нормалар процесі ұрпақтан ұрпаққа жалғасады деп түсіндіреді.

«Қайырымды қаланың тұрғындарының көзқарастар жайындағы» трактатында әл-Фараби Бірінші Тұлғаға төмендегідей сипаттама береді: «... барлық жеке біткеннің өмір сүруінің бастапқы себебі. Жалғыз сол ғана кемшіліктен ада: басқа жан біткеннің бәрінде — Одан басқасында — ең болмағанда бір кемшілік немесе бірнеше кемшілік бар. Ал Біріншіні алатын болсақ, ол мұндай кемшіліктің бәрінен ада, өйткені оның тіршілігі кәміл және болмысында басқасының бәрінен озық...» [6].

Осыдан лидерлік феноменіне қызығушылық туындайды. Әлеуметтік процестегі басшы, лидердің орны мен рөлі, тарихтағы объективті және субъективті фак-

торлар диалектикасы мен қоғамдық өмір диалектикасын айқындау әл-Фарабидің зерттеу еңбектерін оқығаннан кейін орын алады. Қазіргі әлемдегі қоғамдық дамудың маңызды мәселесі ретінде лидерлікті түсіну болып табылады. Қоғам өзіндік қажеттіліктері мен мүдделері, идеалдары, білімдері, тәжірибесі, құндылықтары, эмоциялары мен мәдениеті бар субъектілер мен объектілерден құралады. Лидерліктің мәселесі нақты шарттар мен бостандықтар қалыптасқанда ғана туындайды. Оның ажырамас негізгі алғышарттары ретінде қазіргі қоғамдағы плюрализм, көппартиялық, партия ішілік және партияның сыртқы қызметін таниды.

А. Йүгінекидің әлеуметтік-саяси көзқарастары оның «Ақиқат сыйы» еңбегінде көрініс табады. «Білімдінің сөзі үгіт, насихат, үгіт-өнеге», — дейді бір сөзінде білімдар ақын. Бақыт жолы білім арқылы білінетіні, білімді азамат қоғам үшін бағалы, ал білімсіз наданның құны жоқ екендігі туралы баян етеді. Демек, білімді салғыртсынбай үйрену арқылы қоғам өмірінің алға жылжитындығына көзімізді жеткізеді. Азаматтарға сөзбен ықпал ету тек білімдінің қолынан келетіндігін түсінеміз.

«Егер өкіметке қолың жетсе, мақтанба», «Бастық болсаң, жайсаң бол, кәріге де, жасқа да құрмет көрсет», — деген пікірлері сол кезеңдегі басшыларға айтылған кеңесі секілді. Бүгінгі күнде лидерлік мәселесі барлық ғылымдарда толыққанды зерттелуде. Мәселен, психология лидердің тұлғалық ерекшеліктерін зерттейді. Әлеуметтану лидерлікті әлеуметтік жүйенің негізінде қарастырады. Әлеуметтік психология лидерлікті әлеуметтік және психологиялық факторлардың өзара қызметтік процесі ретінде зерттейді.

Сопылық дидактикалық сарындағы әдебиеттің негізін қалаушылардың бірі, ойшыл, ғұлама, ақын, Ясаудің атақты төрт шәкіртінің бірі, халық арасында «Әкім ата» деген атпен белгілі Сүлеймен Бақырғани сопылық поэзияны жалғастырып, діни хикметтер жазған және елжұртын имандылыққа, адамгершілікке үндеген. «Ақырзаман» дастанының мазмұндық желісін Тажал мен Мәдінің күресі, ақырзаман белгілері, махшар күні мен Мұхаммед пайғамбардың (ғ. с.) өз үмбеттерін тозақ отынан құтқаруы құрайды. Ал «Бибі Мәриям» дастанында ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік, Аллаға құлшылық ету, Хаққа деген шексіз сенім бейнеленіп, Мұхаммед, Иса пайғамбарлардың (ғ. с.) үмбеттерінің қамын ойлауы басты назарда ұсталған.

Әдебиет:

1. Насимов М. О., Қалдыбай К. К., Паридинова Б. Ж. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі (саяси-философиялық талдау). Ұжымдық монография — Алматы, 2015. — 22–23 б.
2. Тертуллиан Квинт Септимий Флоренский. Избранное сочинение / сост. А. А. Столярова. — М.: Прогресс, 1994. — с. 350.
3. Аврелий Августин. Исповедь <http://www.azbyka.ru>.
4. Лукасьян Г. М., Нинциева Г. В. История экономической мысли. — М., 2003. — с. 19.

Сүлеймен Бақырғани шығармаларының басты тақырыптары сопылық ағым қағидалары, Аллаға деген сүйіспеншілік, оны мадақтау, Аллаға құлшылық етуге, исламның шарттарын мүлтіксіз орындауға шақыру. Шығарманы ежелгі дәуір әдебиетіне тән Аллаға мадақ айтудан бастап, соңында автордың өзі туралы мәлімет беруі, кейіпкерлердің аса мінсіз болып суреттелуі, сұлулықты асыл тастарға теңеу сияқты дәстүрлер Сүлеймен Бақырғани шығармаларынан да байқалады.

Бақырғани бұл еңбектері арқылы шығыс халықтарының тұрмысы мен тыныс-тіршілігі, тарихы мен мәдениетін танымал ете түседі. Еңбектерінде этика мен эстетика мәселелері талданып, адамзат рухының гармониясы айқындалады. Ол әсемдікті суфизм тұрғысынан қарастырады. Оның пікірінше сұлулықтың үш түрі бар: Алла тағаланың абсолютті сұлулығы; Жаратушы сұлулығының шуағы болып табылатын Жер сұлулығы; Рухани сұлулық.

Мемлекет қайраткері, әскербасы, тарихшы, ақын, жаратылыстанушы, этнограф, дипломат М. Х. Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегі Орта Азия халықтарымен қоса, Үндістан, Тибет, Ауғанстан, Иран секілді мемлекеттердің халықтарының тарихи, географиялық, топономикалық, этнологиялық жағын зерттеуде деректік мәні зор.

Еңбек құрылымында тарихи өмір шындықтары, мемлекет тарихы, мемлекетті басқару, мемлекет қайраткерлерінің саяси, азаматтық келбеті, өнер мен білім, мәдениет, дін, заң, жаратылыстану және басқа ғылым салалары бойынша мол мағлұматтар беріледі. Автор нақты өмір құбылыстарын, олардың белгілі бір ортақ немесе дара ерекшеліктеріне, заңдылы аттарын көркемдеп баяндайды, оларды талдап, саралап, тиісті жерінде пікір түйіп, өз ойларын да ұсынып отырады. Ол өзі көрген, естіп не оқып білген өмір құбылыстарын тұтасып, жалғасып, өзара байланысып, сабақтасып жатқан күйде суреттейді, болған оқиғаның, істің сипатын, мазмұнын, мезгілі мен мекенін, себебі мен салдарын, орындалу амалы мен құралын, пәнін, тағы басқаларды көрсетеді [7]. Бүгінде бұл кітап барлық мәдениетті елдердің тіліне аударылып, мәңгі өшпейтін дүние жүзілік әдебиет мұрасының бірі болып отыр.

Демек, орта ғасырдағы қауіпсіздік мәселесінің қозғалуын мынадай екі арнада бөліп көрсеткеніміз жөн: біріншісі, батыс еуропалық схоластикаға сәйкестенетін құдайшылдық пен жазалаушылық, екіншісі, араб-мұсылмандық орта ғасыр мәдениетіне сәйкестенетін құдайшылдық пен руханияттық.

5. Мекежанов Б. У. Әл-Фарабидің адамдар қоғамдастығы жайындағы классификациясы // «Әл-Фарабидің шығыс халықтарының мәдениеті мен ғылыми тарихындағы орны» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. — Алматы, 1994. — 3 б.
6. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. — Алматы: Ғылым, 1973. — 220 б.
7. Жүншеев Р. Е., Төкенов Ө. С., Ізтілеуов А. Ә. Философия. — Тараз, 2007. — 250 б.

Молодой ученый

Международный научный журнал
Выходит два раза в месяц

№ 8.9 (112.9) / 2016

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Главный редактор:

Ахметов И. Г.

Члены редакционной коллегии:

Ахметова М. Н.
Иванова Ю. В.
Каленский А. В.
Куташов В. А.
Лактионов К. С.
Сараева Н. М.
Авдеюк О. А.
Айдаров О. Т.
Алиева Т. И.
Ахметова В. В.
Брезгин В. С.
Данилов О. Е.
Дёмин А. В.
Дядюн К. В.
Желнова К. В.
Жуйкова Т. П.
Жураев Х. О.
Игнатова М. А.
Коварда В. В.
Комогорцев М. Г.
Котляров А. В.
Кузьмина В. М.
Кучерявенко С. А.
Лескова Е. В.
Макеева И. А.
Матвиенко Е. В.
Матроскина Т. В.
Матусевич М. С.
Мусаева У. А.
Насимов М. О.
Прончев Г. Б.
Семахин А. М.
Сенцов А. Э.
Сенюшкин Н. С.
Титова Е. И.
Ткаченко И. Г.
Фозилов С. Ф.
Яхина А. С.
Ячинова С. Н.

Международный редакционный совет:

Айрян З. Г. (Армения)
Арошидзе П. Л. (Грузия)
Атаев З. В. (Россия)
Ахмеденов К. М. (Казахстан)
Бидова Б. Б. (Россия)
Борисов В. В. (Украина)
Велковска Г. Ц. (Болгария)
Гайич Т. (Сербия)
Данатаров А. (Туркменистан)
Данилов А. М. (Россия)
Демидов А. А. (Россия)
Досманбетова З. Р. (Казахстан)
Ешнев А. М. (Кыргызстан)
Жолдошев С. Т. (Кыргызстан)
Игиснинов Н. С. (Казахстан)
Кадыров К. Б. (Узбекистан)
Кайгородов И. Б. (Бразилия)
Каленский А. В. (Россия)
Козырева О. А. (Россия)
Колпак Е. П. (Россия)
Куташов В. А. (Россия)
Лю Цзюань (Китай)
Малес Л. В. (Украина)
Нагервадзе М. А. (Грузия)
Прокопьев Н. Я. (Россия)
Прокофьева М. А. (Казахстан)
Рахматуллин Р. Ю. (Россия)
Ребезов М. Б. (Россия)
Сорока Ю. Г. (Украина)
Узаков Г. Н. (Узбекистан)
Хоналиев Н. Х. (Таджикистан)
Хоссейни А. (Иран)
Шарипов А. К. (Казахстан)

Руководитель редакционного отдела: Кайнова Г. А.

Ответственный редактор: Шульга О. А.

Художник: Шишков Е. А.

Верстка: Бурьянов П. Я., Голубцов М. В.

Статьи, поступающие в редакцию, рецензируются.
За достоверность сведений, изложенных в статьях, ответственность несут авторы.
Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов материалов.
При перепечатке ссылка на журнал обязательна.

Материалы публикуются в авторской редакции.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

почтовый: 420126, г. Казань, ул. Амирхана, 10а, а/я 231;

фактический: 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, д. 25.

E-mail: info@moluch.ru; <http://www.moluch.ru/>

Учредитель и издатель:

ООО «Издательство Молодой ученый»

ISSN 2072-0297

Подписано в печать 10.05.2016. Основной тираж номера: 500 экз., фактический тираж спецвыпуска: 45 экз..
Отпечатано в типографии издательства «Молодой ученый», 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, 25